


**ЭЛИМАНОВ
Жұмажан Нұртайұлы**

ҚАЗАҚ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ



ӘЛИМАНОВ ЖҰМАЖАН НҰРТАЙҰЛЫ

Қазақ болғым келеді

Карағанды қаласы – 2018 ж.

ББК 84 Қаз 7-5

Н 12

ӘЛИМАНОВ ЖҰМАЖАН НҰРТАЙҰЛЫ

Н 12 Қазақ болғым келеді.

Қазақ болғым келеді атты бұл шағын жинақта қазақ елінің пәниден бақиға дейінгі өмірде ұстанған салт--дәстүрі әңгіме болады. Автор бабасының басында шырақшы бола отырып, озіне қойылған сұраққа жауап беруғе тырысқан. Кітап Алладан қорқып, ата—бабасының әруағын силап ділін құрмет тұтар барша ұл—қызға көрсетілғен сара жол. Жинақ копшілік оқырманға арналған.

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-485-94-25

Қайтадан қайырылып қауымга келмейсін,
Барыңды, нәрінді тірлікте бергейсін.
Ғибрат болар артыңа із қалдырсан
Шын бақыт—осыны ұқ мәңгіге.
ӨЛМЕЙСІН. ШАҢКӘРІМ қажы.

- Армысыз Аға, баба басында істеген
қызметіңіз, ниетіңізді Аллам қабыл қылсын.
Рұқсат болса сізге біраз сауал қойсам деп едім.
Әуелі сөз басы болсын, бабаңыз туралы қысқаша
мәлімет бере кетсеңіз.

- Бабам Оразғұлұлы Сенкібай би, өз
заманында ел шетіне жау келгенде кеудесін
тосып, еліне айбар, жеріне қорған болған батыр,
ел ірғесі аманда алдына дау келгенде әлсізді
әлдіден қорғап әділ би - Биата атанған,
озбырлардан обал мен сауапты арашалаған, жоқ-
жұқанаға медеу, зарыққанға демеу, асып—
тасқанға тосқауыл, асауға тұсау, телі мен
тентекке құрсау болған, Алланың өзіне берғен
қуатымен болмасты болдырып, қонбасты
қондырған, ауызынан шыққан сөзі қабыл болған

шарапатты әулие атанған, ұлысқа аты ұран болған, Қарашор елінің иесі, жерінің киесі. Абылай ханның жеке жасағын басқарған мыңбасы, Бөгөнбай батырдың қосынында болып Аңыракай, Беленті-Бұланты, Шұбартеңіз шайқастарында ерлік көрсетіп батыр атанған. Қасиетті Түркстан, Шәш қалаларын жау қолынан босатуға қатысқан. 1748-50 жылдары Қаракесек тайпасының бір бұтағы, Қара—Шор елін Сарыарқаға бастап әкелін, Қарқаралы тауын айналдыра қоныс әперген Қарашордың көсемі. 1737 жылы Әбілқайыр ханның елшілігінде Ресейге барған мәмлеғер. 1760 жылдары Қытай жеріне барған Абылайхан елшілігінің құрамында болыпты.

Баба 1709 жылы Сыр бойында дүниеғе келіп, 1786 жылы Арқа жерінде дүние салған. Мазары Талды өзенінің Нұраға құйылысында оң қабакқа орналасқан. Мен жатқан жерге келуғе бөтеннің батылы бармас деп, ұрпақ қамын ойлаған баба, өзін Қарашор руының жерінің

шетіне жерлеуін өсиеттеген. Жатқан жері Тілеуберлі батыр (Бөргөз) атамыздың ұрпақтарының атақонысы.

- Бабаңыздың басында шырақшы болып отыр екенсіз. Шырақшы деген кім? Оның аткарап міндепті не? Сіздің шырақшы болғаныңызга неше жыл болды, және сізді кім тагайындалады? Шырақшы болған адам қандай болуы керек? Соны айтып берсеңіз.

- Шырақшы - деген әулие баба мазарының маңының тазалығын қарап, зиярат етуге келген кісілерге жөн көрсететін адам. Сонымен бірге мәдени құндылық саналатын кесененің, киелі мекеннің халық жадында жаңғырып, ұрпақтар арасынdagы жалғастығының үзілмеуіне де себепкер болып табылады. Шырақшы, әулие басына зияратқа келген адамдарды имандылыққа уагыздал, қазак халқының салт—дәстүрін насихаттап, бұрынғы өткен бабалар өмірінен әңгімелер айтып, жас ұрпақты тәрбиеге тартып жөн—жоба көрсетуге

тиіс. Шырақшы негізінен бабаның өз үрпағынан тағайындалады.

Мен осы бабам басында 2005 жылдан бері шырақшы болып келем. 2005 жылы әулие бабам тұсіме кіріп, аян берді. Тұсімде «Балам менің басыма ие бол, бір жыл алты айда басыма мазар тұрғыз» деп аманат салды.

Пайғамбарымыз Мұхаммет С.Ф. «Менен кейін пайғамбар болмас, ұмбетімнің бар қасиеті тұсінде қалар» деғен екен. Алланың қалауымен, әруақтың қолдауымен 2006 жылы осы мазар тұрғызылды. Мазар құрылышына бабаның үрпактары, бабаның әруағын силаған жұрттың бәрі көмек жасады. 2009 жылы бабаның туғанына 300 жыл толуына байланысты ас беріліп, дүға оқылды. Құдай қаласа алда әлі талай ойға алған іс - шаралар бар.

Атам қазақта «әулиенің әулие болмағышырақшыдан» деғен сөз бар. Әрбір шырақшы болған адам ата - бабадан қалған

салт-дәстүрді жетік білетін, тарихтан хабары бар шежіреші және діннен де хабардар болуға, бәрінен бұрын бабаға жанашыр үрпак болуға тиіс. Сол, 2005 жылғы алған аяннан бастап, бабамның атына лайық Үрпағы болуға тырысып келем. Атамыз қазақ «өлместен бұрын өл » деғен, ертеңгі күнім үшін сауап болар, келешек үрпағым үшін айта жүрер ісім қалсын деп тырысып жүрген жайым бар. Күніне бір адамға жол көрсетін жақсылыққа үндесем Аллам разы болып, бабамның әруағы үрпағымды қолдап, қорғап жүрсе маған одан артық нәрсенің не керегі бар. Артық- кемін бір Алла өзі білер, болмасаң да үқсан бақ деп, Абай атам айтпақшы істеғен іс, сөйлеғен сөз, айткан ойларыммен бабама лайық қызмет жасасам деймін. Бабамың «Бектер кетер бел қалар, қуаңшылық кетер ел қалар» деғен сөзі бар, бәрі де өтер кетер, бір күнгідей болмас. Тек артымда жақсы атым қалсын. Және бабам «Түске дейін үлкен болған

Сеңкібай, тұстен кейін кішіреймес болар» деген. Бұғінгі күнде Бабам қандай бінкке көтерсе де, сол деңғейден тәмендемей, бабамның атына лайық ұрпағы болсам деймін. Және бабамның басындағы шырақшысы ғана емес ата—бабадан қалған салт—дәстүрдің қорықшысы болсам деген мақсат бар. Әрине Аллам қаласа.

- Сізден бұрын бұл бабаның басында шырақшы болған ба?

Бабамыз 1786 жылдары дүниеден қайтқан. Ол бір аумалы—төкпелі заманда кімдер иелік етті оны айта алмаймын. Бірақ 1958 жылы баба ұрпактарының бірі Құдыш атамыз (Мойнақ би ұрпағы) бабаның басындағы тозығы жеткен ескі бейнітті темірмен қоршап, атын жазып көктас қойған. Ол кісіден бұрынырақ атақты ағамыз Әлімхан Ермеков (Оразғұл—Найза ұрпағы) қызығылт мәрмәр тастан белгі қойса керек, ол кейінде із—қайым жоғалған. 1986 жылы Смаилов Дулат ағамыз (Куандық—

Аралбай) басқарып күйдірілғен қызыл кірпіштен төрт құлақты бейіт қалаған екен. Бұл бейіттің салынуына мұрындық болған сол кездегі Шет ауданының бірінші хатшысы Эбаханов Мейрам жездеміздің жұбайы Жақыпбекқызы Кәшім апамыз Оразғұл— Желтау үрпағы) Біз осы бейіттің тозығы жетін кірпіші бори бастаған соң осы күнгі күмбезді мазарды көтердік. Міне, осы кісілердің баба басына жасаған еңбектерін шырақшылық деп айтуға әбден болар.

Өте ерте заманда әулие кісілердің басына тұнғілік шырак жаққан адамдар болған. Бертінде Мәшіүр Жұсіп атаның басында қырық жылдай өзінің келіні Зейнеп апа шырақшы болды. Әрине бұрынғы заманғы шырақшы мен қазіргіні салыстыруға да келмес.

- Зиярат деғеиіміз не?
- Зиярат деғен негізінен қасиетті орындарды, әулиелер бастарын, немесе ата-бабаның жатқан жеріне барып тәу ету. Зиярат ешбір

дінге қатысы жоқ, әр халықтың өз салт—дәстүріне сай күрмет тұтатын ғұрпы. Пайғамбарымыз « Қабірді зиярат етіндер, ол сендерге ахиретті еске түсіреді » деғен. Яғни, қабірді зиярат ету өлімді еске түсіреді, күні ертең барап жерін ойлаған адамнан жамандық шықпас деғен.

- Қасиетті орындар деп нені айтамыз?
- Қасиетті орынға киелі Қағба, Пайғамбар мешіті, Құддыстағы Ақса сарай, Отырар қаласының орыны, көне Сайрам шаһары, Ұлытау өнірі сияқты киелі мекендер, Арыстан бап баба жатқан Арыс бойы, Иссауи баба мен қазақтың қаншама әулиелері жатқан киелі топырақ Түркістанды, Маңғыстау өнірінде жатқан үш жүз алпыс екі әулие мен пір Бекет баба сияқты қазақ елінің төрт тарабында жатқан әулие—әмбиелердің мазарларын айтамыз.
- Әулиелердің мазарын аralаған дұрыс па?

- Менің түсінігімде өте дұрыс. Егер үрпағымыз өз ата-бабаларының кім болғанын білмесе, тінті өз халқының өткенін білмесе, ол Отанын қалай сүюі мүмкін.

Бір дарияда өмір сүрғен бақаны дауыл көтерін құдыққа түсіреді. Сонда құдық ішіндегі бақа құдық ішін төртке бөліп, құдыққа түскен бақадан, сенің дарияң осы төрт бөліктің қайсысындай депті. Сол құдық ішіндегі бақаның түсінігіндей болmas үшін өз еліміздің өткенін жақсы білуғе тиіспіз. Ол үшін батыстың бөшкеғе тығылған Диогені құсамай, еліміздің әр түкпірінде жатқан әулие бабалардың басына барып зиярат жасау керек.

Мәшіүр Жұсіп атамыз айтады: « Егер адам болам десен әуелі отбасына таныл, сосын ауылында таныл, сосын ағайыныңда таныл, сосын барып Аллаңа таныл ». Яғни әуелі өз асылынды күрметте деп түр емес пе. Әулие аралау арқылы сол адамдардың кім болғанын, халқына қалай қызмет еткенін, не үшін оларды

халық силайтынын түсінеміз. Сонымен бірғе елдің, жердің тарихына қанығамыз. Θз асылдарымызды жарқыратпай, басқаның қаңсығына қашанғы таңсық боламыз. Эрбірден соң сол бабаларымыз сияқты елді сүюді, қорғауды ұлтты, тілді құрметтеуді үйренеміз. Менің ойымша Арыстан бап пен, Яссайді, пір Бекет әулиені, Төле би мен Қазбек биді, Эйтеке бабаны мың рет айтқаннан, басына бір барып тәу етін қайтқан қазақ халқының ұлтжандылығын арттырмаса кемітпесі анық. Қазіргі өтпелі кезенде біздің елге жетіспей тұрғаны осы болса керек. Қазақ елінің мәңғі ел болуына керек нағыз рухани азық осы әулиелер басында тұр. Қасиетті Түркістанға зияратка барған әр үрпак, ұлы бабалардың, үш жүздің әулие—әмбиелерінің, батырларының бір орталыққа жерленгенін көрін қайтады. Сол арқылы бабалардың қазіргідей ру-руға бөлінбегеніне көзін жеткізеді. Орталықтан онтүстікке барған арғын баласы Бәйдәбек

бидің басында бабам деп тізе бүгеді. Онтұстіктен, үйсін баласы Бұхар бабаның басына келеді баба деп. Үш жүздің баласы жиылып, Айыртауға арғын Ағынтай мен шапырашты Қарасай батырлардың басына барады. Қос баба, қос батыр деп. Қарасай батырдың картайғанда қандыкөйлек досы Ағынтайды іздең Арқаға келуі, екі батырдың қатар жерленуінің өзі бүгінгі үрпакқа өнеге емеспе. Нұқ пайғамбардың замандастары Қоңыр әулие мен Бектау атаға тағзым етеді. Осы бабалардың ісінен үлғі, өнеге алған үрпактың таныс—білістігі үлғайып, аға буын арасында белең алған, аз ғана қазақты ру—руға бөлін, жегі құрттай жеғен жаман әдеттен күтылар едік. Өзі он миллион қазақтың тең жартысы орысқа тартып, қалған бестің жартысы дінге бөлінгенде бұл қазақтың үтары барма. Ұлық пайғамбарымыздың « егер бір істерінде адассандар, өлғендерден көмек сұрандар » деген хадисі бар. Бір мағынада

бұрынғылардың ісін үлгі тұт, сабак ал аласпассың дегені емеспе.

Және имам Рази « Зияратқа келген адамның рухы мен қабірдегі әулиенің рухы екі айна тәрізді. Әулие өлгеннен соң оған рух әлемінен Алланың мейірімділігімен келген ілімдер, қуатты әсерлер оның рухынан зияратқа келген адамның рухына өтеді » деген. Әулие басына таза ниетпен барған адам өзі де тылсым дүниені сезері анық. Арбамен келіп, аягымен кеткендер, тілсіз келіп сөйлеп қайтқандар да болған. Адам баласының дерті тән ауруы, жан ауруы болып бөлніеді. Тән ауруының шипасы дәрігерден немесе емшіден болса, жан ауруы дауасын тек әулие басынан табар.

Алыс, туыс демеймін,
Мұсылман, кәпір демеймін.
Кім атымды атаса,
Соны қолдап жебеймін –деп,
Қабанбай батыр бабамыз айтқан екен.

Жаратқанның мейірімділігіне шек бар ма. Аллаң қаласа, әруақ қолдаса бәрі орынына келер. Эрине бұл жерде де, Аллага деген толық сенім мен шынайы ниет керек. Шын жыласа соқыр көзден жас шыгар деген. Әбугали ибн Сина алдына келген науқасты емдер алдында әуелі сен кім жагындасың соны біліп алайық. Егер, сен осы аурудан жазылуым керек -деп мені жақтасаң, екеулеп ауруды жеңеміз, егер сен ауруды қолдасаң екеуіңе менің шамам келмейді -дейді екен. Тілеген тілегіңіз шынайы болып, жүректен шықса, Жаратушыга да жетер. Сол себепті де тілек тілеушілер бір гана ниетпен келуге тиіс. Қосшы болып қоса ауырмаганның ниеті болmas. Дені сау адамның ауру мен ісі болmas. Кейінгі бір деректер бойынша, бәңгілердің де айығуына шипаны әулие басынан табатынын галымдар да айтуда. Ей зиратшы агайын әуелі мынаны ұқ, бәрі өз қолында. Егер тілеген тілегің, ниетің шынайы

болса Алланың бермесі жок, әруақтың қолдамасы жок.

Ұлық пайғамбарымыз « Ей, Алланың құлдары ауруларыңды емдеңіздер. Алла тағалам дауасыз дерт жаратпаған, дауасыз тек кәрілік пен ажал ғана »- дейді. Адам өлімінің 99 себебі бар, тек содан өткендер ғана өз ажалынан яғни кәріліктен өлер деғен. Мейірімі шексіз Жаратушы Ием сәтін кімнен, неден салам десе, солай болады да. Адамның айтқаны емес, Алланың деғені болар.

- Зияратшы адам нені білуі, және не істеуі керек?

- Әуелі зиярат етуғе келген адам толық дәретте болуы шарт. Дәретсіз адамның тілеғі де қабыл болmas. Егер дененізғе нәжіс жұғып қалса, оны шүберекпен, немесе қағазбен сұртін кетіруғе болар. Бірақ иісін кетіре алмассың. Иісің бұрқырап әулие басына барып қалай тілек тілемексің. Сол сияқты ащы жуа, сарымсақтың иісінен маңынызға әруақ қана емес

періштelerde, жын—жыбыр да жуымас. Екіншіден, ер адамдардың киғен киімі толық денесін жауып , басында бас киімі болғаны дұрыс. Эйел адамдарға келсек бойына шақ ұзын етекті киім киіп, және басына орамал тартуы керек. Егер тұрмысқа шықпаған қыз бала болса, заманауи бас киім киоіне, немесе байлам тартуына рұқсат. Ертеректе әулие басына келгендер көлігін алысқа қалдырып жаяулап келетін. Қазірде бұл салтты бабаның өзіне қараған келіндері ғана ұстап қалған. Сонда да мазар басына көлікпен бармай жаяулап барады. Бейбастақ сөз сөйлемей ,Жаратқан Иеден осы зияратымды қабыл қылағор, - деп ниет қылып ақырын аяңдап барады. Салт бойынша бейітке қарай жүғіре басуға болмайды. Қазақ дәстүрі бойынша бабаның бас жағына барып, тізерлеп отырып, құран оқылады. Ислам дәстүрінде тек Қағбаға қарап оқылуға тиіс болғанымен казақ салтында осылай атқарылады. Айтпақшы ұлық

пайғамбарымыз Мұхаммет Мұстафа С. А.-- нің басында салауат айтып дұға бағыштағанда егер Пайғамбарға қарап оқысаңыз Қағба арт жақта қалады. Қағбаға қарап оқысаңыз Пайғамбарға сыртыңызды бересіз. Бұл жағдайда бетіңізді Пайғамбарға қаратқаныңыз дұрыс болар. Ұлық Пайғамбарымызға зиярат жасаушы бір мәрте Фатиха сүресіне тоғыз мәрте Үкілас сүресін қосып оқып, салауат айтуы керек.

Құран оқылып жатқан кезде, әрбір зияратшы осы оқылған құранның сауабы дүниеден қайтқан өз ата-бабама да тисін деп еске алып отыруы керек. Және өзінің көкейіндегі арман-тілеғін айтып, Жаратқан Иеден сүйікті құлышының басында тілеғен тілеғін қабыл алудың сұрайды.

Бұл рәсімді шарифатта тәуәссул немесе уәсилә деп айтады. Қазақша мағынасы - арашашы. Яғни, ортаға Пайғамбарды немесе Аллаға жақын әулиелерді алып тілек тілеу. Ұлық пайғамбарымыз Мұхаммед С.А. дүниеден

қайтқан соң кейбір мәселеде сахабалары пайғамбарымыздың қабіріне барып тұнеп, Жаратушы Иеден өзінің сүйікті құлының құрметіне тілеғінің қабыл болуын сұрап аян алған. Ұлық пайғамбарымыз ұмбетінің түсіне кірін жөн сілтеғен. Бұл туралы көптеген мысалдарды келтіруғе болады. Бірде екі көзінен айырылған адам Пайғамбар басына тұнеп көзінің көруін сұрайды. Пайғамбарымыз ол адамға дәрет алып мына дұғаны оқы деп аян береді. Дұға оқығаннан кейін әлғі көр соқыр болған адамның көзі ашылған дейді. Бір жылды құрғакшылық болып жаңбыр жаумаған да басына барып тұнеген диханға Омар халифаға айт жаңбыр дұғасын оқысын дейді. Қазіреті Омар дұға оқыған соң жаңбыр жауып елдің берекесі кіреді. Қазақ арасында бұрыннан келе жатқан Әулиеғе түне , Тәңіріден тіле деғен салт осы тәуәссул--уәсиләмен жалғасып жатыр. Әсіресе мешіті болмаған Арқа өнірінде бұл дәстүр кеңінен

тараган. Қасиетті Қарқаралы өнірінде алгашқы мешітті 1849—1850 жылдары Абайдың әкесі Құнанбай қажы салдырган. Қазірде әулие басына түнеп, тілек тілегенде күнделікті өмірде орын алған, дұниаудың ұсак—түйекті тілемей жазылмас дертке шипа, бала көтермегендер бала сұрау немесе үлкен күнеларға кешірім сияқты тілек тілеген дұрыс.

Қасиетті кітаптың бірі Інжілде « Құдайдан балық сұрама, қармақ сұра » деген. Ақша сұрама, оны табар жолын сұра, тілеген тілегің үлкен болсын, яғни, әуелі еліңе амандық, жеріңе тыштық тіле. Көп үшін үлкен тілек тілесен, сенің көкейіндегі кішкене тілегің өз-өзінен қабыл болар. Алла тағаладан әрқашан да сұрау керек, сұрамасаң бұнда бәрі бар екен, мені ұмытты, енді бергенімді өзім алам дер. Пайғамбарымыз « Сен басқалар үшін дұға қылсаң, періштелер сен үшін дұға қылар » деген қадис қалдырган.

Қалжың тұбінде шындық бар.

Бір діндар бейбак ана дүниеде Алланың алдына барыпты. Ей, Аллам мен саған өмір бойы құлшылық қылдым, бар өмірім жоқшылықта өтті. Ең болмаса, елге беріп жатқан лотереядан маған неге ұтыс бермедің деп жылапты. Сонда, Алла тағалам сен өзің неге лотерея алмадың десе керек. Сол айтпақшы, өзің талап қылмасаң, ешкім қазаныңа ас салмас. Талаптан, талаптыға нұр жауар. Жатқан тастың астына су бармас.

Келесі кезекте әрбір адам өзімен ала келген ақтығын баба басындағы арнаулы бақанға байлап ниет етеді. Шама келгенше бұл ақтық ақ матадан болғаны дұрыс. Себебі ақтық байлаған адам, бабаның басын ағартып, менінде де жолым ағарсын деп ниет қылады. Кейде орамалдың шетін жыртып әлем байлап жатады. Негізінде әлем байлау жалғыз ағашқа , шипалы су басына барған әйел адамдардан қалған. Әрбірі ырым етіп бет орамалынан,

болмаса жаулығының шетінен жыртып байлаған. Қызылды- жасылды болып әр түсті болған соң әйел-әлем, әлем-жәлем деген сөзден әлем шыққан. Бұл жерде де бойынан бір зат шығарып, ризашылық білдіру жатыр.

Қазақ халқында әулие басында құрбандық шалу рәсімі бар. Құрбандыққа арналған мал он екі мүшесі сау еркек мал болғаны абзал. Еркек малдың еті, ұрғашыдан, қара малдың еті ак малдан жеңіл қорытылады. Малдың төрт аяғын буып, сол жақ жамбасына жығады. Малдың бауыздалар жағын құбылаға қаратып ниеттеніп дұға оқиды. Әуелі Бисмилламен бастап « Жаратқан жалғыз Ием бір өзіңнің ризалығың үшін , осы құрбандыққа шалар малдың қанының сауабын бөленинің атынан, пәлен бабаның рухына бағыштадым » деп ниет қылып, бауыздалуы керек. Және өзінің бойындағы ауыртпалығын, тіл—көз, қарғыс, дертін, істеген күнәлі істерінің осы құрбандықтың қанымен қара жердің қойынына

кетуін, өзінің мұн—мұқтажын айтып Жаратушыдан әулие бабаның басында тілеген тілегінің қабыл болуын сұрап.

Шек шалғанда малдың аяғын байламай, сол әuletтің адамдары аяғынан, жүнінен ұстап отырып бауыздайды. Құрбандықтың бауыздауын жумайды.

Хаж сұресі—36 аятта ешқашан құрбанның еттері, қандары Аллаға үлгермейді. Бірақ сендердің ниеттерің үлгереді дейді. Жалпы қазақ халқының ұғымында Жаратқан ИЕ де, Әруақ та, қасиетті қара Жерде адам баласынан құрбандық қанын тілейді. Сол ағар қан адам баласынан емес, қара қойдан аксын деген ниетпен Алланың ризашылығын алып, әулие басында мал шалады. Кей атаның күнәсі жеті ұрпағына дейін кетеді. Адам түсінбес күйге ұшыраған, қайда барса да, не істесе де жолы болмаған ұрпағы, күнаһар әкесі үшін, әулиенің басына құрбандық шалып, Алладан кешірім сұраса, қабыл болар. Ниет—пығылышыз дұрыс

болса, құрбандықтың алғашқы тамған қанымен бірге , білін—білмей істеген күнәңіз да жерге ағар. Және құрбандық шалған адамның ана дүниелік болған ата—бабасының, бауырының күнәсі кемітіліп, Алланың алдындағы дәргейі көтеріледі. Құрбандық шалған адамның да, бойы тазарып, алдағы қауіп—қатері азайып, жолы ашылар. Бейітті , қабірді айналма жаман болады деп жатады. Себебі қабірді айналған адамның өзі де көп ұзамай о дүниелік болар деп ырым етіп, тиым салынған. Сондықтан мазар басына барғанда бір ізben барып , сол ізben қайтқан дұрыс. Бұл әрі белгісіз қабірді байқамай басып кетпеуіңізге де дұрыс болар. Бұрында әулие кісінің басынан топырак алу деген ырым болған. Ол кездегі үлкен кісілер алған топырағын қастерлеп ұстап, тұмар ретінде пайдаланған. Қазірде топырак алған адамдар әр бейсенбіде бабаға арнап дұға оқымаса, немесе оны қалай ұстауды білмесе

ақтық ала келіп, кешірім сұрап орынына салғаны дұрыс болар.

Бірде бір адам Пайғамбарымызға келіп, « Менің анам қажылыққа барсам деп армандаушы еді, ол кісі қайтыс болды, енді менің анам үшін қажылықты өтеуіме болама » деп сұрапты. Сонда пайғамбарымыз « Егер сенің анаңың бір адамға берешегі болса, оны берер ме едің » деп сұрайды. « Анаңың адамға берешегін қайтарсан сауап, Аллаға берешегін қайтарсан одан да сауап іс болар » деген екен. Алланың ризашылығы үшін берген әрбір көркем қарызыңыз есепке алынып, қабыл болар. Сол сияқты әрбір іс қимыл Алланың атымен басталып сауабығана әруаққа бағышталған. Сойылған малдың шама келгенше бас-сирағын үйтіп, ішек –қарынын тазалап бәрін қажетке жаратқан дұрыс. Тіпті, терісін ақшаға сатсаңыз күрбандық қабыл болmas. Сойылған малдың қан-жынынан ит-

күстүн, күрт--күмбөрсқаның да сыйбағасын ұмытпай, атап бөлек беру керек.

Құрбандыққа шалынған малдың үштен бірі желініп, қалғаны таратылуға немесе баба басындағы сауапты іске жаратылуы тиіс. Бабаға арнап әкеліп, оны қайта әкетсеңіз тілегіңізде қайтады. Кейде малды тұтас садақаға атайтын жағдай болады, мұндай кезде басқа адамдар дайындаған дәмнен ауыз тиген. Құрбандық пен құдайы малды шатастырмау керек. Құдайыға арнаған малды қайда жұмсасаңызда өзіңіз білесіз. Құрбандыққа шалар малдың мінсіз болғаны, яғни аяқ-қолы сау, құлағы бүтін, айналма, қотыр емес болуы шарт. Сол сияқты жаназа шығарар имамның да, он екі мүшесі сау, ақыл—есі дұрыс болуы керек.

Құрбандық шалған адамдар негізінен баба басына түнеп, Жаратушыдан тілек тілеп, тілеген тілегіне бабаның қолдауын сұрап. Кейде үлкен тілекпен келген адамдардың күн

шықпай қайтып кететін де ырымы бар. Құрбандыққа шалынған малдың басы жақсылап ұйтіліп, тұмсығы алға қарап, жасы немесе жолы үлкен адамның алдына тартылады. Және бастың тісі қағылып, маңдайы айқышталып қасқалануы керек. Тісі қағылмаған басты есесі кетіп, бірақ соны айтып жеткізе алмайтын адамға тартылып, өкпесін білдірген. Қасқалау төрт құбылаң тең болсын деген ырым. Бас ұстаған адам бірінші бастың оң жақ езуінен кесіп алып ауыз тиеді. Егер өзі басты мүшелеудің жолын білмесе ырымын жасап езуінен ауыз тиген соң басқа жөн білетін адамға жолын ұсынуға болады.

Мысалы, Қаз дауысты Қазбек би бабамыз алдына бас келгенде былайша мүшелеген деседі. Әуелі екі құлағын кесін алып, үлкен—кіші демей «құлағың жамандық естімесін» деп, екі көзін «көзің жамандық көрмесін» деп, маңында отырған адамдарға таратқан. Екі езуінен кесіп алып жас қызы—келіндерге

«езулеріңнен күлкі кетпесін» деп, таңдайын әнші болар балаға « таңдайың тасқа тимесіп » деп, тілін шешен болар балаға, шүйдесінен кесіп мал иесіне үлестіреді еken. Қалған құйқаны майдалап турап миға құйрық майын қосып мипалау жасаған. Ал бастың тұмсығын өзіне қалдырған еken. Себебі, қой малы құрбандық үшін Ұбырақым пайғамбарға көктен түскен, қойдың тұмсығында жұмақтың исі бар, орыным пейіштен болсын деп әрдайым өзі жесе керек. Тәнірім қабыл еткей. Астың алдын әуелі үлкендер бастап етке салған қамырынан ауыз тиген. Ет жегенде қазактар үш саусағымен алғып, әркім өз алдынан, бұйырған дәмді алғып жейді. Қазіргі кезде белгілі болғандай осы үш саусақ арқылы миға, асқазанға және тілге хабар жетіп, адам ағзасы саусақ асқа тиісімен ас қорытуға дайын болған. Және малдас құрып отыру арқылы басқа дene мүшелерінің жұмысын уақытша тоқтаткан. Астан кейін он аяқты сол аяқтың

ұстіне қою арқылы қабылдаған астың толық қорытылуына жағдай жасаған. Ас артынан ішілген сорпа, сүттен жасалған сусындар да, тамақтың қорытылуына көмек жасаған. Арқа өнірінде бастан кейінгі орынды жамбас алады. Сол сияқты әр мүшелі жіліктің тиесілі адамы бар. Төс күйеуге немесе қыдырып келген қызға берілсе, кәрі жілікті кәртайғанша отырып қалар деп жастарға ұсынбаған. Жауырынның шеміршегіндегі жұмсақ етті балаларға бермеген, нағашың кедейленіп қалар деп. Мүшелі жілік қашанда етті болу керек. Себебі ол бір адамға өзі жеу үшін ғана емес, жанжағына ауыз тигізу үшін беріледі. Және төркіндең келген қызға әр қашанда төрден орын берген. Бар өмірі ат үстінде өткен қазақтың атқа мінген де екі мыңнан астам бұлшық еті қимылға түсіп ішкен ас бойға жылдам тараған. Ас соңын көбінесе бас ұстаған адам бата беріп, дастархан иесіне ризашылығын жеткізген. Құрбандық шалу,

ақтық байлау, құдайы нан шелпек пісіріп әкелу, бабаның басына көмек көрсету, дегеніміз сонау тылсым дүниеде қайтар сауабы бар істер.

Әрине қай-қайсының болмасын, сауабына қарай қайтымы да бар екеніп ұмытпаған жөн. Құрбандыққа қой шалу арқылы бұрынғы өткен аталарымыздың, өзіміздің біліп—білмей істеген істерімізге кешірім алыш, алда келер қындықтардан жеңіл өтіп, қой салмағындай сауап аламыз. Шелпек пісіріп, дүға оқысаңыз, оның көлеміндей жақсылық сыйға тартылар, ақтық байлап бабаның басын ағартып, кешірім алыш, өзіңізге де ақ жол ашарсыз. Сыйға—сый, сыраға бал демекші әр сауап ісіңіз еселеніп қайтар. Кейде біреулер жоғалғанын садака деп жатады. Ал, аталарымыз садақанды сауында бер деді емеспе. Басың аман денің сау болса да, Әулиенің басына келіп, Жаратқан Иенен үрпағының амандығын тілегенге жетер не бар. Бәрімізде сол үрпак үшін өмір сүріп жатыр

емеспіз бе. Әулиеге тұне, Жаратушыдан тіле деген. Әулиенің жатқан жеріне қияметке дейін Алланың нұры жауар. Әулие басынан тілек тілеуіміз, ол кісілер тірлігінде осы біз үшін ұрпағым деп терін ағызып, қанын төгін керек кезінде жанын да қиған. Алланың жаратқан бір пендесі үшін жанын, барын аямау Жаратқанға құлшылықтың ең жоғары түрі. Сол себепті де, әулие бабалар Алланың жақын сүйікті құлдары. Жаратқан Ием де өзінің сүйікті құлдарының басына шуақты нұрын төгін, тілеуқордың жайған алақанын құр қайтармайды. Бабаның басына әрбір таза ниетпен келген адам Алланың нұрына шомылып, тілегін тілейді. Бойы тазарып, өзгеше бір қуат алып, сезіне білген адамның жок деген де бір тілегі қабыл болар. Әрбір бабамның басына келген адам ниетін дұрыстап, қайда, не үшін келгенін түсініп, Аллаға бір табан жақындаса, ол мен үшін үлкен сауап. Өзің алған әсерінді басқамен бөліссен, саған да сауап тиесілі болар.

- Жарайды пайғамбарлар , әулиелер сияқты қасиетті кісілерге солай болсын. Ал, күні кешегі ортамызда болған қарапайым әкешшелеріміздің қабіріне қалай баруға болады?
- Пайғамбарымыздан бізге жеткен хадистердің бірінде былай дейді: « кімде-кім ата-анасының немесе біреуінің басына бейсенбі, жұма, сенбі күндерінің бірінде зиярат етсе, күнәлары кешіріледі » деген. Және, бір хадисте « қайтыс болған адам суға батып бара жатқандай, ол өзіне бала-шағасынан, дос-жаран, бауырларынан дұға күтеді. Егер дұға келсе, ол оған бәрінен де қымбат » делінеді. Егер кімде--кім бейсенбі жұма күндері қабірстанға барып Үқылас сүресін оқыса арнаған кісінің, Аятул Күрсі сүресін оқыса оқыған адамның, Ясин сүресін оқыса бүкіл қабірстанда жатқандар мен окушының күнәсі кешірілер деген де сөз бар.

Мына аңызды тыңдал көрелік.

Иса пайғамбар (жөйтіш-- шын аты Иенкуш) мен Алланың ұлымын дегені үшін, жәннәтқа кіре алмаған деседі. Күндердің—күнінде Жаратушы Иеден « егер көзі тірі пайғамбарлардың бірі Исаны жәннатқа кіргізсе менен рұқсат » деген уақи келеді. Сол уақытта таңғы намазын оқып отырған Қызыр Ілияс пайғамбар (Қыдыр ата) « егер Алла тағалам мені жер бетіне қайта жіберсе, мен Исаны кіргізер едім » - деп дұға қылады. Сол сэтте Әзірейіл періште келіп, жанын алып көкке ұшады. Аңызда Қыдыр F.A. Иса пайғамбарды жәннәтқа кіргізін өзі жәннаттың қызығын қызықтап, пәни дүниеге, қайтпаған деседі.

Сол себепті де, Қыдыр ата мәңгі өлмес адам болып жер бетін әлі аралап жүрсе керек. Діни аңыздарда, Қыдыр атаның отырған орыны жасыл желекке бөленеді еken. Қазақ балаларына жасы үлкен адамның бәріне бірінші болып сәлем бер, мүмкін ол Қыдыр атаң шығар - деп үйретеді. Және, ол кісіпің он қолының бас бармағында

сүйегі болмайды - деп айтады. Қыдыр атана көріп, амандақан адамға бақ қонып, Қыдыр дарыр яғни дәулетті, ырысты болып өмір сүрер деп сенген. Алдыңнан кездескен жасы үлкен адамға атаң болар, басқа болар сәлем бергенге жетер не бар. Сәлем - сөздің анасы деген емес пе.

Бір аңызда былай дейді.

Бір күні Қыдыр ата ана дүниені аралап келе жатып, топтанып отырған жиырма шакты адамдарды көреді. Олар өзара қызу әңгіме үстінде және бастарындағы шелпектері де үлкен еken. Қазақтар шелпекті үлкенірек пісір, ана дүниеде басыңа көлеңке болар- деп сенеді. Олардан әрірек жеке дара бір адам отыр еken. Басындағы шелпегі де кішірек. Бұны көрген Қыдыр ата көпке аялдамай жалғызға келіп сәлем береді. Е, мұсәпірім сен неге жалғыз отырсың, басындағы шелпегің неге кіші? - деп сауал қояды. Сонда әлгі кісі: менің артымда бір ұл мен қызым қалып еді, екеуінің де маған шелпек

пісіріп, дұға бағыштайтын жағдайы жок- деп жыламсырайды. Қыдыр ата мына дүниеге көтеріліп әлгі адамның балаларын іздең тауып алады. Көрсө, баласы бір байдың малын бағып, қызы асханада ыдыс-аяқ жуады екен. Содан Қыдыр ата балаға: сен, балам мал сойғанда төккен қан-жынды атама бағыштадым -деп төк, сен қызым төккен жуындыны атаңа бағышта, түбінде соның қайыры өздеріңе тиер - деп ақыл айтады. Арада біраз уақыт өткенде Қыдыр ата ана дүниені аралап келе жатып, тағы да өткендегі адамдарды көреді. Жақындап келіп қараса, баяғы жалғыздың басындағы шелпегі үлкейіп, топқа қосылғысы келіп, құлағы елеңдеп отырғанын көреді. Таяп келіп: е, мұсәпірім жағдайың жақсарып қалыпты ғой -деп жөн сұрайды. Сонда мұсәпір « оныңыз рас, пайғамбарым артымда қалған ұл-қызым маған арнап құран оқытуда, өздеріңде жағдайы жаман емес - дейді. Қыдыр баба мына дүниеге көтеріліп келіп қараса қызы өзі жұмыс істеген асхананың иесі болып, ұлының

алдына да қараң-құраң мал біткен екен. Қыдыр атаның қайыры өздеріңе тиер дегені осы болса керек. Сонымен бұдан шығар қорытынды егер біз о дүниелік болған ата—бабаларымызды еске алып, шелpek пісіріп, дұға бағыштасақ, басына барып мал шалып, тәу етіп, әруағын риза қылсақ, сол жасаған ниетімізге қарай сауабын аларымыз кәміл. Отбасында оқыған дұғаңыз ақсақтың қайыр сәлеміпдей, ал басына барғаныңыз қол алып амандасқандай болар. Егер, сіз ойыныңға алған, немесе түсінізге кірген атаңыздың қай жерде жатқанын білмесеңіз тақау жердегі әулие басына барып, атаңыздың атын атап, құрбандық шалсаныз қабыл болар. Егер, жақыныңыз хал үстінде жатса, немесе күрделі ота жасау алдында адам орынына мал кетсін деп, ниет қылып құрбандық шалсаныз көмегі зор болар. Жағдайы жоқ адам тауықтан қан шығарса да болар. Қадисте «сен өзгелер үшін дұға қылсан, періштелер сен үшін Аллаға дұға қылар» деген. Аталарымыз өлі разы болмай тірі байымас деген.

--Қабір басында немесе дастарханда қайтқан адамдарға қандай дұғалар оқыған дұрыс.

--Негізінен алғанда қандай дұға оқысаңыз да, тінті құран кәрім ішінен бір әрін оқысаңыз да сауап болады. Ал, әр сауабыңыз он есеге көбейеді. Дегенмен де, қазақ атамыз көбіне Фатиха, Үкылас, Аятул Құрсі т.б. Бақара сүресінің аяттарын қосып, немесе Ясин сүресі, Мұлік сүресі сияқты сүрелерді оқығанды макұл көрген. Намаз үстінде оқылар, жеке бастың тілеуін тілер Фалах, Нас, Кәфирун, Мағун, Кәусәр т.б. дұғаларды қорқып шошынғанда, үйді аластағанда оқыса дұрыс болар. Ұлық Пайғамбарымыз кешкілік жатарда алақанын құрғақ түкіріктеп, Фалах, Нас, Кәусар сүрелерін оқып бүкіл денесін сылып барып ұйықтаған деседі. Яғни таңға дейін пәле—жаладан сақта деп тілеген. Құран окушы адам әуелі бисмилламен бастар. Яғни, Алланың атымен бастаймын деген сөз. Кейінгі кезде құран окушылар әрбір оқыған сүренің басында,

бисмилланы қайталап оқитын болды. Бұрында, аталарамыз дұғаның басын бисмилламен бастап қайта қайталамаған. Әр сүрені оқыған сайын Алланың атымен бастаймын деп оқыған дұрыс болmas. Тек, Үкылас сүресін үш қайталап оқығандаған, әр қайталауда бисмилланы қосқан. Себебі, Үкылас сүресін үш қайталау үш рет окуға тен деп есептелген. Әуелім Фатиха сүресімен бастап, Үкыласты үш қайтарған адамға әрі қарай сүре қосудың керегі жоқ. Фатиха сүресін тыңдалап отырған адам сүре соңынан Амин деуге тиіс. Егер, ешкім айтпаса оқып отырған адам өзі ішінен айттар. Фатихамен бастап Аятул Құрсіні немесе Ясин сүресін оқыған соң басқа сүре қосу керек емес. Бес және одан көп сүре қосып окуды сағира-деп атаған. Сағираны қайтқан адамның қырық құндігін бергенде, хатым құран ретінде оқыған. Ал, араб әрпінен хабары бар адам үйінен құран кәрімді бір аударып келін тек хатым құран бағыштаған. Және, бір айта кететін жайт жайшылықта ата-

бабаларды еске алыш, омыртқаға шақырғанда әуелі астың алдында осы дәмді бұйыртып жегізген Аллаға шүкіршілік қылып, ас батасын береді, ас соңынан дәм қайырып, бата жасап, ішкен—жеген дәмнің сауабын әруақтарға бағыштап құран оқыған. Бұл кезде уақыттың кеңдігін пайдаланып, сол үйдің босағасынан құран дәметер барша әруақтың атын атап дұға қылған дұрыс болады. Және өмірге келе сала о дүниелік болған аты қойылған нәрестеге дейін құр қалмауға тиіс. Өйткеиі олар өмірге келе сала ата—анасының бар күнесін өзімен бірге алыш кеткен, және ана дүниеде қыл көпірден өткізер бірден—бір шапағатшы.

Астың алды бисмилла, соңы аллахуакпар деген. Ал, адамы қайтқан үйде жетісі, қырқы, жылы немесе сол адамға арнап шек шалғанда әуелі, дастарханға құран бағышталады. Оған дейін яғни құран оқылғанша астан ауыз тиуге болмайды. Артынан ішкен—жеген астың сауабын әруаққа бағыштап, қайта құран оқыған. Кісі қайтқанда

және оны еске алғанда дұға оқудың осындей айырмашылығы бар. Күндіз зират тұсынан көлікпен өтіп бара жатсаңыз жылдамдықты азайтып, ішіңізден дұға қайырып, « құдайдан рахмет, пайғамбардан шапағат болсын. Осы қабірстанда жатқан әруақтарға тие берсін. Қиямет қайым жақын »- деп бет сипаңыз. Бейуакта, қараңғыда іштей ниет қылсаңыз да болады. Көлік тізгінінде отырған адам жолаушылардың қауіпсіздігін ескеріп іштей, ниет білдірін бір қолымен бет сипаса болғаны. Ажалым келген жоқ деп, арыстанның аузына басынды тықпа деген.

Бір әңгімеде.

Атақты Шорманның Мұсасы Омбы шаһарында намаз үстінде дүние салыпты. Ол уақытта Мәшіүр Жүсіп атамыз жолаушылап кетсе керек. Соңынан Мұсаның орынына дұға бағыштауға барады. Мәшекен әуелі Фатихамен бастап, Ықылас сұресін үш қайтара оқып, дұға қылады. Жиналып отырған имам—молдалар

Мәшекенен « біз сізден атақты адамымызға өзгеше бір дұға күтіп едік » десе керек. Сонда Мәшекен «Құран кәрімде жұз он төрт сүре бар, соның ең абзалы Ықылас. Мен құранның абзалына, Сүйіндіктің абзалын қосып оқыдым. Маған басқа не істе дейсіндер» деген екен.

Тағы бір аңыз былай дейді.

Ұлық пайғамбарымыз Мұхамметтің төрт қызы, үш ұлы болған. Ұлдары жастай қайтыс болса керек. Кейінде пайғамбардың мұрагері кім болады деген де, таңдау кенже қызы Фатимаға түседі. Содан пайғамбардың төрт шахияры (Әубәкір, Омар, Оспан, Әлі) Фатиманы мен алам - деп таласыпты. Пайғамбарымыз төртеуін шақырып алып, сендер бәрінде мен үшін бірдейсіндер, қайсың құран кәрімді бірінші болып аударып келсендер, Алланың қалауы соған түседі дейді. Мұны макұл алған төртеуі шығып кеткен соң, әлден уақта Ғазіреті Әлі қайта кіреді. Бұған пайғамбарымыз: неге менің айтқанымды тындаламадың -деп ренжісе керек.

Сонда Ғазіреті Әлі « жоқ, пайғамбарым мен сіздің айтқаныңызды екі еткем жоқ. Сіздің алдыңыздан шығып, дәретімді алышп, нәпіл намаз оқып, Фатиха сұресіне қосып Ікылас сұресін үш қайтарып келдім, өзіңіздің айтқаныңыз бар емес пе, Ікылас сұресін үш қайтара оқыған құран аударған сауапқа теңеледі » - деп уәж айтады. Сөзден жеңіліп, макұлдаған пайғамбар Фатиманы Әліге атастырады.

Бұл уақытта, желкідеп өсіп қалған Фатиманың көңіліне, мен неге таңдаған адамыма тұрмысқа шықпаймын деген күпірлік кіреді. Фатиманың көңілінің бұзылыңқырап жүргенін сезген адамдар, пайғамбарға жеткізеді. Сонда пайғамбарымыз, онда сендер Фатиманы, есебін тауып Зенгі бабаның лашығына бір кіргізін алындар деп айтады. Әлгі кісілер ыңғайын келтіріп Фатиманы Зенгі бабаның лашығына әкеледі. Фатима лашыққа кірсе өте көркем жаратылған сұлу әйел отыр екен. Аңыз, бұл кісіпің атын Қарааш еді деседі. Пайғамбардың

қызын айырықша қарсы алған, Қараашаш барын алдына қойып күтеді. Әлден уақта орынынан тұрып, лашық ортасында қоздап жанған шоққа дәрет алар құмғанды жақындатып қояды. Фатима, мұны кімге бола дайындал жатқанын сұраса керек. Сонда Қараашаш « менің отағасым малда еді, келген соң дәрет алам десе суы жылып тұрсын деп қойып жатырмын » дейді. Фатима, апырмау мынадай сұлу әйелдің осынша күтуіне қарағанда күйеуі де осал жан болмады - деп бір көрмекке ынтығады. Соғын Қараашаш сыртқа шығып, жас шыбықтарды ала кіреді. Шыбықтарды солқылдатып көріп, сынбағанын тұз салынған суға салыпты. Мұны көріп, отырған Фатима сұраса, әлгіпде айттым ғой, « отағасы малда деп, өрісте жүргенде әлде кімге ренжісе ашуын менен алмаған да кімнен алады. Шыбық сынып қалса, ашуы тарқамай қалады ғой, әрі тұщы етіме ашы шыбық тиіп, дауысым қаттырақ шықса, ашуы жылдам тарқар дегенім ғой » -дейді. Әлден уақытта даладан иттің үрген

дауысы естіліпті. Сол кезде Қарашаш етегінің алдын ышқырына қыстырып, өзіде таң қалып отырған Фатиманы одан әрі таңдандырады. Бұл не қылғаның деп сұраса « әлгінде айттым ғой, күйеуім малда деп, отағасым қандай ойда келсе де мен дайын болуым керек деп, міне, отағасы да келді »- деп есікті көтерін ашса, бәкене ғана бойы бар қап-қара бәдәуи тұр еken. Сонда барып Фатима өзінің ісінің күпірлік екенін, ислам әлемінің ұлық пайғамбарының мұрагер қызы бола тұра өзіне Алла қосқан бүкіл ислам әскерінің бас қолбасшысы Әліні, менсінбегені ағат іс екенін ұғып, тәубеге келінти. Біздің ұлы анамыз - исі Қаракесектің анасы- Қарқабат ана бабамыз Мейрамның табанынан сыз өтпесін -деп күрғак көде төсеп, дәрет алар құмғаның қойнына алып, жылтырып жатады еken. Қандай да бір әйел баласы болмасын, өзінің құдай қосқан қосағын сыйлауда, осы еki анамыздың әрекетінен ұлғі алса, от басының берекесі кірері сөзсіз.

Бұл екі аңыздан соң айтарым, қайтқан адамға дұға қылғанда, намаз үстінде адамның жеке өз басы үшін, оқылатын сүрелерді оқығанша, жоғарыдағы сүрелерді оқыған дұрыс болар еді-деген ой. Және, бір айта кететіні құран оқыған адамға ақы төлемейді. Егер, берсеңіз Алланың ризашылығы үшін деп қайтқан адамдар үшін садақа беріңіз, сауапқа жатады. Алған адамда Алланың ризашылығы үшін алуды керек. Пайғамбарымыз қайтқан адамға арнаған садақа қабыл болар деген.

Бірде пайғамбарымыздың садака жөнінде не айтасыз дегенде былай деп таратыпты:

Бір садақа бар—біріне бір,

Бір садақа бар—біріне он,

Бір садақа бар—біріне жетпіс мың,

Бір садақа бар—біріне жеті жүз мың,

Бір садақа бар—оның қайтымын Алла ғана білер деген.

Біріне бір садақа—көшеде қайыр сұраған адамға берген садақа. Өл оны қайда жұмсаса да бірге—бір есебінде қайтымы бар.

Біріне он садақа—дәруішке яғни, қазіргіше сапарда жүріп қысылған жолаушыға көрсеткен көмек.

Біріне жетпіс мың - қолы қысқа, жағдайы нашар адамға берген садақа.

Біріне жеті жүзі—оку—білім алуға талпынған, жасқа берген көмек.

Қайтуын Алла ғана білер, садақа —ол ғылыммен шұғылданған ғалымға және қайтқан адамға атап берген садақа деген екен.

Өруаққа арнап шалған құрбандығыңыз, жапқан ақтығыңыз, дайындаған дәм—шелпегіңіз, берген ақшаныңыз, ашыққанға берген тамағыңыз, жолаушыға тигізген қол көмегіңіз, бәрі де садақаға жатады. Сол сияқты қонағасы, жетісі, қырқы, жылын беру тағы басқа қайтқан адамды еске алыш, оқытқан дұғаңыз, берген асыңыз да садақа ретінде үлкен сауапқа жатады. Құдай

бергеніңді қабыл алса, есесімен қайтары анық. Қазақтар әуелден бейсенбі, жұма күндері шелпек пісірін, оған уақыты келмей қалса отқа май тамызып, әруақтарға тие берсін деп жатады. Себебі, бейсенбіден бастап жұма күнгі тұс ауғанша үйге әруақтар келеді деп ұғынған. Сол күндері үйге кірген әруақтар шошымысын деп кір жууға, үй сыпыруға тиым салған. Алла тағалам християндарға жексенбі күнін, иудейлерге сенбіні, мұсылмандарға жұма күнін құлшылық қылатын күн ретінде белгілеген. Сенбі күні тиым салынғанына қарамай балық аулағандар Алланың көріне ұшырап маймылға (мешінге) айналған деседі. Ал қазақ баласы үшін бейсенбі күні әруақты еске алар құрметті күн саналып, ислам дінін қабылдаған соң жұманы да қосып алған.

Бейсенбі күні қайтқан адам жұмакқа барадеген де сенім бар.

Біздің ұлы бабамыз Оразғұл жұма күні жолға шықпаған екен. Соны ұстанған үрпактары

бейсенбіден жұмаға қараған күндері жолға шықпай, мал баққандары бұл күндері жайлауға көшпеген. Тіпті кешегі Кеңес дәуірінде де сылтау тауып көшуді сенбіге қалдырған. Негізінен алғанда әрбір мұсылман баласы жұма күні жуынып шайынып, таза киімін киіп мешітке барып, жамағатпен бірге жұма намазына қатысып Жаратқан Иеге құлшылық қылышп, жетісіне бір рет тәубәға келін отыруға тиіс. Дегенмен әрбір отағасы күнделікті тіршілігін құран оқумен бастап отырса жұмысы жүрері анық. Әрбір құран оқылған үйдің, азан шақырылған ауылдың берекесі кірер. Солай дей тұрған мен бәрі ак ниетке байланысты. Қазақ көңілсізден көңілді бала тумас деген. Сол сияқты әрбір намазға тұрған адам әуелі осы оқыған намазымды, маған көрінбесе де Алла тағалам көрін, естіп тұр деген ниетке келіп, яғни бір сәт ойланып барып оқыса дұрыс болар еді. Сол сәтте сіздің бойыңыз босап, сеніміңіз нығайып бейсауат дыбыстарды естімей таза ниетпен

құлшылық қыларыңыз сөзсіз. Көнілсіз оқыған намаздан, шын жүректен шыққан ниет қабыл болар.

Мына көршілес жатқан Мысыр, Сирия сияқты мұсылман елдерінде неге тиыштық жоқ. Олар бес уақ намазын құр тастамаған діни жоралғылардың бәрін берік ұстаған ел емеспе. Егер, құран оқыған адам әндептін оқыса, қайта оқысын. Намазды жылдам оқыған адам қайта жығылсын деген қадис бар. Бұл жерде де, жаңағы атағандай құлшылықтан бұрын дұрыс ниет, таза жүрек керек.

Ұлы Абайдың әкесі Құнанбай қажы мен найманның Барак сұлтаны қатарлас, силас, кейде бақталас та болса керек. Бірде, бесін намазын екеуі бірге өткереді. Намаз сонынан Барак Құнанбай қажыға « Құнеке, сіз әлгінде бір аятты қате оқыдыңыз» деп сын айтады. Сонда, Құнекең « е, Барагым менің көнілім Алла да болса, сенің көнілің мен де болған екен ғой » депті. Намазға жығылған адам өз-өзін тыңдамай

бар ықылас пейілін Аллаға бұрып, мені көріп тұр, оқыған дұғамды естіп тұр деп ниеттену керек.

Аңыз әңгіме.

Бірде онда отырған пайғамбардың үстіне күйеу баласы Ғазірет Әлі кіріпті. Ей, Алланың елшісі маған ең күшті бір дұғаны үйретші деп өтініш қылады. Сонда ұлық пайғамбарымыз «ЛӘ ИЛЛАХА ИЛЛОАЛЛАХ » депті. Әлі үндемей шығып кетіп әлден уакта қайта кіреді. Пайғамбарым « Маған енді ешкім білмейтіп, маған ғана арналған бір дұға үйретші »- деп өтініш қылады. Сонда Жаратқанның елшісі өзінің қоңыр дауысы мен баптап тағы да « ЛӘ ИЛЛАХА ИЛЛОАЛАХ» -деп жауап береді. Бұған қанағаттанбаған Ғазіреті Әлі « Пайғамбарым-ау, бұл әрбір мұсылман білуге тиісті дұға ғой » десе пайғамбарымыз « Ал, сен жүрегінде иманы жоқ адамға осыны айтқызып алшы? Жүректен шықпаған сөз жүрекке жетпес. Бүкіл әлемде осыдан ұлы дұға болmas »- депті.

Кешегі кеңестің кеңсесінен шыққан коммунистің тілі күрмелері анық. Кәне, сізде айтып көріңіз: ЛӘ ИЛЛАХА ИЛЛОАЛЛАХ, МҰХАММАДИН РАСУЛ АЛЛАХ - деп. Бұл дұғаның қазақша мағынасы: «АЛЛА ХАҚ, МҰХАММЕТ ОНЫҢ ЕЛШІСІ» яғни, барша мұсылман жүргегімен айтатын көлима шахадат. Жаратушы Алланың бізге жіберген пайғамбарларының бірі, Ғазіреті Isaға сонынан ергендер сұрақ қойыпты. « Сіз, Алланың құдіретімен өлген адамды тірілтіңіз, талай жазылмас ауыруды қатарға қостыңыз, сіздің қолыңыздан келмес іс бар ма? »- деп. Сонда, Isa пайғамбар « Менің қолымнан келмейтін бір іс бар, ол өлген жүректі тірілту » деген екен. Өлген жүрек- дегеніміз ештеңеге сенбейтін, жүрегінде иманы жоқ адам. Не істесеңіз де шын жүрекпен істелмеген іс дұрыс болmas. Құнделікті оқитын бес уақыт намазыңызды әйтеуір бір міндettі іс деп қарамай, шын жүрегіңізбен беріле оқысаңыз ұзамай-ақ өзініздің де, көзінің жетеді.

-Негізгі ұстанымыңыз қандай?

-Әрбір қазақ мұсылмандары сияқты менің де ұстанымым, Әбу Ханифа ұстанымы. Әбу Ханифа шын аты - Нұғман ибн Сәбит. Ислам тарихында өзіндік үлкен орыны бар ғұлама ғалым, ұстаз, халық арасындағы сыйлы аты - имам Ағзам.

Мынадай бір аңыз бар.

Бір жас жігіт өзен бойын аралап келе жатып, ағып бара жатқан қызыл алманы көреді.

Алмаға қатты қызығып, әрі босқа шіріп кетеді гой деп, алып жеп қойыпты. Алманы жеп болған соң барып, бұл алманың иесі болуы керек қой, рұқсатсыз жегенім дұрыс болмады, іздең тауып, кешірім сұрайын - деп ағыс бойын жағалап өрге жүреді. Алдынан бір бау кездесіп, иесін тауып алып кешірім сұраса керек. Мұның кішінейілдігіне таң қалған бағбан сынамаққа « Жоқ, кешірмеймін егер кешірсін десен, менің қойымды жеті жыл ақы-пұлсыз бағасың, арғысын тағы көре жатармыз » -дейді. Бұған жігіт келісіміп беріп, жеті жыл бойы бағбаның

қойын бағады. Жеті жыл өткеннен соң енді алманың құнынан құтылдым ба десе, «жоқ әлі құтылған жоқсың, енді менің көзі көрмейтін, құлағы естімейтін, аяғы жүрмейтін қызым бар, соны алсан алманың құнынан біржола құтыласың» - депті. Жігіт ойланып қой жеті жылда бұл кісінің жамандығын көргенім жоқ, не болса да мойынымдағы қарыздан құтылайын-деп келісімін береді. Уәделі уақытта қыз отырған бөлмеге кірсе, ай десе ауызы бар, күн десе көзі бар, аяқ-қолы балгадай бір қыз отырады. Жаңылып кірген шығармын деп атасына барып, менің қалындығым қайда, ол бөлмеде басқа қыз отыр -депті. Сөйтсе, атасы « жоқ, балам ол менің қызым, сенің құдай қосқан қосағың. Жаман нәрсені көрмеген, жаман сөзді естімеген, жаман жерді баспаған қызым. Сені жеті жыл сынадым да, менің қызымның жары болуға лайықты деп бағаладым. Қосағың мен қоса ағарып, бақытты болындар » -деп батасын береді.

Осындай сынақтан өткен, жігіт Сәбит пен бағбаның қызынан, Нұғман Мұхамет ибн Сәбит яғни, имам Ағзам дүниеге келген. Тағы бір аңызда, имам Ағзам сол замандағы діндарлардың іс әрекетіне көнілі толмай, дін бұзылды деп дала кезін кетінті. Бір күні далада ұйықтап жатып тұс көреді. Тұсінде ұлық пайғамбарымыз Мұхамметтің сүйегін жинап жүрсе керек. Ояна келе имамдарға бармай, тұсін бір ғалымға жорытса керек. Ғалым, « сен тұсінде пайғамбардың сүйегін жинасан, өңінде ілімін жинарсың. Дала кезгенінді қой да, еліңе қайт, дінді уағызда »- десе керек. Имам Ағзам бабамыз біздің қазіргі ұстанған дініміз яғни, ислам дінінің алғы шарттарына ата-баба салт-дәстүрін енгізе отырып лайықтаған. Негізінен алғанда біздің ата-бабаларымыз ислам дінінің әуелгі бес парызын макұлдап қалғанын өз сенім-нанымына сай жүргізген. Қазірде айтып жатыр ғой дәстүрлі дін деп. Әуелі ол дәстүрлі дін болуы үшін, қазак халқының салт-дәстүріне сай болуы керек. Ал,

қазіргі сырттан оқып келген имамдарға сенсек, анау ширик, анау бидғат,- деп қазактың он үш ғасыр бойына ұстап келген дініне қарсы келуде. Яғни, салт-дәстүрге сай емес әрекет қылуда. Дәстүрге сай келмесе дәстүрлі деген дұрыс болmas.

Бес парыз.

1.Иман келтіру. Алланың бірлігіне, барлығына Мұхамметтің оның елшісі екендігіне шын жүректен сеніп, иман келтіру. Лә иллаха иллалла, Мұхаммет расул Алла деп кәлима айту. Пайғамбарымыз Мұхаммет Мұстафа С.А. менің үмбетімде отыз өтірікші болады. Олардың әрқайсысы өзін Алланың елшісімін - деп жариялады. Бірақ, мен соңғы Пайғамбармын. Менен кейін Пайғамбар болmas деген. Жаратушының жер бетіне жіберген барша пайғамбарларына, оларға түскен қасиетті кітаптарға періштелеріне сеніммен қарап, құрмет көрсету. Жамандық пен жақсылыққа, ақиret күніне яки өлгеннен соң қайта тірілетіне

иман келтірін, ұлық пайғамбарымыз Мұхаммет С.А.-ұмбеті деген атаққа лайық болу.

(Әмәнту биллахи уә кутубихи уә расулихи уә малайкатихи уә хейрихи уә шаррихи уә йаумилахирети) .

Қасиетті Құран Кәрім пайғамбарымыз, Мұхаммет Мұстафа С. А.-ға Алла тағаламның жаратқан сансыз періштелерінің ең жоғарғысы, Жебірейл Алейһиассалам арқылы түсірілген. Оның негізгі міндеті- пайғамбарларға уахи әкелу. Екіншісі, Исрафил Алейһиассалам. Оның міндеті, Сур деген кернейді екі рет үрлеу. Біріншісінде, Алладан басқа жаратылғандардың барлығы өледі. Екінші рет үрлеген де, барлығы қайта тіріледі. Үшінші, Микаил Алейһиассалам. Оның міндеті –арзан-қымбат, жұт, молшылық жасау және бар нәрсені әрекет еткізу. Төртіншісі-Әзірейл Алейһиассалам. Оның міндеті- уақыты келін жеткенде адамдардың жанын алу. Бұл төртеуінен кейінгі періштелер төрт топқа бөлінеді. Хамәли-и Арш періштелері

төртеу, қияметте сегіз болар. Мұхаррәбин деген-перштeler тобы мәңгілік Алланың дәргейінде қызметте. Көрбиян перштelerін азап перштelerі деп, және Рахымшылық перштelerін Руханиян деп атайды. Адам баласының жақсылығын жазып отырадар, оң иықта- Кирамән, сол иықта жамандығын жазар-Кәтибин перштelerі отырады. Бұдан басқа Хафаза перштelerін де пенде ісіне қатысы бар. Қабірде сұрак қоятын Мұнкәр және Нәкир перштeler тобы, мұсылмандардан жауап алатындарын Мұбашшир және Бәшир деп атаған. Алладан белгілісі төрт кітап түскен. Таурат-Мұса Алейһиассаламға, Забур-Дәуіт Алейһиассаламға, . Інжіл-Иса Алейһиассаламға және қасиетті Құран Кәрім, ақырғы пайғамбар- Мұхаммет Мұстафа Алейһимассаламға түсірілген. Пайғамбарымыздың төрт шахияры яғни, өзінен кейін орынын басқан орынбасар-халифтары бар. Бірінші, Әбубекір қазірет, Омар қазірет, Оспан

қазірет, Әли қазірет. Пайғамбардан кейін бірінші Әбубекір болып, осы кезекпен халифа болған.

Ислам дінінде төрт махзаб бар. Имам Ағзам Әбу Ханифа-Ханафи махзабы. Имам Мәлік бин Әнес-Мәлики махзабы. Имам Мұхаммед бин Идрис Шафии-Шафии махзабы. Имам Ахмед бин Ханбал-Ханбали махзабы.

Ана дүниеде жеті тозақ бар, және сегіз жұмақ бар екендігіне сену. Қиямет күнінде біздің өлшеу бірлігімізге симайтын Мизам таразысы, және Алланың ұқімімен жаһаннам үстіне құрылған Сират көпірі барлығына сену.

2. Намаз оқу. Тәулігіне бес рет, оқылатын бес уақыт намаз Алла тағаланың пендесіне берген ризығына шүкіршілік айту үшін, мұсылман мен Раббысы арасындағы байланыс.

Бамдат-Таң намазы таң ағарғаннан күн шыққанға дейінгі аралық. Ісрә сұрәсі-77 аятта күдіксіз таң намазына періштелер де қатысады дейді. Расында, таң намазы ел үйқыда, тиыштық уақытта оқылады.

Бесін-күн тас төбеден ауып көлеңке еki есе ұзарғанға дейін. Тал түсте оқуға болмайды.

Намаздыгер-екінті күн батуға тақалғаннан күн батқанша.

Намазшам-ақшам күн батқаннан ымырт үйірілгенше.

Құтпан ымырт үйірілгеннен, таң арайланғанға дейінгі аралықта.

Жұма күні барша мұсылмандар жуынып-шайынып бесін намазын көпшілікпен бірге мешітте оқу, парыз болған. Жамағатпен өтеген намазға жиырма жеті есе сауап қосылады.

Мешіт босағасын аттаған әр мұсылман еki рәкәт сәлем намазын оқиды. Намаз уақытынан тыс оқылған намаз нәпіл (бейнамаз)- деп аталады.

Ісра сүресі-78 аятта Тұннен оянып өзіңе тән нәпіл оқы, Раббың сені бір мақтаулы орынға жеткізеді деген. Жұма намазы әйелдерге, жолаушыға, ауру мұсылмандарға парыз емес. Әрбір намазханның намаз үстінде бастары жабық болуы шарт. Егер ер адам болса, басына

тақия киңіп, әйел адамдар орамал тартуы керек. Және, намаз соңынан ташбиқ тартып Алладан елі—жері, отбасы үшін тілек тілесе қабыл болар. Жалпы, құран оқыған адам жалаңбас болмауы керек. Құран оқитын адам дәретсіз болуы мүмкін, тек құран көрімді дәретсіз ұстауға болмайды.

Мұсылман адам ұзак сапарға жол жүргенде намаз рәкәттарының санын қысқартып окуына, яғни сапар намазын окуына болады. Дене мүшесі қимылға келмейтін адам ишарат-ыммен, көзқараспен оқыса да, қабыл болар. Егер, уақытында намаз оқуга жағдайының келмесе, құтпан немесе таң намазында каза болған намаздың парыздарын қосып оқып, өтеуге болады.

Құрбан айтта және ораза айтында айт намазы оқылады. Таңғы намазда, тұн жарымында, жаңбыр жауганда тілеген тілек қабыл болар деген.

Мәшіүр Жұсіп атамыз:
Әуелгі әлін Алланың аты болар.
Би бес парыз адамның жасы болар.
Кімде—кім құран кәрім сөзін білсе,
Аузында асы, астында аты болар.

Тұрарда таң намазға кер боларсың,
Шығарда шыбын жаның тер боларсың,
Үстіңе алабота-жусан шығып,
Бір күні аяқ басар жер боларсың

Дүниеге мойын бұрған біз бір есер,
Есер пенде шайтанмен әзілдесер.
Таудан биік күнәміз болса дағы
Аллаға шын жыласаң өзі кешер—деғен.

Адам қайтыс болғанда жаназа намазы оқылады.
Егер мәйіт өз-өзіне қол жұмсаған адам болса,
жаназаны имамның басқа көмекшілері
шығарады. Жаназа шығарар имамның он екі
мүшесі, ақыл-есі дұрыс болуы шарт. Егер мәйіт

ер адам болса, имам бас жағында, әйел адам болса орта шенінде тұрып, жаназа намазы оқылады. Күн шықпай, тал тұсте, күн батып кеткен соң жаназа намазы оқылмайды. Құдай жолында қайтқан адамды (шахит) жуындырмай киімімен, қажылықа барған адамды өзі оранған ихраммен жерлейді. Ихрам қажыға барған адамның қажылық кезінде ине-жінтің, түйменің көмегінсіз оранған екі бөлек мата. Қазақ ұғымындағы кебін есебінде. Бұл салттың бәрі бейбіт заманға арналған. Қазақ даласының кей жерінде сейсенбі күні жаназа шығармайды. Себебі, апта санауын сенбіден бастаған да, сейсенбі жеті күннің ортасына келеді, бейкүн-деп түсінғен. Және, жексенбі күні християндар күні- деп жаназаны тұс қайта, күн дүйсенбіге ауысты деп шығарған. Бұл салт, барша елғе емес тек жергілікті халықтың ұстанған салты. Мәйіт жаназасы шығарылған соң, тек қабір басындаған жерге қойылады. Егер, әлдекандай көлік ауысар жағдай болса, топырак бүйірған жер деп

сол маңға жерлеғен. Атақты ағамыз Ақжан Машанидың атасы Машан би өзін Қарқаралы тауындағы Қарақуысқа жерлеуін өсиет еткен. Жазғытұрымғы уақыт Қарақуысқа жетпей, мәйіт салып келе жатқан сүйреткінің тәртесі сынып, жолда қалады. Жаназаны басқарған Жамантай хан қазақ салты бойынша Машан биді топырағы осы жерден бұйырды деп, сол мандағы дөң үстіне жерлеткен.

3. Зекет беру. Зекет деғеиіміз-байлығы, малмұлкі белгілі шамаға жеткен, дәuletті мұсылманның кедей, кембағылдарға жылына бір рет берер садақасы. Зекетті еңбек ете алмайтын мұсәпірғе, қайыршыға мұқтаж адамға берғен абзал. Немесе, жетімдер үйіне, ел иғілігіне арналған құрылышқа, мешіт, көпір салуға арнаса. Зекет беру адамдарды сүйіспеншілікке, татулыққа тәрбиелейді. Әрі дүниеқоныздықтан, жәдөғейліктен бойын аулақтайды.

4. Ораза ұстau. Адам баласының отыз күн бойына Алланың ризалығы үшін, таң атқаннан,

күн батқанға дейін өзінің бар нәпсісінен тиылуы. Нәпсі деғеніміз адам баласының жанының, көңілінің құштарлығы. Қазақтар оразаны ауыз оразасы ішпек-жемектен тиылу, көз оразасы - жаман нәрсені, адам көзін қызықтыраш затқа қарамау, құлақ оразасы - адамның ой-ниетін бұзар сөзді естімеу, тән оразасы -адам денесін салқындар, рахатқа бөлер жағдайлардан бойын аулаққа салу деп қараған. Яғни, дәрет алғаннан басқа уақытта денеғе су тигізбей, насыбай-темекі тәрізді адам көңіл-хошын көтер нәрселерге жоламайды. Ораза ұстаған едім деп көпшілік жиылған жерге себепсіз бармаған. Кей адамдар ораза үстінде суға шомылып алыш, мен ғұсыл дәретіні алдым -деп ақталып жатады. Ғұсыл-қазақ ұғымында әйеліңмен жұптасқан соң алар толық дәрет. Егер, күндіз ондай шаруа болса оразаң онсыз да бұзылады. Қазақ ұғымында өз әйелің алыс сапардан оралса да оның бетінен сүйсенді оразаң бұзылар, ал көршінің баласы көрші ауылға барып келгенде, мандайынан

ііскесең оразаң бұзылмас дейді. Иә, қасиетті ораза әлдекімдердің ұғымындағыдай, денсаулыққа ғана тиімді емес, ол адам баласының Жаратушсының ризашылығы үшін жылына бір айналып соғар бар нәпсінен тиылып, құлшылық қылуы, яғни отыз күндік синақ айы. Ораза айында әр мұсылман баласы басының аман, денінің саулығы үшін Алланың ризалығына атап, пітір садақасын береді. Пітір садақа негізінен кембағыл, жағдайы жок, жеке басты адамдарға беріледі. Егер мешіт, көпір т.б. адам иғілігіне арналған құрылышқа қаражат тапшы болса соған берғен де абзал.

5. Қажыға бару. Жағдайы бар мұсылмандың өмірін де бір рет Байтолаға қажылыққа барып, қасиетті Қағба мен Пайғамбар мешітіне зиярат етуі. Құдайға шүкір, қазір заманымыз тиыш, қажылыққа барам деғен әр мұсылман үшін қаражаты болса болды, елімізде бар жағдай жасалған. Ақшаң мен ниетің болса болды, ұшаққа отыр да, тарта бер. Бірақ, осы қажылыққа

барып келғен адамдардың барлығы қажы ма? Мен, өз басым Байтолаға барып қайттым, бірак қажымын- деп айта алмаймын. Қажылығымның қабыл болған, болмағанын Жаратушым бір өзі білер. Көпшілікпен бірғе бардым, көрдім, қайттым. Көппен бірғе Мәдинада- Ұлық Пайғамбарымыз Мұхаммет Мұстафаның қабіріне басымды ініп, тағзым еттім, Меккеде қасиетті Қағбаны жеті айналдым, Сафа мен Мәруаның арасында жүріп өтін, сағиды орындадым. Арафат тауына шығып, Иемнен күнәмнің кешірілуін сұрадым. Минада-құрбандық шалдым. Барлық қажылықтың рәсімдерін бұлжытпай орындадым. Шынымды айтсам, ештеме сезінғен жоқпын. Бастаушыларымыз не айтса, соны істеп көппен бірғе жүрдім.

Тек, қайтар кезде ғана қоштасу тауабында ғана қасиетті Қағбаның жанында тұрып, өзімнің он сегіз мың ғаламды Жаратқан Иемнің барша жаратқандарының жанында шіркей ғұрлы

құнымның жоқтығын түсіндім. Шіркейде бір қажетке бола жаралған. Ал, біз өзіміздің тек Аллаға құлшылық қылуға жаралғанымызды ұқпаймыз. Ұға тұра мойындармаймыз. Біз, Адам ата үрпактары неше жерден көкірек керсекте, Абай атам айтпақшы, ішіміз боққа толған боқтың қабы ғанамыз. Ішкен-жеғенге мәз болған, екі аяқты пен деміз. Айтарым, қажылыққа бару қандай оңай болса, қажы атану немесе сол атқа лайық болу одан әлде қайда қын. Әсіресе, жас адамға. Жасың пайғамбар жасынан асқан соң, ендігі жерде күнәлі іс істемеспін деғен кезде ниеттеніп, сапарға шықса дұрыс болар. Ұлы Абайдың әкесі Құнанбай қажы қажылықтан келғен соң дүние ісіне араласпаған деседі. Сол бабамыздың ісі дұрыс болар.

Осы арада мына бір аңыз әңгімені айта кеткенім дұрыс болар.

Қасиетті пайғамбарымыз Мұхаммет расулалла бір күні әлденемен айналысып отырған бір картқа назар аударыпты. Қарап тұрса қария бір

шыбықпен жерді сыйып, өзінше күбірлеп отырса керек. Жақындаپ келін сұраса « мен құдайға құлшылық қылып отырмын » десе керек. Пайғамбар оған құдайға құлшылық олай жасалмайды, әуелі тілді кәлимаға келтіру керек, бес уақыт намаз оқып, ораза тұту керек деп үйретсе керек. Аң-таң болған қарияны тастап былай шыққан кезінде Алла тағаламнан уақи келіні. « Ей, Мұхаммет, сен өмір бойы маған құлшылық қылып келғен пендемді бар сенімінен ада еттің ғой » -деғен. Сол аңызға сенсек қазақ баласын ата-бабамыздан келе жатқан діни сенімізден айырып, бейіт басына барма, жетісі, қырқы- деғен шариғатта жоқ. Өлғен адамды бір сағат ішінде жерге беру керек, ол енді әруақ дейді. Сонда бұл пәтшағарлар Пайғамбардың өзін үш күн ұстағанын білмеғені ме. Және бұл шариғат алпыс ғрадус ыстық болып тұратын араб жеріне арналған. Шариғат негізіне салсақ, адам қайтыс болысымен жерлеу керек және қабірден жеті қадам ұзап тізе бүккен кезде,

топырак ұйіндісі көрінбеу керек. Және, отыз жылдан соң қабір үстіне басқа кісіні жерлеуғе рұқсат етіледі. Бұл шариғат тұрғылықты жердің араб елінің табиғатына негізделғен, сол елдің салт-дәстүріне лайықталған. Мысалға, араб елдері исламнан бұрын айға табынған кездері болған. Мешіт күмбезіне айшық қою содан қалған. Және ол айшықты батып бара жатқан ай бейнеленғен. Бұл шариғатқа салсақ, қай қазак әкесінің мolasын қаздыра. Қазақтың қазанында қайнамаған, жүреғінде қан болып ойнамаған, қандай салт болса да бізге жат, одан ешқашан үлғі алып, әдетке айналдыруға болmas.

-Сонда қалай, қайтқан кісіні жерлеуде шариғат пен салт-дәстүрдің арасында айырмашылық барма? Болса, ол неғе негізделғен?

-Айырмашылық емес тек, қосымшалар бар. Негізгі кісі жерлеу рәсімі ислам дініне сай болса да қосымша өз салт-дәстүрімен жүргізғен. Және, қазақ салтының, ырым –жырымының тінті,

мақал-мәтеліне дейін жақсылыққа, тәрбиеге негізделген.

Қазакта үйге кірғен отынды сыртқа шығарма, жаман болады деғен ырым бар. Атабабаларымыз бір кезде кигіз үйде өмір кешкен. Сол себепті, адам қайтыс болып, оң жаққа орналастырылған соң, қашан жер қойынына берілғенше ол шаңыракта от жағылып, тамақ істелмеген. Бұл ретте бұл шаруаны көрші-қолаң атқарған. Көрші хақысы- Тәнір хақысы, көршінің баласы үшін намазынды бұз- деп құдайы көршіні қатты күрметтеғен. Ана дүниеге барғанда алдымен көршінмен қалай тұрғаның сұралар деп, бәрінен көршісін жоғары қойған. Қазақ үйінің есігі қашанды шығысқа қараған. Мәйітті оң жаққа салғанда басы шығысқа қаратып жатқызады, сол себепті де үйден шығарда басымен шығарған. Егер көп қабатты үйде болса босағадан шығарда басымен шығарса болар. Адам сыртта қайтыс болса, өз босағасына әкелғенде де үйге басымен кіргізғен. Атакты

Қасым ағамыз, өмірғе келдім еңбектеп, шалқалап әкем шықты үйден- демей ме. Яғни, өмірғе баспен келін, баспен кету керек. Қазақ үйінің есігі шығысқа қараған. Үйқыға жатқанда аяғын есікке яғни, шығысқа қаратып, он иығына қарап ұйықтаған. Мұндағы негізгі ой, ұйықтап жатып, оянбай қалсам, қабірде жатқандай аяғым шығыста, бетім құбылаға қарасын деғен ниет. Әрі сол иықпен ұйықтаған адамның жүреғіне салмақ түседі. Ұлық пайғамбарымыз да он иықпен жатып, он қолының алақанын жағына жастанып ұйықтаған деседі, Ал, қабірғе салғанда басын солтүстікке, аяғын оңтүстікке қаратып, бетін құбылаға бұрып жерлейді. Жаназа намазын шығарар имам егер мәйіт ер адам болса орта тұсында, әйел болса бас жағында тұрып оқиды. Тірі адам шамасы келғенше аяқты құбылаға, құран кәрім тұрған жакқа және бейітке қаратып жатпағаны дұрыс болады. Мынау жалған дүниеде екі есік бар. Бірінші есікті ашып дүниеге келғен пенде, екінші есікті де ашып, дүниеден

кетері қақ. Тал бесікке тұсken, жер бесікке де жатар. Тағы, бір айта кетер нәрсе қазақ баласына бір-бірінің жалаңаш денесін көруғе рұқсат етілмеген адамдарға сүйекке тұсуғе, бірғе суға тұсуғе болмайды. Қайын атасына, қайын ағасына, балдызына күйеу баласы кіруғе сол сияқты күйеу балаға олар кіруғе болмайды. Сол сияқты ата мен балаға бірғе моншаға, өзен-көлғе суға тұсуғе тиым салынған. Эйелдер арасында да осы тәртіп орын алған.

- Қонақ асы деғеніміз не, және кімдерге арналған?

- Ертең жерлейміз деғен күші арнайы қонақ асы немесе үші беріледі. Қонақ асы негізінен жақынжуық алыстан келген ағайынға арналған. Асқа бар болса жылқы малы немесе сиыр сойылып, оған ұсақ мал еті араластырылады. Қонақ асына жылқы сою, немесе тұсына жылқы байлау ана жаққа барғанда мініп жүрсін деғен ниеттен туындаған.

Ораза намаз тоқтық та, қарының бір күн аш болса, сөлдең қалар боктықта деғен. Құдайға тәубә еліміз аман, жеріміз тиыш тоқшылықта өмір сүріп отырмыз. Қазіргі молшылық заманда өліктің артын той қылып өткізу, бәсекеге айналып бара жатыр. Тұрлі тәтті дәмдермен қатар, жеміс-жидек қою, салат жасау ерсі көріпіс. Тіпті той дастарханымен, дұға дастарханының айырмасы аз. Той дастарханына шелпек қоймаса, дұғада торт жок. Онымен қатар қайдан келғені белгісіз дастархан талапайы сияқты, жат қылықтар сыналадап кіріп барады. Kisi дастарханына билік айту жараспас, деғенмен арты тойға айналар жасы жеткен адамға болмаса, жас өлікке ерсі қылық. Адам қайтыс болған күні құдайы нан немесе шелпек пісірілсе де, жерлеп болғанша дұға оқылмайды. Қонақасыға алыс-жақыннан бауырыма топырақ салам деп жиналған туыстар дастархан басында марқұмның тіршілігінде істеғен жақсы әдет-қылықтарын, ізгі қасиеттерін айтып отырысады.

Мәйіт үйде жатқанда құлагы ашық, естін жатады деп, тек жақсылығын айтуга тырысады. Ал жаназа намазы шыққан соң тек артында қалған агайынга көңіл айту керек. Жалпы, қазақ баласы өлген адамның артынан жаман сөз айтпаган, күнәсін ауырлатпайық деп. Өлгеннің жаманы жоқ, тірінің одан аманы жоқ деген осы. Және бір салт бойынша үйдегі айналың бетін жабады. Қазіргі гылым дәлелдегендей айна өзі көргенін ешқашан ұмытпайтынын, оның қайта көрініс берерін атам қазақ қайдан білген.

Қазірде әдетке айналып кеткендей қырқы, жылын берген де, тойда тост сөйлегендей сөз айтып, және ол адам өзінің жамандығынан өлді, әйтпесе меінмен бірге жүріп еді -дегендей сөз сөйлеу тінті ерсі қылыш. Еске алғыңыз келсе, марқұмның артында қалдырган үлгі-өнегесін, жақсы әдет қылыштарын сөз қылышыз. Жетісін бергенде артындағыларга көңіл айтып, қырқында жұбату айтып, жылында марқұмның жақсы қылыштарын айтыңыз. Мені еске алып жатыр деп

бір аунап түсіп жатсын. Қайтқан адамға қашанда құрмет болуы керек.

Мәйіт неше күн үйінде болсада, шымылдық ішіне шырақ жағылып, жақындары мен молда бірғе отырып шілдеханасын күзетеді. Тұнғілікте шырақ жағу қырқына дейін ұласады. Қазақтар әдетте бейсенбі—жұма күндері әруақтарға арнап құдайы нан шелпек пісіреді. Егер шелпек пісіруғе уақыты келмесе, отқа май тамызып тие берсін деп жатады. Себебі үйге келген әруақ құр кетпесін риза болсын деп. Сенім бойынша қайтқан адам қырқы өткеше шыққан үйіне келеді, майдан жасалған шырақтан нәр алады. Үлкендер жастарға басу айтып, көңіл суыту үшін бұрынғы дүниеден өткен ата-бабалар өсиетін еске алысып, кейде қиса да оқылған. Яғни, өзекті жанға бір өлім барын ұқтырған. Қазіргі заман талабына қарай көп қабатты тар үйде мәйітте неше күн ұстая қиын болар, деғенмен өз шаңырағына бір күн түнетіп, соңғы сапарға өз босағасынан аттағаны дұрыс болар. Тас түскен

жеріне ауыр болсада ағайын болып, қаралы үйдің қайғысын бірлесе көтерген. Жасы үлкен адамдар қаралы үй иелерін тұн баласына өздерін ғана қалдырмай, бірғе болып, көңілдерін аулап, сабырлылыққа шакырған.

Мынадай бір аңыз бар.

Пайғамбарымыздың заманында бір адам өзі әлі мұсылман болмаса, да ұлық пайғамбардың істеп жаткан әрекеттері мен уағызын ұнатып, қонаққа шакырғысы келеді. Содан әйелімен ақылдасып, сен ана тоқтыны соя бер, мен барып шақырып келейін депті. Оның шақырысын қабыл алған пайғамбарымыз тек мен жалғыз бармаймын мына жанымдағылар да бірғе табақтас болады . Ас жетпейді- деп, уайымдама шүкіршілік қылсақ бәрімізғе жетер дейді. Сол уакта, шешелерінің тоқтыны қалай бауыздағанын көрғен үлкені кішісіне айтып келеді. Шешем әлғінде тоқтыны бауыздады- деп. Қалай деғенде көрсетпекші болып, інісін бауыздап тастапты. Қаннан шошып қорықкан өзі де, пышаққа жығылып мерт

болады. Бұлардың жайрап жатқанын шешесі қонак келер алдындаға көрсө керек. Пайғамбар келіп тамағын ішін кетсіп, дәм алдында көңіл күйін бұзбайық - деп күйеуі екеуі балалар жатқан бөлменің есігін жауып қонағын қарсы алады. Қонақтар келіп пайғамбарымыз табаққа қол созса, Жебіреіл періште: « осы үйдің балаларын ұмытпа » - депті. Пайғамбар табақтан қолын тартып алып, сенің балаларың қайда шақырсаншы - депті. Оған балалардың шешесі балалар ойнап кеткен, сосын іshedі ғой деп, өз-өзін сабырға шақырып зорға айтады.

« Ә, олай болса » деп пайғамбар қолын табаққа созса, тағы да Жебіреіл періште « осы үйдің балаларынан бұрын дәм татпа » -дейді. Пайғамбарымыз табақтан қолын тартып алып, « шақыр балаларыңды, бірғе табақтас боламыз, шақырғанда келмейтіп бұл не қылған балалар » дейді. Бұдан әрі шыдай алмаған үй иесі пайғамбарға болған жәйтті айтып, сіз тамактанып болғанша сабырлылық қылып едік-

деп шынын айтады. Сол кезде ұлық пайғамбарымыз күліп жіберіп « онда барыш шақырып келе ғой бірғе дәм таталық » - депті. Ата-анасы жүгіріп барса, екі ұлы ойнап отыр еken. Содан пайғамбарымыз үй иесіп бұл адам сабырлылардың сабырлысы болды - деп басқаларға ұлғі тұтқан. Бұл Аюб сақаба Стамбул шаһарында жерленғен еken. Кейінде, ислам жаулары барша құндылықтарды жойған кезде басына салынған мазарын құлатып, жермен жексен еткен. Бұл кісінің басына серіктегі бір шынар шыбығын ексе керек, кейінде сол шынар бойынша тауып алып, басына үлкен мешіт салып құрмет көрсеткен. Мен Істамбул шаһарында болғаным да осы Аюб сақабаның және ұлық пайғамбарымыздың сақалы сакталған мешітте болып зиярат қылдым. Бұл мешіттің иесі ерте заманда Істамбул шаһарының басшысының күйеу баласы еken. Осы мешітті көтеріп жатканда, әлдекімдердің жаласымен дарға асылған. Кейінде, бұл істің жала екені

анықталып, шаһар басшысы мешіттің қалғанын өзі көтереді. Күйеу балам алдындағы күнәмді қалай жуам -деп Мысыр еліне кісі жіберін, сонда сақталған ұлық пайғамбарымыздың сақалының бірер талын әкеліп, мешітке сыйға тартады. Бұл сақалдың осы заманға жетіп сақталуына, Арыстан бап бабамыз себепкер. Ол кісі кезінде пайғамбарымыздың жеке шаштаразы болыпты. Ислам әлемінде тағы бір сабырлы адам- ол Аюб пайғамбар. Денесіне түскен құртты, Алла тағалам сенің несібенді менің денемнен берғен - деп, түсіп қалғанын қайта орынына салып қояды еken. Эйелі де тастап кетін, кейінде қайтып келғен. Әбден сынаудан өткен пайғамбарға Алла тағалам аян берін, бір бұлак суына әйелі мен екеуін шомылдырады. Сол сөтте екеуі де баяғы жас күндеріне келғен -деп аңыз айтады. Бұл қасиетті бұлак Қырғызстан жерінде Жалалабат аймағында Аюб бұлағы- деп аталады. Әңгімеғе негіз болған сабырлылық. Ата-бабаларымыз қандай жағдай болмасын көпpen көрғен ұлы той

-деп сабырлылыққа шақырған. Тіпті, ертең аспаннан тас жауады десе, әуелі жаусын сосын көреміз де -деп күлкіге айналдырған . Не қыындық болса да сабырлы болғанға не жетсін, әрине айтуға оңай. Атам қазак Ей, Аллам берғеніңді алсанда, береріңді тима -деп тәубеге келін, өзін де өзғені де сабырға шақырған.

-Дәлел айту деғеніміз не? Оның қайтқан адамға пайдасы барма?

-Дәлел айту деғеніміз қайтқан адамның тірлігінде орындаған алмаған намаз , ораза т.б құлшылықтарының орынын толтыру үшін көпшілік болып көлима айтып, ташбиқ тарту. Бұл рәсім марқұмды ертең жерлейміз деғен күні мәйіт жатқан бөлмеде оңаша жерде өткізіледі. Ауызында бісмілләсі бар оншакты адам жақынжуықты ортаға ала отырып, тәшбиқ тартады. Кемі мың рет тартылса, сауабы соғырлым көп болмақ. Кейбір адамдар дәлел айтуға қарсы пікірде, себебі көлиманы адам тіршілігінде өзі айтуға тніс дейді. Ал, қазак салтында бұл салтқа

қатысар адам толық дәретпен кәлима айтып сауабын садақа есебінде марқұмға арнайды. Пайғамбарымыздың айтуы бойынша қайтқан адам үшін жасаған әрбір садақа қабыл болып сауапқа жазылады. Және асханада, мейрамханада толық тазалығы жок көпшілік ортасында дәлел айтқан дұрыс емес. Салт бойынша толық дәретпен, Алланы еске ала отырып, мәйіттің жанында болып бағышталса сауабы мол болар. Ташбиқ тартудың тағы бір түрі бар. Егер ниет қылып, бір адамға арнап, жетиіс екі мың рет ташбиқ тартсаңыз құран аударғаның сауабы жазылар. Және мұны қайтқан адамға да, тіріге де арнауға болады. Ескеретін бір нәрсе ташбиқты сұқ саусақпен тартуға болмайды. Қазак атамыз сұқ саусақты арам саусақ деп атаған. Оны мен айды, күнді, бейітті, кісіні көрсетуғе тиым салған. Білген кісіге күнделікті тартқан ташбиқтың берері де, сауабы да мол.

-Топырак салу деғен не және қалай атқарылады?

-Қазақ ұғымындағы топырак салу рәсімі жиналған көпшіліктің әрқайсының өз қолымен салған топырағы жақсылық жағына салмақ болар- деп ұғынған. Адам көзі тек топыраққа тойған, көпшілік салған топырак күнәсін азайтып, жақсы жағына салмақ болар. Ол үшін мәйіттің беті жабылмай тұрып, кеудесіне ак шүберек қойған. Әрбір жерлеуғе қатысқан адам үш саусағымен топырақты шымшып алғып, майдалап үғіп ауызына жақындастып үрлейді. Сосын, «Топырақтан жаралдың, топыраққа оралдың, бақұл бол бауырым »- деғен ниетпен салады. Топырак салынып болған соң, шүберек түйіліп бас топырақпен бірге қайтқан адамның жақсылығына салмақ болсын- деп бас жағына қойылады. Арнайы шүберек болмаған жағдайда топырақты мәйіттің жан-жағына сепкеніңіз дұрыс. Бас топырак деғеиіміз, қабір қазар алдында бас жағынан қазылып алынған, алғашкы

топырак. Көптен топырак бұйырсын, топырак салуға үлгесін деғен сөздер осыған бола айтылған. Кейінгі кезде шелектен шелекке, немесе қаптан қапқа топырак салғызып салттың рәсімі бұзылған. Сонда, топырак салуға үлгөрмеген ағайын басына барып, топырағын уыстап ұстап, қайта салса болғаны ма. Бұлай бола берсе жерлеуғе де бармай-ақ, кісі жалдармыз. Қазақ халқы әрбір істеғен іс қимылында басқаға жақсылық ойлаған, осы бір тәрбиелік мәні зор салтымыздан айырылып қалмайық. Ұлы Мұқтар атамыз дүниеден қайтар алдында, Мәскеу қаласына отаға бара жатып, өзінің жақын бауырларына « маған ертең отыныңды өзіңмен бірге ала келдің бе демесін » деп ескертіпти. Не деғен сөз, « мені орысша табытпен жерлемендер, ата салтыммен кетейін » -деғені емес пе. Ұлының ұлылығына дауа барма. Ұлылықты ешкім сұрап алмас, жарлықпен бекітілмес, тек ұлы уақыт өзі мойындатады.

Меніңше бұрынғылардың қой баққаны да, ой баққаны да бізден өлде қайда жоғарыда тұр.

-Қайтқан адамға арналып үші, жетісі, қырқы беріліп жатады. Не үшін және қалай беріледі?

-Ислам дінінде мұндай рәсім жок. Басқа діндерде мысалы християнда, будда діндерінде атап өтіледі. Сірә тамыры өте теренде жатса керек. Қазақ ұғымы бойынша жеті күнде қайтқан адам қабір азабынан өтін, сұрақ-жауапқа тартылады. Осы кезде артта қалған ағайынтуғандар бір жерге жиналып, Жаратқан Иеден марқұмның бұл дүниедегі біліп-білмей істеген күнәләрін кешуін сұрап, тартар азабын жеңілдетуін тілеп дұға қылады. Көп тілегі қашанда қабыл болар деғен сеніммен. Салт бойынша жиылған адамдарға садака есебінде табақ тартылады. Және қашан жетісі өтпейінше, әйел адамға қабір басына баруға тыым салынған. Себебі, онсызда қабір азабынан қиналған жанға, әйелдердің қабір басында жылап-сықтауы ауыр тиеді. Толық жеті күн болғанда арнайы ұсак мал

шалынып, дұға жасалып, молда ертіп баруға болады. Сол сияқты қырық күн өткенде, марқұмның ендігі жатар орыны белгілі болды деп, тағы да Алла тағаламнан кешірім сұрап дұға қылады. Атамыз қазақ адам баласы анасының құрсағына біткеніне қырық күн толғанда Алла тағалам жан бітіреді дейді. Бала дүниғе келген соң қырық күн толғанда енді адам қатарына қосылды деп қырқынан шығарады. Адам жаны денесінен қайтыс болған соң тек қырық күннен кейін келмеске кетеді. Қырқы өтер күнге дейін арнайы тапсырма алған молда, ниет қылып құран кәрімді бір аударып, оқып келіп қатым түсіреді. Арабша хат танымайтын адам болса құран аяттарынан кемі бес аят оқып, дұға қылады. Мұны сағира деп атаған. Және, жетісі, қырқын әйел адам болса толық күнін толтырып, ер адамға жеткізбей өткізуғе болады. Жаңа туған қызы баланы қырқынан қырық күнге толтырып барып шығарады, ал ұлды жеткізбей шығаруға болады. Қырқы өткенше әйел адамға жиын-тойға

баруға, көңіл көтеруғе тиым салынады.

Қырқынан кейін ағайын арасында тамакқа шақырып, көңілін сергітеді. Қазақ дааласының кей жерінде тоғыз күн, елу тоғыз күн, жұз күн болды депте дұға бағышталып жатады. Бұл жалпы халықтық емес, негізінен жерғілікті салт.

Тағы бір айта кететін жайт, жаназа намазын оқыр алдында имам көпшілікten мынау адамның қарызы бар ма, болса ақы иесінің төлеуін сұрайтын салт бар. Бұл жерде имамның айтқан қарызы тек ақша емес. Пенде болған соң адам баласы күнделікті күйбең тіршілікте бір- бірімен жұз шайыспай тұра алмас. Алла тағаламның кешпейтін күнәсі жоқ, десекте адам баласы өз арасындағы қарызды өзі шешуі керек. Сол себепті де казақ арасында кешу алысу деғен рәсім бар. Жағдайы нашарлаған адамға ағайындары барып өткен істеріне кешірім сұрасқан. Тінті ерлі-зайыптылар да бір-бірінен кешу алысқан.

Бір аңыз әңгімеде.

Ұлық пайғамбарымыз дүниеден өтер алдында сахабаларын жиып, « менің Алланың аманатын тапсырап уақытЫМ жақындады, кімнің менен алашағы бар, алЫндар » -деп жар салады. Сол кезде пайғамбардың түйесін жетектеген бала, болашақ Үкаша әулие « менің алашағым бар, бір соғыста менің арқама сіздің шыбыртқының тиғен » - депті. Олай болса алашағынды ал, деғенде Үкаша сіздің шыбыртқының тиғен кезде менің жейдем де болмаған еді-дейді. Сөйтіп, Үкаша бала ұлық пайғамбарымыздың жейдесін түріп, арқасындағы Жаратуштының салған мөріп сүйіп алса керек. Сол сэтте мынау дүние бір сэтке жапжарық болып кетіп еді- деседі. Қазақ салты бойынша пенделер арасындағы осы берешек қырқы өткеше кешірілуі керек. Жолаушыдан бір атым насыбайға бола көнілі қалар қазақ баласы, ағайынға келғенде тіпті өкпешіл. Сынған айна тәрізді қайта қалпына келуі қын қалған көнілді қалпына келтіру қын-ак. Бірде

Пайғамбарымыздың екі немересі Хасен мен Құсаин ренжісін қалса керек. Содан кішісі ағасының ісі қисық болса да, үш күннен кейін келін өзі кешірім сұрапты. « Аға, мен сізді үш күн тосып едім, кешірім сұрап деп, келмедіңіз енді жұмақтың төрі маған бұйырылды »- депті. « Кім де кім бірінші кешірім сұрап болса жұмақ төрі соныкі »- деғен пайғамбар сөзі бар. Сол себепті де, біздің асыл бабаларымыз араздасқан ағайынды тезірек татуласуға шақырған, және жыл ішінде тұтас бір айды кешірім айы атаған. Ол Ұлыстың ұлы айы, ұлық Наурыз. Ағайын адам қанша өкпелесе де жыл бойғы өкпесін осы наурызда тарқатып бір-бірімен қауышып, көріскен. Жаманың ашуы жағы жерге түскенше, жақсының ашуы жібек орамал кепкенше деғен емес пе. Кешірімді бол, кешірімді болсаң Аллада сені кешірер деғен. Ұлы Абай дүниеден өткенде бір әумесер, Оразбайдан сүйінші сұрап шауып келсе керек. Сонда Оразбай сүйінші сұраған адамды

камшымен қақ басқа бір тартыпты. « Абай өлді деғенше, мынау сүм дүниеде әділдік өлді десенші. Мен Абаймен алыссам, Абайдай бола алмадым деп, алыстым. Ендігі жерде Абайдан қалған өмірдің маған да керегі не » -деп жаназа намазына асыққан. Асыл бабалардың әр сөзі, ісі бізге үлғі-өнеге емеспе.

-Жылың беру немесе ас туралы не айтасыз?

- Жылы деп адамның қайтқан уағына жыл толған кезді айтады. Қырқы өткен соң, күн жылы кезде марқұмға арнап бейіт қаланып, көк тас қойылады. Осы арада көктасқа марқұмның бейнесін салған дұрыс па деғен сұрақ туады. Ислам дінінде жандының бейнесін салма, ертең Аллатагалам салған суретіңе жан сал, жан салу менің қолымда сен маған ширик жасадың дейді деғен ұғым бар. Бұл негізінен адамдардың суретке қарап дуа жасауына қарсы салынған тиым болуы керек. Мынадай бір тәжірибие жасалған. Бұл дүниеде құстың балапанынан әдемі жанды зат жок болар. Тәжірибиеге

тауықтың ондаған шібилерінің бірін алып, суретке басып шығарған. Оны көптеп шығарып таратып жіберсе керек. Екі-үш күннен соң жаңағы шіби өлін қалған. Зерттей келе шібидің суретіне әр адамның сүйсіне қараған көзі өтін кетін өлғені анықталған. Мүмкін, сол сияқты себептен адамның көзінің сұғы өтпесін, дуаланбасын деғен ниеттен туған болар. Өте ерте кездегі бабалардың құлпытастары жоғалған немесе болмаған да шығар. Қазіргі заманға сай әртүрлі тастан көктас қойып, оған аты-жөнімен суретін қойса несі айып. Кей адамдардың атын білмесеңізде суретінен танып дұға қылсаңыз сауап болар. Негізінен алғанда бұл ақы иесінің шешер жұмысы.

Бейіт соғардан бұрын есігі шығысқа қарауын ұмытпаған жөн. Осыған орай есік жағынан қарағанда төрт құлағына орнатылар айшық жаңа туған ай бейнесінде болғаны дұрыс. Егер, бейіт жаңа қайтыс болған адамға арнап соғылса, бірінші жатар адам шығыстан қарағанда сол жак

бетке жерленуғе тиіс. Бұл салт ерте кезде құлпытас қоймаған кезде кім-кімнен бұрын қайтыс болғанына қарай кімнің қабірі екенін табуға септігі тиғен. Және ер адамның бас жағына бас тас қойып белгілесе, әйел адамға егер ерінің жанында болса, төменгі жағынан тағы бір тас қойған. Бұл жатқан адам әйел адам, яғни қосақ деғен белгі. Екінші адамға қабір қазар кезде бір-бірінің топырағы араласпас үшін бұрынғы қабірғе жамылғы жауып қойып, әркімғе өз топырағы бұйыруы керек. Және бейіт ең кемі екі адамға арнап соғылар. Жалғыз кіслік бейіт, ен далада жалғыз қабір болғанда немесе бақсыға, жынданып өлғен, өз-өзіне қол жұмсаған адамға арналған. Егер бейіт екі адамға арнап салынып, қосағы немесе басқа адам мынау менің жатар орыным- деп белгілесе сол адамды топырағы тосып, көрер жарығы, ғұмыр жасы ұзарар. Әрі қайтқан адам, сол адамның бар ауруы мен ауыртпалығын өзімен бірге ала кетеді. Ал қасиетті адамдарды шама келгенше өзен—су

бойына бинкке жерлеғен. Ана дүниеге кетседе сүйегіне біткен қасиеті ұрпағына су арқылы тарасын деғені болар. Бұрынғы өткен заманда қайтқан адамның жасы пайғамбар жасына жеткен еліне елеулі, силы адам болса, ат шаптырып ас берғен. Бұл салт ел қорғаған батыр, би-шешен, атақты адамдарға арналған. Бұл жердеде ел қорғаған ерлердің ісі халық жадында мәңгі қалар деғен оймен жас ұрпаққа тәрбие болсын деп жасаған. Жыл толған соң тағы да ағайын-туған жиылып, ас беріліп дұға бағышталады. Егер, ер адам қайтса артында қалған жұбайына әменгерлік жолымен таңдау беріледі. Таңдау үш адамға түсіп, бірақ ақырғы шешім әйелдің өзіне қалдырылған. Барлық мәселе ерден кетседе елден кетпесін, балалар басқа жұртқа кетпесін деғен ой. Ислам дінінде елу тоғыз күннен соң жалғыз отыруға тиым салып, басқа ерғе шығуға рұқсат берілғен. Жылы өткен соң бұл шаңыракта да той, ойын-сауық өтуіне рұқсат етіледі. Мұнан кейінгі жерде аза

тұтып отыра бермесін -деп көңіл көтеріліп, өмір өз жалғасын табады. Және, салт бойынша адамы қайтқан шаңырақ үш жыл бойына құрбан айт алдында мал сойып, шек шалуы керек. Кейде адамдар жағдайдың жоқтығын сұлтау қылып, шек шалуды артық шығын санайды. Сонда ана дүниеге кеткен бауырыңын қиналышын жеңілдеткеннен бір тоқты артық болғаны ма. Өлі разы болмай, тірі байымас деғен.

- Айт пен шек шалудың қандай айырмашылығы бар?

- Құрбан айты кезінде мал шалу бұл тірі адамның өзінің басының амандығына шүкіршілік айтып, Жаратқан Иеге арнап шалар құрбандығы. Ал, шек қайтқан адамға арнап шалынар құрбандық. Халық арасында өлінің шегі, тірінің шегі деп те аталады. Айта кететін бір жайт еліміз тәуелсіздік ала қасиетті дінімізде қолға алына бастады. Қасиетті Құран Кәрімді ана тілінде оқитын болдық. Сол аудармалар (Құдай өзі кешірсін құран, пайғамбарымызға Жебірейіл періште

арқылы түскен соң, аударушының дәрежесі сондай болуы керек. Адам баласы ешқашан періште бола алмас) қаншалықты дұрыс. Біз қазақ балалары әлі күнғе, кеше ғана дүниеден өткен Абай тілін толық түсіне алмаймыз. Ал құран кәрімғе мың төрт жүз жыл болды ғой. Алланың елшісі ұлық пайғамбарымыздың төрт қызы, және үш ұлы болған. Ұлдары жас кезінде шетінесе керек. Бір жиын үстінде пайғамбарымыздың қарсыластары сенің ұлың жоқ қу бассың -деп келеке қылады. Бұған қатты назаланған пайғамбарымыз үйіне келін Жаратқан Иесіне мұңын шағып, дұға қылады. Сонда, Алла тағалам тарапынан Әл-Кәусәр сүресі түскен. Қазақша мағынасы Халифа Алтай бойынша. « Мұхаммет шын мәнінде саған Кәусәрді бердік. Сондықтан Раббың үшін айт намазын оқы, құрбандық шал. Расында дұшпаныңың өзі ұрпақсыз қалар ». Кәусәр жәннәттағы бір бұлақ. Соның әсері болар әл- Кәусәр сүресінің мағынасын түсіндірушілер Раббың үшін айт

намазын оқы, құрбандық шал деғен сөздің ретіне қарай құрбандық шалу уақытын айт намазынан кейінгі уақытқа ысырып койды. Бұрын аталарымыз шекке де, айтқа да арнаған малын күн шықпастан бұрын, аяғын байламай қолмен ұстап отырып, отбасы мүшелері жиылыш Жаратқан Иеден осы шалар құрбандағының қабыл боларын тілер еді. Құрбан айтқа мал шалған адам үштен бірін өзіне қалдырып, қалғанын садака ретінде таратады. Бұл кезде ешқандайда әруаққа дұға бағышталмайды. Өйткені, айттық шалған адам Алланың ризашылығы үшін, өз отбасының амандығына шүкіршілік етін, құрбандық шалады. Ал, шек шалған адам Алланың ризашылығы үшін құрбандық шалып, сауабын бұл дүниеден өткен туысына бағыштайды. Ғасырлар бойы ұстанып келген бабалар салты бас аяғы бірер жылда бұзылып, тінті шек шалу рәсімі өтпейтін болды. Тағы бір, тәпсір жасаушылар құранда әйелінді басқадан қызғана біл деғен деп, келіннің бетін

басқа ереккө, тінті өзінің құрдасына да көрсетпейтін дәрежеге жеттік. Қызганыш деген қызыл ит, ішіңе бір кірсе кімге опа берер дейсің. Қызганшак адам үнемі дүrbіден қарайды. Ол кішкентай нәрсені-ұлken нәрсеге, ергежайліні-алыпқа, жорамалды -шындыққа айналдырап. Шын мәнісінде, сол қызгана біл деген сөздің анық магынасы әйеліңе қорғаныш бол емеспе. Қасиетті кітапта ерлерге әйелдерінің киімін әперуге, тамақтандыруга және басқа адамдардан қоргау міндептелген. Қазақ әйелдерінің де бірінші арқа тірер тірегі күйеуі емес пе. Кейінгі кезде жастар мешітке барып неке қидыруды әдетке айналдырыды. Куанарлық жайт, тек махир сұраганы болмаса. Махир дегеніміз үйленіп жаткан жігіттің қалындығына некеден соң тартар сыйы. Молдекеңнің қысауымен өзі несиеге үйленіп отырган жас жігіт тон, жүзік әперем деп құтылуы мүмкін. Той тараган соң егер келін сен Алланың үйінде берген уәденді орында десе қалай болар. Жагдайың болса жақсы, болмаса

ше. Тагы несиеге кіру керек пе?. Осыдан барып жастар арасына сызат түспей ме. Атамыз қазак бұл махирды баяғы заман да қалың малдың есебінде жіберді емес пе. « Құста жоқ нәрсе, қыпшакта да жоқ деп » , казакта жоқты танганнан ештеңе ұтпасымыз анық. Құран тірілерге арналған, өлгендерге оның қатысы жоқ дейтіндер шықты. Көрші жапон халқында терезеи ашсан, үйге таза ауа кіреді, ауамен бірге шыбын-шіркейде кіреді деген нақыл бар. Еліміз егемен болып, сыртқы есігін ашып еді таза ауага иіс қоңыстың үйір болатыны сондай небір қазаққа жат нәрселер қаптал кетті. Қасиетті құран кәрімді өз тілінде үйреніп, елге нәр әкеледі деп сыртқа жіберілген бауырлар, ата салтымызга жауша шапты. Араб әмірлігіне, Бұқарага, тінті кешегі Байбарыс бабам билеген мың бір тұн елі Мысырға дейін, окуга барған жігіттер сол елдің салтын салт қылып, өз қагынан жеритін болды. Бет ауызын тұмшалап хиджап кию, мұртсыз сақал қою үрдіс болды. Бұрын басқа діндегілер

кәпір болса, енді намаз оқымаған өз бауыры өзіне кәпір болды. Негізінен кәпір деғен ұғым еш нәрсеге сенбейтін, дінсіздің атауы.

Ғұлама бабамыз өз заманында әлемнің екінші ұстазы болған Әбунасыр әл—Фараби « Тәрбиесіз алған білім адамзаттың жауы » деғен екен. Қасиетті кітапты өз тілінде оқып, жаттап алған бауырлар алған білімінің қадіріне жетпей, басқа жұрттың салт-дәстүрін шариғат деп өз еліне тықпалады. Кешегі әл-Фараби, әл-Хорезми, әл-Бируни бабалардың заманында қасиетті құран кәрім шын мәніндегі ғылымға қызмет етті. Өйткені, құран кәрім жаттап алатын өлең емес, шын мағынасында адам баласына ақиқат жол көрсететін бірден-бір құрал. Онда дүниенің жаратылысы, өткені мен бүгіні, келешегі айқын жазылған. Тек түсінетін пенде қалмаған. Алла тағалам мешітке кіргенде ішіндегі пендеге емес, менің үйіме кіресің дейді. Мешіт Алланың жер бетіндегі үйі болғанымен оның ішінде нәпсіге жаратылған пенде боларын күн ілгері ескерткені.

Құдай өзі кешірсін, қазіргі жағдайда мешітіміз дін орталығынан, қайтқан кісіні жерлеу мекемесіне, немесе сол кісінің асын берер асханаға айналған. Ұлық пайғамбар заманында адасқан пенде пайғамбардан жөн сұрады. Одан кейін сахабалардан, одан кейін сахабалардың көзін көрғен табиғиндерден жөн сұрады. Олардың да заманы өтті үлкен имамдардан сұрады, одан кейінгі кезек әулие-әнбиelerге келді. Оларда өтті дүниеден. Осы уақытта Құл Қожа Ахмет бабамыз мәні кете бастаған ислам дінін қайта көтерін шарықтау шеғіне жеткізді. Бұл заманда өтіп Яссави бабаның білімімен сусындаған шәкірттері қайда баразын білмеғен кезде, Алтын орданың ханы Берке хан оларды жинап, дінді қайта көтерді. Бұл Берке ханның мұсылман дініне өтуіне тікелей ықпал еткен Мысыр билеушісі Байбarys бабам. Шыңғыс хан неше жерден дінге еркіндік берседе, Байбarys бабам мен Берке хан арасындағы байланыс болмаса Мысырды, қала берді бүкіл ислам

дүниесін күйреуден алып қалу мүмкін емес еді. Қаншама заман өтті, адасқан мұсылман жөн сұрайтын адам таппай, қалың-қалың кітаптарға жүргінді. Жүргінді де әркім өзінше топшылап жөн айта бастады. Берке хан заманынан бері жеті жүз жылдан аса уақыт өтті. Асыл дініміз алға басудың орынына, кері кетті. Шын мәнісіндегі бейбітшіл ислам, елге қауінті бола бастады. Бұрында бір бала мешітке барса қуанушы едік, енді сол баладан бір сойқан шығама деп қауінтене бастадық. Кім кінәлі, оны қалай іздесең де таппайсың. Тағы бір, тәпсіршілер ораза айында таңнан кешке дейін Аллатагалам бар жын-шайтанды шынжырлап тастайды деп түсіндіреді. Жаратушы Ием оларға ақиretке дейін бостандық берді емес пе.

Хыжыр сүресі-36 аят. Расында, Ібіліс саған қайта тірілетін күнге дейін кеңшілік беріледі-дейді. Шын мәнісінде барша мұсылман ораза ұстап таңнан кешке дейін барлық нәпсісінен бастартқанда жындар аздыратын адам таппай

әрекетсіз қалмай ма. Әрекетсіз қалу қол-аяқтың
жінсіз байлануы яғни шынжырмен байлану емес
пе.

Ғұлама аталарымыздың бірі Шәкәрім
Құдайберліұлын тындал көрсек:

Тәпсір -деп қасиетін талқан қылыш,

Бұзғанмен Құран болмас адасқан хат.

Жарық нұрдан жаралған Құн жоғалмас,

Бетіне перде жапсаң неше қабат.

Құран сырын ұға алмай бұзса дағы,

Жасырылмай жарқырап түр кәрәмәт

Жаман тәпсір жайылып жер жүзіне.

Дін десе тұра қашты есті азамат.

Бар обалы олардың тәпсіршіде,

Адасып нұрлы аятқа жағылып тат,

Ол қатені түзеген ғалымдар көп,

Соның сөзін оқысам боламын шат.

Тағы бір сөзінде Шәкәрім атамыз:

Тәпсірші деғен атақ бар,

Карсы айтсақ молда қопактар.

Анығын таппай айтылған,

Тәпсірде талай шатақ бар.
Ой-жота мен адасқан,
Пәнші мен дінші тыңдамас.
Жиренін мұны ұнатпас,
Өйткені олар бір езу,
Әдетін тастап шыдамас.
Арланбай бұған еруғе,
Дін тазасын діннен ізде.
Дін шатағын сынға сал,
Анық айна өзінде.
Айда ақылды қаттырақ,
Шала дінде пәнде таппас.
Дін тазасын ой табар,
Еркін ақыл тінті адаспас.
Кезсе кірсіз жарқылдала.....
Анықты ешкім тапқан жоқ,
Іздемей қарап жатқан жоқ.
Ақыл да безді олардан,
Із қарап жүр сонардан.
Байқамай көбі адасты,
Көңілге бірак сол арман.

Дана хакім Абай атамыз өзінің 38- ші қара сөзінде өз заманындағы молдалар жөнінде айтса да, сол сөздің айтылуы осы кезге тура келін тұрғанын қараңыз.

38- ші қара сөз.

«Молдалар тұра тұрсын өсіресе бұл заманың имамдарына бек сақ болындар. Олар фитнә «бұлікшіл» ғалым, бұлардан залалдан басқа еш нәрсе шықпайды. Өздері шариғат жолын таза білмейді, көбі надан болады. Онан асып өзін тарихат жолындағы деп біліп, және біреуді жеткізбек дауғасын қылады. Бұл іс олардың сыбағасы емес, бұлардың жеткізбегі мүмкін емес адам аздырушылар қате дінге заарлы дұр. Бұлардың сүйгені- надандар, сөйлеғені-жалған, дәлелдері тасбиғы мен шалмалары, онан басқа ештеңе жоқ. »

Бұл екі ғұламадан асып, ешкім сөз айта алmas. Өнерлінің тасы емес, ақшалының басы өрғе домалаған заманда не деп болар. Ауызы қисық болса да, бай баласы сөйлеғен заман қайта

орнады ғой. Жақсысы кетін, жаманы қалған, бидайы кетін сабаны қалған, пығылы бұзылып араны қалған. « Дұмшенің кешірседе мың қатесін, ғалымның кешірмейді бір қатесін »- демекші ак-карасын Жаратушым өзі айырап. Біліп -білмей істеген күнәнің да салмағы әрқилы болар. Алланың елшісі бір қадисінде « әр нәрсе адамның сөзіне, ісіне байланысты емес, ниетіне байланысты » деген.

- Жетісін, қырқын беру, жыртыс тарату деғен ысырап деп жатады.
- Әуелі бұл жерде қазақ халқының ұлттық ерекшелігін айтқым келеді. Басында айтқанымдай салттың өзі көпшілік болып, Алладан тілек тілеуден шыққан. Күйс үйден құр шығармас қазақ салты жиналған қауымға әрине табақ тартады. Бұл да қайтқан адамға арнаған садақаның бір түрі. Шаригатта ораза үстінде, әдейі ауызын ашқан адам, алпыс кісінің қарынын тойдыруға міндеттеледі. Бір сәттік осалдыққа қаншама қаржы шашылады, бұл ысырапқа

жатпайма. Ал, қазақ өз ағайынына еш қашан салмақ түсірмеген. Бұл жағдайда да қайтқан адамға арнап бата жасау дәстүрімен малын, ақшасын жиып берғен. Қазақ ортасында торқалы той да, топырақты өлім де тек ағайынның көмегімен іске асырылған. Тінті атақты адамдарға ас берілғенде алдын ала сауын айтылып, болар күнін хабарлаған. Асқа шақырылған адамдар сойыс мал, қымызын молынан жиып асқа өз үлесін қосқан. Ал, ысырап деғеніміз- Алланың өзіне берғен ырзығын текке шашқанға айтылар. Якки халыққа керек мешіт, көпір салудың орынына барынды болmas іске шашсан, ысырап деғен сол болар. Ал, жыртыс деғенге келсек бұл ырым ұзак жасаған сыйлы адамдар дүниеден қайтқанда « жасын берсін, жақсылығын берсін »- деп ырымдап, киғен киімін таратып алған. Біздің үлкен үйде де Қасым ақынның ағайыны 104 жас жасаған Ақжан атаның көйлегі бар. Әу баста адамның киғен киімін тәбәрік ретінде алса

кеінде заманына қарай ырымдап жыртыс таратылған. Жасы алпыстан асып, жетпіске қараған адам үшін орамал таратып, жетпістен әрі жасын берсін деп ырымдап жыртыс берсе дұрыс болар. Бұл таратылған шүберектің ешкімге керегі де жоқ. Бірақ қазак сол орамалмен немересінің бетін сипап, қайтқан адамның жасын берсін, бейнетін емес зейнетін берсін деп, ырымдаған. Жақсы лепес-жарым ырыс. Жалпы қазак халқының әрбір ырымы жақсылыққа негізделген. Мысалы, қазак баласы басқа үйге қоныс аударғанда үй ішін сыптырған жинап « маған болған жақсылық келер үй иесіне де болсын » -деп босағаға ақтық байлады ырым етеді. Ал, орыс ағайындар кетерінде « бар жамандығым осы үйде қалсын »- деп артын тазаламай кетеді. Сондықтан да, олар үйге бірінші болып кірген адам тастап кеткен лас энергияны қабылдар деп, адам орынына мысықты кіргізген.

Қасиетті кітапта « Жақсылыққа бастаған істің алдынан шықпа » дейді. Және, бір айтатыны казак қашан да көп тілегі қабыл боларына сенген. Халық құдайдан бір-ақ жас кіші, немесе халық қаласа хан түйесін сояр деғен сөз де бар.

Мынадай бір мысал әңгіме бар.

Бір адамның жасы ұлғайса да баласы болмай, әулиеден әулие аралап Жаратқаннан бала сұрайды. Қайда барса да тілеуі болмай, бір күні « Ей Алла бір бала берде өзің ала берші, ең болмаса ұлы болып еді, деғен атым қалсын » деп зар еңірейді. Сөйтіп жатып, ұйықтап кетсе керек, бір аксақалды адам келіп, « Ей балам орныңнан тұр сенің әулиеден-әулие қоймай зарлаған үніңе шыдай алмай барша әулие жиылып Жаратқаннан тілеу тіледік. Біздің тілегімізді Алла тағалам қабыл алды, бір ұл берді, жеті жасқа дейін қызығын көр. Жетіге толғанда өзім алыш кетермін » деп аян береді. Айтқанындай ұлды болып, төменгі елді шақырып төбел бие сойғызып, жоғарғы елді шақырып жорға бие

сойдырып деғендей ұлан асыр той қылады.
Баласының қызығына тоймай, әне-міпе деғенше
жеті жылдың да келіп қалғанын байқамайды.
Уақыты келгенде балам жетіге толса алып
кетеді-ау, деғен ой күндіз-түні есіпен шықпай
жеғідей жейді. Баласына қалай айтарын білмей,
қой не болсада баламның барында бір той жасап
қызықтайын деп, еліп жинап той жасап, тіріге
шапан жауып, өліге дұға қылады. Жиналған
үлкендердің батасын алып қалсын деп
жеткіншегіп су құйғызады. Той да тарқайды
жеткіншегі де діп аман өсіп келеді. Көнілдегі
уайымы басылып жүргенде жыл айналып,
баласы сегізге жақындайды. Тағы да, уайым
кірғен аксақал өткен жылғыдай ас беріп,
баласына үлкендердің қолына су құйғызады.
Баласы тағы да, аман-есен өсіп тоғызға
жақындағанда тағы да ас береді. Той өтіп, ел
тараған соң баласының амандығын көріп,
көніліне күпірлік кіріп, жеті жасқа келгенде алам
деп- еді мені сынағаны болды ғой деғен ой

келеді. Сол күні көнілі толып ұйықтап жатса баяғы ақсақал келіпті. « Сен балам әулиеден-әулие қоймай бала тіледің. Ақыры балам болды деген аты қалсын деп зарланғаныңды көріп, барша әулие Жаратқаннан бір ұлды сұрап әперіп едік. Жеті жасқа келгенде алармын дедім. Балаң жетіге келгенде амалын таптың. Ас беріп өліге дұға багыштаттың, балаңда үлкендердің қолына су құйғыздың. Әрбір үлкен шын ниетімен, ақ батасын берді емес пе. Жасың ұзак болсын, өмірлі бол, өркенің өссін- деп. Үш жыл қатарынан көптің тілеген тілегі, ақ батасы қабыл болып, Жаратқан Иең балаңның өмір жасын ұзартты, енді алаңсыз өмір сүре бер » - депті. Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас деген емес пе. Көп тілегі көл деген осы да. Халықтың тілеуіпде, елдің алғысына бөленіп жүргенге не жетсіп. Біздің Әнет баба, Бұқар жырау, Төле би, Қазбек би бабаларымыздың да, көп жасау сыры осында жатыр емес пе. Әйтеке би бабамыз өмірім өзгенікі, өлімім өзімдікі деген екен. Егер,

сіз жасыңыз ұлғайған шағында бір жетімді асырап алсаңыз, оның сізден басқа жанашыры болмаса, баланың қолы ауызына жеткенше, Алла тағалам сіздің өмір жасыңызды ұзартар.

Қазақ халқында көпшілік болып, тілек тілейтін тасаттық жасау деғен салт бар. Көбінесе жауын жаумаған құрғақшылық жылдары әулие басына барып құрбандық шалып, бірін-бірі суға тоғытады. Бұл кезде ешкім де, реніш білдірмеуғе тиіс. Жауын жаумай қалса, сенің ниетіңнен болды деп түйебас жасаған. Қалың өрт жылдары да тасаттық жасап, өртке ақ құйып бетін қайтарған. Сол сияқты шабыншылыққа ұшыраған ағайынға үме жасап мал жинап беріп, баспана салғанға асар жасап көмек көрсеткен. Кейде мал берешек болған ағайынға, жылу жинап оған да, жағдай жасаған.

У ішсөң руыңмен, деп не жағдай болса да бүкіл ру болып көтере білғен. Ру ішінде бір тентекке айып салынса, оны да руластары құтқарған. Ру ішінде жесірін жатқа бермей, жетімін

жылатпаған, абақтысы болмаған, бірден-бір ел осы қазақ шығар. Көп қорқытады, терең батырады, көппен көрғен ұлы той деп қашанда көппен бірғе адасқанға не жетсін. Жарты әлемді жаулап алған Шыңғыс хан баба өзінің Жеті ортақ деғен заңында—

Байдың малы ортақ, батырдың жаны ортақ,
шебердің қолы ортақ, шешеннің тілі ортақ,
балуанның күші ортақ, аттының аты ортақ,
тондының тоны ортақ деп атап көрсеткен.

-Қасиетті Құран Кәрімде « Жақсылықта, жамандықта менен » деғен сөз бар ма. Олай болса, яғни, бәрі Алладан болса неғе біз жақсылыққа ұмтыламыз деғен занды сұрап туады.

-Біріншіден бұл сұраптың жауабы да қасиетті кітапта айтылып кеткен. Жазуда « мен пендеме тек ниетін қалдырдым, басқаның бәрі менен » деғен аят бар. « және сен маған бір қарыс жақындасан, мен саған бір адым жақындеймын, сен бір адым аттасан мен саған қарсы жүгіремін

» дейді. Яғни, әр жасаған жақсылық екі-үш есе жақсылықпен қайтады. Ал, жамандыққа өз салмағындағы ғана жамандық тиесілі. Міні, құдіретті Алланың пендесіне жасаған кеңшіліғі. Атам қазақ мұндайда жақсылыққа жақсылық әр адамның ісі, жамандыққа жақсылық ер адамның ісі деғен. Басқа бір адамға жасаған жақсылық ол саудағердің несиеғе берғен пұлы емес, сол адамнан қайтып алам дейтін. Қазақ баласы қашанда жақсылықты құдайдан қайтсын деп жасаған. Жұсіп Баласағұни бабамыз Құдатғу Білік атты кітабында- жақсы болғың келсе, жаман сөз айтпа -депті. Бәрі адам баласының қандай ниетте еkenіне байланысты. Ал, ниет деғен сондай бір кішкене ғана, атқарап ісі таудан да үлкен. Жалпы, біз қазақ халқы ниетке өте бай халықпаз. Мен 2010 жылы Алла нәсін қылыш, Мекке-Мәдинәға барып, қажылық парызымды өтедім. Сонда, Медине шаһарында жатқан мейманханамыз қасиетті Пайғамбар мешітінен онша алыс емес еді. Намазға шақырған азан

дауысы естілісімен бәріміз бірдей мешітке қарай жүгіреміз. Бұл кезде басқа елдерден келген қажылар мешітке жетіп, орналасып үлгереді. Әр қайсының қолында бір-бір құран кітап, әрі заулатып оқып отырғанын көрғенде өзіміздің діннен осыншама алыс қалғанымызға намыстанған едім. Ал, сол діндарлардың намаздан кейінгі қылышын көрғенде тәуба дедім. Намаздың парызы оқылышпен біте, сұннет оқып жатқан біздің үстімізден аттай дабдырласып далаға жөңкіледі. Бір ағам айтушы еді, мың күнәға бір тәубе деп, сол айтпақшы намазды өткердік, енді не істесекте өзіміз білеміз деғендей. Жалпы тәуліктегі жиырма төрт сағат бар болса, соның бір сағаты ғана намаз окуға кетеді. Бұл қалған уақытта ойына не келсе соны істеуғе болады деғен сөз емес. Қайта сол жиырма үш сағатты саған сыйлаған Алла тағалама бір сағат шүкіршілік қылышпен, тәулік бойы тіліндегі кәлима, жүреғіндегі Алла тұруы керек. Намаз соңынан өзім бірғе барған жүз жиырма адамның бірінде

таппаймын. Эр қайсы өзімен-өзі осындай қасиеті мекенді көруғе нәсіп еткен, Алла тағалама шүкіршілік қылышп, әрбірі өзіне колдау көрсеткен туыстарына жақсылық тілеп, дұға оқып, орынында қалады. Қайтар жолында да жеке дара ой үстінде болады. Кейде келесі намазды мешітте қарсы алған кезде болды. Құрбан айт мейрамы бітісімен, бүкіл Мекке шаһарын ихрам алып кетті. Ихрам деғеніміз қажылыққа барған әр мұсылманның Құрбан айт кезінде бес күн ине-жінсіз , байлаусыз оранатын екі бөлек шүберек жамылғы. Бес күн бойына мына дүниеден баз кешін, кебін есебінде оранады. Қазақ балалары мұны аса құрметпен жуып тазалап, зәмзәм суынан бүркіп алып қайтады. Себебі, қажыға барған адамды кебін орынына осы ихрамға ораған. Мен өзім қасиетті жердің шаң-топырағы менің шаңырағыма да барсын деп жуып, тазаламай-ақ алып қайттым. Ал, басқа халықтар үшін бұл бес күн киін тастаған, керексіз екі бөлек шүберек қана.

Содан ұққаным біздің қазақ баласында дін жок болғанымен, ниет бар екен. Ал, қасиетті кітапта мен пендеме тек ниетін қалдырдым деғен. Жаратқан Ием сол ниетімізден айырмасын. Әр істің басы жақсы ниетпен басталып, шүкіршілікпен аяқталуға тиіс. Алла тағалам да пендесіне ниетіне қарай ырзық береді.

Мынадай бір аныз әңгіме бар.

Бір мешіттің балаларға сабак беретін молдасы бар екен. Ол молданың кітап көтеретін қасиеті болса керек. Бір күні кітабын ашып қараса « пәлен деғен шәкірттің қырық күндік ғұмыры қалды » деғен жазуды оқиды. Содан шәкіртін шақырып алыш:

« балам, сен үйіңе барып демалып кел, қырық күннен соң келерсің » - деп астына ат мінгізіп, қолына екі дорба тары азық берін жөнелтеді. Арада қырық күн өткен соң, бала енді қайтыс болды, барып жаназасын шығарып, атымды алыш қайтайын деғен оймен молдекең де жолға шығады. Орта жолға келгенде алдынан далактай

шауып келе жатқан бала кездеседі.

Молдекен үндеместен кері қайтып, келе кітабына қараса « құмырсқаның құдіреті» деғен жазу тұр еken. Содан шәкіртін шақырып алып ал, балам сен өткенде менен кеткеннен бастап не көрдің, не естідің деп сұраққа алады.

Сонда бала « молдеке, сізден шықканнан ауылым жарты жол қалғанда аяқ суытуға аттан түсіп едім. Сол жерде бір құмырсқаның илеуі бар еken. Олардың қарбалас тірлігін қызықтап отырып, сіз берген екі дорба тарыны соларға берін қойдым. Содан ауылым барып, қайтар шақта атты таба алмай бөгелғенім рас, кешікеніме кешірім етіңіз » -дейді. Сонда барып молдекен құмырсқаның құдіреті деғен жазудың сырын түсініпті. Жаратқан Иеміз өзі жаратқан бір макұлығына, екіншісінің жақсылық жасаған ниетін көрін, татар дәмі таусылып тұрган баланың өмір жасын ұзартқан еken. Кімғе де болсын жасаған жақсылықтың Алладан қайтар деғен осы да. Бір түйір жақсылық жасасаң, он есе

қайтар. Оқыған намаз, ұстаған ораза, зекет, садака, қажылыққа бару, бәрі тек өзің үшін. Ал, басқалар үшін жасаған жақсылықтың қайтымы аса зор. Ғалымның бір тұнғі еңбегі мың айғы оқыған намазға теңелғен. Өйткені ғалым адам өз еңбегімен қаншама адамға жеңілдік әкелер. Құлап бара жатқанның қолынан ұстап, аяғы тайғанға таяныш болсан, екі әруақтың қолдауына, Алланың ризашылығына ие боласың. Мынау жалған дүниеде ертеңіне азық болар сауап жинағанға не жетсін.

Бір мұсылман жетпістен асқан шағында қайтыс болыпты. Өмір бойы ораза тұтып, намазын қаза қылмаған, қажылыққа бірнеше рет барған такуда адам еken. Баласы әкесін өзіне лайықты күрмет көрсетін арулап жерлейді. Қырқы өткен соң бір күні әкесі баласының түсіне кіреді. Сонда баласы ---Әке жағдайың қалай, Жаратушының алдында болдың ба, саған не силады деп сұрайды. Сонда әкесі айтқан еken. Балам Жаратушымның алдында болым. Әуелі мен сұрадым --Ей,

Жаратушы Алла бір өзіңің ризалығың үшін қырық мәрте Меккеғе жаяу бардым деғенімде Мен оны қабыл алғам жок деді. Екінші –ей, Аллам бір сенің ризалығың үшін алпыс жыл ораза тұтып, бес уақыт намазымды қаза қылмадым деғенімде Алла Тағалам оны қабыл көрмеғенін айтты. Үшінші –Ей, Жаратушы Ием өзім кедей болсамда қырық мың динар жинап кедей—кембағылға тараттым деғенімде оны да қабыл көрмеғенін айтты. Сонда –Ей, Қожам сен Жаратушымсың мен құлыңмын енді қайда бұйырсанда өзің біл дедім. Жаратушы Ием –ей пен дем есінде ме қараңғы көшеде жалғыз келе жатқаның, жанында еш пенде жок еді, бірақ мен бар едім. Сол қараңғыда байқамай аяғынды тасқа соғып қатты ауырсындың, дауысың да қатты шықты. Бірақ оны естіғен еш пенде жок еді, мен естідім. Жарақатың жанына батып тұрсада сол тасты басқа адам аяғын сокпасын деп жолдан алып таstadtың. Оны да көрген ешкім жок, тек мен көрдім. Сенің сол басқаға ойлаған

жақсылығың үшін мен саған жәннәтті бұйырдым деғен екен.

Бұдан алар тағлым бес парызды орындау Алланың бізге бұйрығы болар. Ал адам баласының бір—біріне тінті жаратылысқа деғен оң көзқарасы яғни өзғе жасаған қайыры бәрінен де жоғары тұрар.

- Сіз әруақ бар деғенғе сенесіз бе?

-Бұл сұрақтың жауабын әріден бастайық. Дін исламда әу баста қасиетті пайғамбарымыз Мұхаммет расулалланың нұры жаратылды жеті кат аспан, қара жер барша жаратылыс содан кейін жаратылды дейді. Сонда барша жаратылыстың үстінде әуелім пайғамбарымыздың нұры тұр. Ал, нұрдың екінші бір аты рух. Рух - деғенімізді жан деп түсінсек, жаратылыстың бәрінен жоғарысы рух яғни, жан болып шығады. Арап тілінде әр деғен көпше жалғау түрі болып, әррух яғни қазақша жандар болады. Жандар бір мағына бойынша көп жан яғни күшті жан. Рухы күшті жан, Киелі Рух

болады. Сонда Жаратушы Иеміз әуелі Киелі Рухты жаратып, бүкіл он сегіз мың ғаламды осы Киелі Рухтар арқылы бақылап отырады. Егер Алладан келғен қасиетті кітаптарды оқысаңыз Жаратушы Ие ешқашанда мен демейді. Бар жағдайда да біз істедік демейме. Әруақ Алланың әскері деғен де сөз бар. Қандай да бір тылсым күш болмасын, тек Алланың ризашылығымен болары сөзсіз. Сол сияқты әруақтың қолдауы да Иеміздің деғенімен болады.

Ақылмен, жан мен сезім менікі,
Мені мен менікінің мағынасы екі.
Мен өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
Менікі өлсе өлсіні оған бекі.
Өлсе өлер, табиғат, адам өлмес,
Біракта ол қайтып келні, ойнап күлмес.
Мені мен менікінің айырылғанын,
Өлді деп ат қойыпты өңшең білмес—деп
хакім Абай атамыз таза ақыл мен жан өлмейді,
өлсе тек тән өледі. Рух ризашылығы үшін сұрғен

өмір мәңгілік дейді. Мен деген-жан, менікі деген-тән.

Жалпы, Әруақ дегеніміз бізді Алланың әмірімен дүниеге әкелген ата-аналарымыздың мәңгілік өмірге кеткен рухы. Жер бетіндегі қиямет қайымга дейін біздің үстімізге қойған күзетшісі. Бір жақсылық іс жасасаң басқалардың алдында қуана шаттанып, қара жердің астына кіріп, бұлдірсең де сенімен бірге болып, сен үшін күңіренетін де өз бабаңың әруагы. Ягни, жақсы-жаман болсақ та амал жоқ бізбен бірге өмір сүреді. Және, Алланың алдында ұрпагы үшін жауап береді. Қандай да бір шаруа жасар алдында бірінші өзіңнің, әруақтың бақылауында тұрганыңды ойладап барып кіріс. Енді құран аяттарына кезек берелік.

Әнгам сүресі-61аят. және ол құлдарының үстіне өктем, сендерге қоргаушылар жіберді.

Әр пенденің өз қоргаушысы бар екенін айтады.

Халыққа әрдайым қуаныш сыйлайтын

адамдардың, әншілердің қорғаушылары көп болады.

Аят. - Мен сендерге қарауыл емеспін, тек бақылаушы қоям. Адамдарға бәрі менен, тек ниетін ғана өзіне қалдырдым.

Алла тағалам мен сендерге өмір силадым, және бақылап отырар бақылаушы қойдым. Жақсы болу, жаман болу өз қолында, яғни ниетіңе байланысты . Мен сені қарап отырар қарауыл емеспін дейді.

Каф сұресі 16-17 аяттар. Расында адамзатты жараттық, оған нәпсінің не сыбырлағанын білеміз. Өйткені оған күре тамырынан да жақынбыз. Оның онынан да, солынан да екі бақылаушы отырады.

Адамзатты жараттық оның күре тамырынан да жақын он солынан бақылаушы қойып бақылап отырамыз дейді. Нәпсісі қандай жолға салса да, бізғе аян болар деғен.

Рағыт сүресі -11 аят. Әркімнің алды артынан өкшелеп қорғаушылар бар. Расында, бір қауым өзін өзғертпейінше Алла оны өзғертпейді.

Тағы да қорғаушылар арқылы бақылап, адам өзін-өзі жақсылыққа бастамаса оған ешкім көмек жасамасын ескерtedі.

Тарық сүресі -4 аят. Әркімнің үстінде бір бақылаушы бар.

Бұнда да бақылап жүрер әруақтың барын ескерtedі.

Әнғам сүресі -104 аят. Расында сендерге Раббыларың тарапынан көрнеу дәлелдер келеді.

Кім көрсе өзі үшін және көрмесе зияны өзіне.

Мен сендерге күзетші емеспін.

Тағы да бақылап жүрер әруақтың бар екенін, оның ескертпелерін сезін, көру пендениң өз еркі екенін айтады. Кейде бір сапарға шыққыңыз келмей кежегенің кері тартса ол сіздің қорғауышыңыздың яғни әруақтың қаламағаны деп, сізде бас тартыңыз.

Әнғам сүресі –111 аят. Егер оларға періштелерді түсірсек те және оларға өліктер сөйлесе де, сондай-ақ олардың алдына әр нәрсені жинасақ та олар нанушы емес. Әрине Алла қаласа басқа. Бірақ олардың көбі білмейді.

Әрине, сенбес адам еш нәрсеғе де сенбес, тек Алла қаласа бәрі басқаша болады. Тұсінген адам тұсінсін тұсінбеске қандай дәлел болса да сенбес. Бахара сүресі—245 аят..Кім Аллаға көркем қарыз берсе, сонда Алла ол үшін көптеғен есе артырып береді. Алла тарылтады да кеңітеді.

Аллаға көркем қарыз беру—намаз, ораза, зекет, мешіт, көпір салу тағы басқа құлшылық жасау. Әрине есесі Алладан болып артығымен қайтары сөзсіз.

Ағраф-34 аят. Әр әлеуметтің белгілі бір мерзімі бар. Олар сол мерзім келген сәтте бір дем кешікпейді де, ілгерілемейді.

Әрбір ұлттың, халықтың немесе жеке адамдардың өзғеріске ұшырап басқа, бағыт алар

уақыты бар. Сол кезде олар қаласа да қаламаса да Алланың деғені болар.

Осы арада бақылаушы немесе қорғаушы деғен періштeler деп дау айтушылар бар.

Тағы бір аятта « Әрқайсының екі иықтарында екі періште, арттарында бір-бір қарауыл, алдыларында ауыздарынан шыққан сөзді андып тағы біреу отыр емес пе »- дейді.

Немесе Зәриятсүресі 16-17-18 аяттарында.

Оның оңынан да, солынан да екі бақылаушы отырады. Аузынан бір сөз шығарса-ақ болды, алдында андушы дайын.

Бұл аятта періштеі періште деп атап айтып отыр емес пе. Әр адамның екі иығында он және теріс істерді жазып отырар Қатиман және Қетиман деғен екі періште болады. Ал қорғаушы , бақылаушы деғендер бізben бірғе заман ақырға дейін өмір сүрер, біз үшін Алланың алдында жауап берер, өз ата-бабамыздың әруағы. Қайда барсак та, не істесек те осы әруақтың бақылауында болып, өмір сүреміз. Жақсы

істеріміз үшін қуантып, жаман істеріміз үшін күнірентеміз. Жаратқан Жаппар Иенің кешпес күнәсі жок, ал өз әруағыңың назасына қалма. Қасиетті пайғамбарымыз оқып отырған немесе естіген қадисің жүреғіңе қонбаса оны мен айтты демей-ақ қой деғен. Яғни, жүреғіңіз сенбесе илану, иланбау өз еркініз. Әнғам—сұресі-111 аятты қайта оқып шығыңыз. Жә, аса алысқа бармай бұл әңгімені тоқтаталық.

Жұніс сұресі—11п. Шек қылыш ойлай берғен ой, ақ жолға пайда бермес.

Һіжірат сұресі—2п Орынсыз көп шұбаланып ойға бата берме, оның үшін кейбіреулер күнәға батар деғен.

Шура сұресі—50 аят. Алла бір адам баласымен көкейіне салу немесе перде артынан ғана сөйлеседі. Не бір елші жіберіш, өз бүйрығымен қалағанын уақи етеді.

Кұдайсыз-әруақ, әруақсыз-тіршілік, жынсыз-бақсы болмас.

Біздің қазақ баласының мұсылманшылықты қабылдағанымызға міне, он үш ғасырдан асып отыр. Ал, осы он үш ғасырдың әр жағында да ел болып өмір сүрдік емес пе, және ел болғанда қандай. Бабаларымыз тасқа қашап жазғандай, мойыны барды игізіп, маңдайын жерге тигізіп, тізесі барды бүктіріп, табанынан сүйгізді емеспе. Сонау, әлмисақтан бері осы заманға дейін қағидасы бұзылмаған, жалғасы үзілмеғен алтын тамырымыз ата-бабадан бізғе мирас болған салт-дәстүріміз емеспе. Және бұл салт-дәстүріміз ғасырлар тезінен өтіп, еле шіп-екшеленіп әбден жұмырланған, ендігі жерде алып-қосары жок таза өшім. Ата-бабаларымыз ислам діпінің асыл мұраттарына өзінің осы таза саф дүниесін қосып, келешек ұрпағына сара жол көрсетіп кетті емеспе. Жалпы, ислам діні бір ғана араб халқына емес бүкіл адам баласына түскен асыл діп. Алла тағалам біз сендерді бір-біріңен ажырату үшін, үлттарға бөлдік демей ме. Яғни, әр үлттың өз салт-дәстүр ұстанымымен өмір сүруғе қакы бар.

Сондықтан да, біздің бабаларымыз исламның әуелгі бес парызын толық макұлдап қалғанын өзінің салт-дәстүріне негіздеғен. Әруақ деғен жоқ, ол өлғен адам оны силасаң ширик, Аллаға қосақ қосқаның деғен не сөз. Өзі білме, білғеннің тілін алма деғен осы да. Сиыну барда, құлшылық бар. Сиыну- силау әруаққа , құлшылық тек Жаратқанға жарасар. Мұны бесіктегі бала да білер. Әруақ әуелі күні кеше осы өмірде болған адам, ата-анамыз. Тінті, бәріміздің де түбі бір барап жеріміз сол ғой. Ата-ананды тірлігінде сила, өлғеннен соң керек емес ол енді әруақ деғеніме. Күні кеше ғана көз алдымызда болған ата-анасын силамайтын адамның, көзге көрінбейтін Жаратушысын силауы мүмкін бе. Әріге бармай-ақ Абай мен Шәкәрімді, Мағжан мен Қасымды, Мұхтар мен Қанышты, Бауыржан мен Мәлікті де ұмытуымыз керек пе. Осыншама кең даланы бізғе ие қалып қалдырған әруақты бабаларымыз Жалаңтөс пен Жарылғапты, Сенкібай мен Жидебайды, Дербісалы батырды

кешегі Абылайханның ерлерін де естен шығарайық па.. Ұлы Отан Соғысында қос апамыз Әлия мен Мәншүк, қаншама әкелеріміз, кім үшін қанын төкті, мына біз үшін емеспе. Оларды ұмыт, силама деғеннің өзі ертең сенде өлесің, тірлігің де ойна, құл не істеғің келсе соны істе деғеніме. Онда мына дүниеде жақсылық жасаудың керегі не, ертең бәрі ұмыт болса. Бұндай ниет, пығылмен жеткіншек ұрпақты қалай жақсылыққа, ізғілікке тәрбиелейміз.

-Қазақ халқы ертеде отқа, күнге табынған деғен де сөз бар ғой.

-Қазақ халқы ешқашанда отқа, күнге табынбаған, оны құрмет тұтып сиынған. Сиыну мен құлшылық сөзі екеуі екі басқа ұғым. Аңыз бойынша өте ерте заманда көк түрік еліне аспаннан темір метереоит түскен. Оны көктен тұсті деп оған біраз ел сиына бастаған. Құндердің күнінде бұл темірді бізғе жіберғен Иесі бар ол Көктен келғен Темір яғни, Тәңір көкте деп тұсініп аспадағы Көк Тәңіріне қолын

жайған. Ақжан Машани ағамыз мынадай бір қызық дәлел айтады. Химия пәнінің башқұрғалымы Д. Менделеев жасаған кестесінде темірдің реттік саны 26. Құрандағы әбжат есебіне салсаныз арапша Әл—Хадит сүресінің сандық мәні тағы 26. Хадит қазақ тілінде темір деғен сөз. Қасиетті Құран Кәрім 114 сүреден тұрады. Оны екіғе бөлсеңіз 57. Әл—Хадит сүресі құранның тең ортасында яғни, жүреғінде орналасқан дейді. Аспан көғінен түскен метеориттердің көбі осы темірден тұрады. Және жер ортасы-ядросы да темір металынан жаратылған. Қасиетті Қағбада тұрған қасиетті кара тас Хажар Асуд осы темір тасы. Қорыта айтқанда, бабаларымыз жоққа құлшылық қылмаған. Сонымен бірғе мал шаруашылығымен айналысуына байланысты көктегі жұлдыздарға зерделей қарап ат қойған. Солардың бірі теріскейде қысы-жазы бір орынынан қозғалмайтын жұлдызға Темірқазық деп ат қойған. Тағы да күнкөрісі мал болған соң одан

алынатын өнімді жоғары қойған. Яғни, сүттен алынған тағамдарды бәрінен жоғары саналған. Өте ертеде егіні жок қазақтар бар тағамнан майды жоғары қойып, әуелі майдан ауыз тиғен. Жана тұсken келінғе отқа май құйғызып ырымдаған. Бұл салтта әлі күнғе өз маңызын жойған жок. Күнделікті өмірде сұықта жылдынуға, тамақ пісіруде оттың алар орыны ерекше. Сол себепті де, Май ана, От ана деп құрмет тұтқан. Ал, адам өміріне Күннің қаншалықты пайдасы барын айтпасақ та болады. Құдайы нан шелпекте күн бейнесінде. Осы күнгі өмірімізде қолданып жүрген салт—дәстүрдің барлығы да сол Тәңірі кезінен қалған. Шілдехана, тұсаукесер, бесіктой, тоқымқағар, сұндеттой, ұзату, үйлену тойы, ерулік, асар, үме, жылу, Қонақ асы, жетісі, қырқы, жылы, ата—бабаның басына тұнеу, құрбандық шалу деғендердің бәрі сол заманнан бері әлі жалғасын тауып келе жатыр. Өмірғе келғенді өлеңмен карсы алып, қайтқанды өлеңмен шығарып

салған. Жалпы қазақ баласының бар өмірі өлеңнен тұрады. Менің үлкен аналарымның бірі Әйем /Рәзия/ ұршық нірін отырғанда сөзі өзіне ғана мәлім бір әуенді ыңылдалп отырады. Иіріп отырған жібі үзілғенде әуен де тоқтайды. Жібіш жалғап алған соң әуен де жалғасады. Қазақ баласының әр ісі осылай көнілмен, әуенмен жасалған.

Сонымен ата-бабаларымыз басқалар айтқандай Жаратушының жаратқанына құлшылық жасамаған. Қайта Көк Тәнірім деп жалғыз Жаратушыға алақан жайған. Және жалғыздық тек Құдайға жарасар, Құдай біреу тілек екеу деғен сөз бар. Бұл сөздерден-ак Жаратушының жалғыз ал, жаралғанның бәрі егіз, яғни жұп екенін ертеден-ак білғені көрініп тұр емес пе. Наным бойынша, қатар жатқан екі тастың бірін орынсыз қозғамаған. Өйткені олар жұп жаратылған, бірі ер бірі ұрғашы деп. Және жаралғанның бәрінің жаны бар ұғынған. Өскен ағашты кеспеген, егер бір қажетке жаратсаң

орынына он тал ек деғен. Көктемгі көк шөпті жұлмаған. Отынға тек қураған қу шөппен, бұтақты пайдаланған. Аңшылар да кездескен аңың бәрін қыра бермей тек еркеғін, кәрісін алған. Жас аңды немесе оның төлін өлтіру обал, және оның киесі атар деп сенген. Жер ошаққа бола, немесе мама ағаш орнатпаса себебсіз жерді жараламаған. Жалғыз өскен ағашты киелі санап, жалғыз түп шиді жұлмаған.

Әрі беріден соң аталарымыз кері кетпей, қайта алға қарап Алланың жіберген соңғы діні Исламды қабылдаған. Егер, бұрын християн дінінде болған адам өз еркімен Ислам дінін қабылдаса оған екі пайғамбар разы болып екі сауап жазылар. Ал, мұсылман кері кетін, християн дініне барса зор күнәға батар. Әли Ғымыран сүресі—105. Қиямет күні кей беттер ағарып, кей беттер қарайады. Сонда қара беттерге Иман келтірғеннен кейін қарсы келдіңдер ме. Ендеше қарсы келулерің себепті азапты тартындар-делінеді.

Біздің аталарымыз ешқашан да жансызыға табынбаған, әуелден—ак көктегі жалғыз Тәнірғе, исламға кірғен соң Аллаға құлшылық қылған. Көктегі жаратушы Тәнірі, жер бетіндегі тіршілік иесі Ұмай ана, жер асты патшалығына Жерсу ие деп сиынған. Кейбір шала діндарлар Тәнірі ешқандай дінғе жатпайды, себебі оның кітaby, және пайғамбары жоқ деп көкиді. Тәнірі діні адам баласының жаралуынан бастау алады. Адам баласы Тәнірінің бір бөлігі. Оған өз қалауымен өмір сұруғе, яғни жақсылық—жамандықтың өз зауалы барын ғана ескерткен. Біз Көк Түріктің ерен ұрпағы көшпелі өмір салтын ұстанып ен даланы еркін жайлағамыз. Әуелде айтқанымдай исламның алғашқы парыздарын қабылдап қалғанын өз салтымызбен яғни Тәнірінің қалауымен ұстанып келеміз. Кітaby жоқ деғенге жауап ен даланы жайлаған көшпелі халыққа ешқандай кітаптың керегі жоқ. Өйткені оны ауыз еki ұрпақтан—ұрпакқа жеткізін отыратын адамдар бар. Ол бойына

қасиет дарыған билер, аузызы дуалы ақын—жыраулар, әр рудың абыз ақсақалдары. Сол аталарымыз үрпакқа өз жеке басының әрекетімен—ак үлғі болған. Пайғамбары жоқ деғен сөздің жауабы. Ол заманда жаратылыспен бірғе бұла өскен түрік баласы тек еркіндікті ойлаған, сол үшін жан алып, жан беріскең. Ал пайғамбарлар жөніне келсек жер бетін сиқыршылық басқан заманда Аллатагалам Мұса пайғамбардың қолына асатаяқ беріп сиқырдың күшін жойды. Адамдар арасында ауыру—сырқау көбейғенде Исаны жіберіп, жансызға жан, көзсізғе көз бітірді. Жер бетіндегі Адам Ата балалары азғындалп араптар қыздарын өз қолдарымен өлтірғен заманда ұлық пайғамбарымыз Мұкаммет Мұстафа С.Ғ. жіберіп азғындықтан тиды. Сонымен қатар оның соңғы пайғамбар екеніп бұдан әрі бұзылсандар заманың ақыры болар деп қатаң ескерту жасады. Ал тек табиғатпен біте қайнаған Түрік балаларына ешнәрсеңі бұлдірмегені үшін

пайғамбарды жібермеғен. Тәңірі дінін Шаманизм деу де қате пікір. Шаман бойында Тәңірінің берғен қуат—күші бар, сол арқылы әруақпен тілдесін балар—болмасты болжаушы адам, яғни Тәңірі дінінің кейінгі бір бұтағы. Тянь-Шань тауының қазақша атауы Тәңір тауы. Аллаңдан ойбайым тиыш еді деғен сөз бар. Танымайтын Алладан, үйренғен Ұмайым дұрыс еді деп ислам дінін қынсынғандардың шығарғаны. Ислам діні қазак жеріне аяқ басысымен-ақ жергілікті халықтың сиынып, сенғендерін жоққа шығарған. Солардың ішінде көп құдалауға түскен бақсылар болды. Корқыт абыз бабамыздың өлімнен қашқаны туралы азыз естеріңізде болар. Азызда бабаның қартайған кезі. Адам баласы орта жастан асқан соң ешқашанда өлімнен қорықпайды. Тек ұрпағым аман болсын деп өмір сүреді. Абыз баба өлімнен емес, өзін құдалаған бейтаныс ислам дінінен қашқан. Сегізінші ғасыр. Корқыт баба өлімнен қашты, ойбай (Ұмай) деме ол шәйтанның аты

деғен лақаптар бұрынғыны ұмытып, тек ислам дініне мойынсындыру үшін ойдан шығарылған. Сол сияқты қазактар Әннес сақабадан тараған, ұлы бабам Болаттың атына қожаны қосып Болатқожа деп атау, Жанарыстың үйіне алты қожа қонып, солардың батасымен орта жүздің алты арысы Арғын, Қыпшак, Найман, Керей, Уақ, Қоңырат дүниеге келген деу, Мейрам сопы, Нәдір сопы, Тәнбі сопы деғен қосымша атаулардың бәрі елді исламдандыру үшін шығарылған. Қазіргі кезде де Алла емес, Аллаһ деп сөйлеу, ораза, жұма мұбарак болсын, машалла, иншалла деп сөйлеу неге керек. Алла деп, немесе ораза, жұмаң қабыл болсын десе қабыл болмай ма. Расында, Аллатагалам Әнғам сүресі-115 аятта Раббыңың сөзі шындық, әрі туралықта тамамдалған. Оның сөздерін өзгертуші жок. Ол толық естуші, аса білуші деғен. Бәрін өз орынына қойсақ намаз емес салят, жаназа-ас-салят, ораза-ассаум, мешіт-масжит т.б. деп арабша айтылуы керек. Мәселе,

сөздің айтылуында емес мағынасының өзгермеуінде. Онсызда тілімізге сырттан кірғен сөздер жеткілікті. Ендігі жерде сырттан сөз алмай-ақ барымызға ие болайық. Былайша өзгерғен ештеңе жок. Бұрын Тәңірім десе енді Аллам деді. Бұрын өз тілінде сиынса, енді арабша дұға оқыды. Бабаларымыз ислам дінінің бес парызын қабыл алғып, қалғанын өз салт-дәстүріне негіздеғен. Былайша айтқанда қазаки ислам. Тәңірі, Алла, Раббы, Жаппар, Құдай, Тағала, Жаратушы, Жаратқан Ие десекте, қай тілде ниеттенсекте, көктегі бір жалғыз Жаратушыға құлшылық қыламыз. Қасиетті Құран кәрімдегі сүрелерді шама-шарқымызша түсініп, қабылдаймыз. Қазақ халқының ислам дінін жеңіл қабылдауының өзі бұрыннан келе жатқан дәстүріне сәйкес келуінде. Аталарымыз ертеден көшпелі өмір сүріп, табиғатпен біте қайнасып, бұла өмір сүрғен. Сонау ерте заманнан келе жатқан ырым-тиымдары да әлі күнге тұрмыста қолданып, өз маңызын жоймаған.

Әйел адам еркектің жолын кеспейді, одан жоғары отырмайды. Келін жоғары шықпайды. Төркіідеп келғен қызды ғана төрғе шығарады. Тұрмысқа шықпаған қыз балаға орамал тартқызбайды. Әйел адам мал бауыздамайды. Амалсыз болса сұндеттелғен ер баланың қолының сыртымен атқарады.

Ер киімінің үстіне әйел киімін ілмейді. Ер мен әйел киімін бір ыдыста жумайды. Еркектің киімін кимейді, үстіне отырмайды, амалсыз болса жағасын төмен қаратады. Ер адамның қадірі кемімесін деп. Ұл баланы арқасынан қақпайды. Жиенге кол көтермейді. Кісіні санамайды. Тігіннен басқа кезде сабакталған жінтің ұшын түймейді, өмір қысқармасын деп. Қайтқан кісінің киімін кигізіп тігеді деп, тірі кісінің киімін үстінде жамамайды, түйме қадамайды. Сол сияқты шәйнектен құйған суды тек өзиңе қаратып құяды.

Мал сүтін-қымызды, айранды төкпейді,
төгілгенін баспайды. Шәйдің самасын баспайды.

Шәй қазаққа 1833 жылдары Қытайдан келген.

Желіні, құрықты, ұстаның көрігін, төсін,
қайрақты, ошақты баспайды, аттамайды.

Бақан аттаган байымас, балта басқан жарымас
деген.

Сойған малдың, берешек малдың сілекейін алып,
жалынан қыл кесін сақтап қояды. Сатқан,
айырбастаган малды жүген, ноктасыз береді.

Бабам Оразғұлга он сегіз мың жылқы біткен.
Баба ұрпақтары қазіргі кезге дейін сойған жылқы
басын тұластай пісірін, бас сүйегін тастамай
жогарыга сақтайды. Экесі тірі бала бас
ұстамайды, төрге шықпайды. Бос бесікті
тербетпейді, жабусыз тұрмайды.

Жылан үйге кірсе, басына ак құйып шыгарады.
Жолда кезіксе батысқа беттегеніне соқтықпай,
шығысқа беттегенінің бетін бұрады.

Тұнде суға бармайды, шомылмайды. Амалы болмаса су иесі Сұлейменнен рұқсат сұрайды. Құдыққа түкірмейді, бұлақтың көзін ашады.

Нанды бір қолымен үзбейді. Аяқ астына тастамайды. Үгілғенін терін жейді. Егер, нан қол жетпес жерде тұрып, аяқ астына қояр зат болмаса құранды қоюға болар деп құрметтейді.

Тұнғілік тамақтың бетін ашиқ қалдырмайды. Тамақты үлкендер бастап, әуелі майдан ауыз тиеді. Сусынды әуелі үй иесі алып, дастарханның оң жағымен ұзатады. Төрде отырған адам есікке қарап отырғанда оң қолы, оң жақ болады. Үрлеп ішпейді. Тамақты оң қолымен алып жейді. Қолын шәймай ас ішпейді, қолдың сұын сілікпейді. Сұқ саусақты арам деп онымен айды, күнді, бейітті, кісіні нұскап көрсетпейді. Қолын артына ұстамайды, бүйірін, жағын таянбайды, тізесін құшақтамайды. Жаңа туған айды көргенде (Жаңа ай көрдім, аман көрдім. Ескі айда есіркедің, жаңа айда жарылқайғөр) деп Жаратушыдан тілек тілейді.

Күнғе, айға, бейітке, желғе қарап, жолға, мал қораға, күлғе, шоққа, суға дәрет сындырмайды. Жанған отты, шоқты су құйып, шырақты үрлеп өшірмейді. Адам баласы топырактан, жыншайтан оттан жаратылған. Сол себепті де отты, күлді басуға болмайды.

Босағада тұрмайды, кермейді, табалдырықты баспайды. Қазақ хандарының бәрінде босағада екі жасауыл тұрады. Олардың негізгі міндеті табалдырықты басқызыбау. Басып кеткен адамды сол сәтінде жазалаған. Үйге, бейітке қарай жүғірмейді, айналмайды.

Жақын адамға пышақ, қайрақ, ит силамайды.

Мал төлдеғен кезде, малды соймайды, сатпайды. Малды, итті, мысықты теппейді. Соятын малдың көзінше пышақ кайрамайды, пышақты шалқасынан қоймайды.

Сейсенбі күні жолға шықпайды, жол кеспейді. Аптаның ортасы бейкүн деп санаған.

Құстың ұясын, құмырсқаның илеуін бұзбайды.
Ақкуды, бұлдырықты, сарала қазды, көгершінді
атпайды.

Бейсенбі, жұма күндері кір жумайды. Келғен
әруақ шошымасын деп.

Қайтқан жақынына садақа есебінде қонақасын,
жеті күндіғін, қырық күндіғін, жылдығын, әр
бейсенбіде қырқына дейін дұға оқытады. Кей
өнірде елу алты күн, жұз күндік те береді.
Жылына бір рет қурбандық шалады. Ата-
бабаның қорымына барып тәу етеді, ақтық
байлайды. Құдайы нан-шепек пісіреді, жеті
күлше таратады. Жеті нан қорыққанда, тоғызы
ризашылық.

Осының бәрі өте ертеден келе жатқан ата-
бабаларымыздың бізге қалдырған ырым-тиымы.
Әр тиымның артында әңгімесі, әр әңгіменің
артында хикаясы бар. Бұл ұстанымға қарсы
шығу, қазақ халқына қарсы шығу болып
саналады. Қалай айтсаңызда, біз қазақ баласы
Алланың құлымын, пайғамбардың үмбетімін деп

бес уақыт намаз оқып, бір ай ораза тұтып жүрғен мұсылманбыз. Алланың өзі де рас, сөзі де рас-, деп Абай атам айтпақшы қасиеті Құран кәрімғе бағынамыз, пайғамбардың сұннетіне, қадистеріне құлак асамыз. Ал, қалғанының бәрі өзімізге ана сұтімен, атаның қанымен дарыған салт-дәстүріміз яғни, діліміз. Сол себепті де, қазақ халқының ұстанған дініне, яғни салт-дәстүрге негізделген ұстанымына қарсы шығу қазақ халқына қарсы шығу деп есептеледі.

-Әңгіменің басынан бері қазақ деп ерекше атап отырған елдің атауы қайдан шыққан.

-Есте жок ерте заманда шамамен алғанда осы заманымыздан он мың жыл бұрын Нұқ атты пайғамбар өмір сүріпті. Алланың бірлігіне, жақсылыққа қанша үғіттесе де сенбес халық бұра тартып, құпіршілікке ұшыраған. Жаны қиналған пайғамбар Аллаға жалбарынып, көмек сұрайды. Оған Алла тағалам сен бұғіннен бастап кеме жасауға кіріс, уақыты келғен де олардың зауалын өзім берермін дейді.

Әлқиса, Нұқ пайғамбар жан-жануардың әр түрінен жұптап алып, кемеғе тиеген. Пайғамбарға сенғен аз ғана жұрт кемеғе мінін, қалған ел топан сұы астында қалыпты. Сонымен кеме алты ай су бетінде жүзіп топан сұы тартыла бір тауға жетін тоқтайды. Сол уәделі шақ жетін кеменің қайырлаған тауы киелі Қаратай өніріндегі Қазығұрт тауы екен. Қазығұрттың басында кеме қалған, ол әулие болмаса неғе қалған деп Мұқағали жырлаған Қазығұрт тауы. Қазығұрт тауы Жаратқанның жер кіндігіне қақан казығы яки, ұрган казығы. Осыдан барып қазық ұрды тауы немесе Қазығұрт тауы аталған. Осы тауды айнала орналасқан кешегі кемеғе мінін топан сұынан аман қалған елді Қазық елі деп атап келе-келе Қазақ атанғамыз. Арада біраз жыл өтін өсін-өнғен ұрпақ шет шыға жайылып тарай бастайды. Бірақ өзінің тұп қазығын, төркін жұртын ұмытпаған. Төркінім-төркін деп жүріп түрік атанса керек. Содан бері қанша су ағып, замана өтсе де, тамырында Қазық елінің қаны

бар түрік баласының санасында әлі де қазіргі қазақ елі қарашаңырақ яғни, бесік түрік аталып, жазылып қалған. Сонау, ықылым заманнан бері ата-бабасының салт-дәстүрінен айнымай , оны көздің қарашығындай сақтап біздің заманымызға жеткізғен осы қазақ бабамыз. Біз, ақын ағамыз Қасым-« Ей, такаппар дұние, маған да бір қарашы. Танисың ба сен мені. Мен қазақтың баласы » -деп жырлап өткен асыл бабамыздың - ҚАЗАҚТЫҢ ұрпағымыз..

Адам атаның балаларының ұлық пайғамбарымыздан кейінгі ең ардақтысы Арыстан бап бабаның, Құл қожа Ахмет баба мен пір Бекет әулиеғе бұйырған қасиетті топырақта қазақ жерінде. Арыстан бабаның ардақты болар себебі, жер бетінен кебіндеуғе лайықты мата табылмай, жәннәттән әкелінғен, Жебірейіл періште жаназасын оқып, жетпіс мың періште сапқа тұрған, Мекайл мен Исралыл періштелер көтерін қабірғе салған бірден бір адам осы баба. Түркістан да түмен бап, Сайрамдағы сансыз бап,

Маңғыстаудағы үш жұз алпыс екі әулие бастаған
қаншама асыл бабалар қазак топырағында
жатыр. Осыншама, киелі бабалар жатқан киелі
топырақта дүниеге келгенде қалай
мақтанбассын. Бірак құр мақтаннын не шығады.
Сол бабалардың атын атап құран бағыштап,
басына барып тәу етін, істеген істерін, артында
қалған сөздерін үлғі--өнеге тұтып ұлы Абай атам
айтпақшы, болмасақ та ұқсап бақсақ нұр үстіне
нұр емес пе. Иә бабаларымыз өз заманының
лайықты перзенті бола білді. Ал, біз сол
бабалардың ұрпағы деғен атқа лайықпаз ба.

Атамыз қазақ ықылым заманды айттарда,
Алаш алаш болғалы, кереғеміз ағаш болғалы деп
бастайды. Алты алаш деғен сөз бар, алаш алтау
емес жетеу еді. Олар Қазақтың үш жүзі, Қырғыз
елі, Қарақалпак елі, Қатаған елі және Құрама.
Есімхан қазақтың ата заңын бұздың, Тұрсын
ханды жақтадың деп бүкіл Қатаған елінің тоз-
тозын шығарған. Әз Тәуkenің заманынан кейін
Қырғыз бер Қарақалпак бөлек кетті. Ал,

Құраманы 1936 жылы өзіміз сыйғызбадық. Екі жарым миллион құрамалар осы күні өзбектің санын көбейтін отыр. Қазірғе бізге қалғаны қазақтың үш жүзі яғни, үш алаш. Алтау ала болса ауыздағы кетер, төртеу түғел болса төбедегі келер деғен осы да. Осы күнде билік басында отырғандар арасында руға бөлініп, алты бақан ала ауыз болатындар бар. Аз ғана қазақты руға бөлғенде ұтарымыз не. Тасты жапалақпен ұрсанда жапалақ өлер, жапалақпен тасты ұрсаң да, жапалақ өлер демекші не көрсе де көретін қара халық. Осының зардабын бұқара халық тартпаса екен. Әрине, шежіре білғен керек-ақ. Өзінің шыққан теғіп білмей өмір сұру қын-ақ. Әрбір жас өзінің шыққан теғін, жеті атасын білуі шарт. Жеті атаға толмай, үйленуге тиым салынған. Әрі олардан туған баланың кім боларын бір Алла ғана біледі. Шарифатта бір емшек ембесе қоса берғен. Ал, біз араб немесе өзбек емесініз ғой. Күні кешегі Қалқаман мен Мамырды, Еңілік пен Кебекті, Қодар мен

Қамқаны атам қазақтың қалай жазалағанын еске алыңыз. Қанның тазалығы жанның тазалығы. Атада толық жүз пайыз болған қан, балада елу, немереде жиырма бес, шөбереде он екі жарым, шөпшекте алты да жиырма бес, жүрежатта үште он екі жарым, туажатта бір жарымнан астам ғана ата қаны қалады. Яғни жетіпші ұрпақ туажаттан асып, сегізінші атадан қыз алысуға болады. Салт бойынша ағайын арасы жеті атадан асқан соң жиылдып ас беріп, шыбық сындырады. Егер ыңғайы келсе ұл мен қыздың басын қосып, бірлесіп тойын жасаған. Айтпақшы, барша қазақ баласына тән, құйымشاқ тұсындағы көк таңба ойыңызда болар. Бұл таңба туғаннан бір-біржарым жасқа дейін көрініп, кейіннен тері астына жасырынады. Кей балада жауырын тұсында, кейінде он жамбасында болады. Ерекше қасиеті бар балада бұл белгі жас шағында көріпбей кейіннен қал түрінде көриеर. Бұрын ұлкендер періштенің алақанының таңбасы, кейде тіпті мұсылмандық белгі депте

айтатын. Анығына келсек, бұл таңба барша қазақ балаларына тән. Басқа халықтардан әлемде Америкада өмір сүрғен мая тайпасында, жапонда, және жақуттарда болады екен. Бұлар да бір кезде Алтай тауынан шықкан түріктерге жатады. Басқа түркі текtes халықтарда ноғайда, қырғызда, монголда бірен саран кездеседі. Теғінде басқа жұртқа сіңісіп кеткен қазақтар болуы мүмкін. Қазақтар балаларына жауырыныңнан ешкімғе, әсіресе орыска қақтырма деп ескертіп жатады. Яғни, өсе келе көрінбей кеткен көк таңбаның сыры бізге белгісіз болғанымен, Жаратушының көк түріктің тандаулы ұрпағына тартқан сыйы болар. Бұғінғі күні көрінбесе де Алланың қалаған күні жарыққа шығып, өз қасиетін көрсетер. Кешегі Ақбайдың Жақыбының палуаны болған Жалдас атамыз бірде орыстың тасқа асылып қалған, полуторкасын тік көтеріп шығарып береді. Орыс мәз болып жарайсың деп, арқаға қақса керек. Үш күннен кейін жауырын ортасы қарайып дүние

салған. Ел арасында орыстың көзі тиді деседі.
Жаманның көзі де жаман деғен емес пе.

Мен үшін мынау әлемде қазақтан ұлы, қазақтан
дана халық жоқ. Сонау Кеңес заманынан бері бір
жаксы нақыл болса, бір жаксы сөз болса оны
Платон айтқан, Сократ айтқан деп сөз қозғаймыз.
Ал, соны біздің қазақтың қара шалы қой бағып
жүріп-ақ, баяғыда білғен. Біліп қана қоймай,
айтып кеткен. Мысалы, жанды да балық, жансыз
да қамыс үлкен деғен. Ойлап қарасаңыз, мұқиты
жоқ қазақ киттің ең үлкен макұлық екенін қалай
білғен. Ал, тек Африка құрлығында өсетін
bamбуктің қамыс екенін қалай білғен. Басқасын
айтпағанның өзінде тұрып жатқан қазақ жерінің
тұтас бір бөлігін Сарыарқа деп қалай атаған.
Қазірде ғарышқа ұшқандар оның үлкен жон
екенін яғни арқаға ұқсайтынын айтып жатыр.
Күн жүйесіндегі біздің ғалактикамыз күнді
айналады. Ал, қазақ атамыз бүкіл жаратылған он
сегіз мың ғаламның Темірқазықты айналатынын
баяғыда айтып қойған. Ғылым әлеміне белгілі

болғанына алты жылдай ғана уақыт болды. Жерде жүріп қой баққан бабаларымыз сонауғарыш көғіндегі жұлдызға Темірқазық деп атқоюының өзі керемет емес пе. Сірә, мына жалған дүниеден тиянак таптай қой баққан, қой емес-ау ой баққан болуы керек. Темір-Тәңір күні кешегі әлемді дүр сілкіндірғен Шыңғыс бабамыздың шын аты Теміршын, яғни, шыңдалған темір емеспе. Азияның ақсақ барысы атанған атақты Темірбек, күні кеше Абылайдың көмекей әулиесі атанған абыз бабамыз Бұқар жыраудың шын аты Темірғалы. Бәрі темір яғни ең асылын шыңдалған болат, қайтпас темірғе балаған. Айтпақшы, Шыңғыс ханның Шыңғыс аталуында да мән бар. Ол бүкіл шығыстың билеушісі Шығыс қаһаны емеспе, ал оның немересі Сайын ханның Батый аталуы оның батыс өнірдің билеушісі Батыс ханы болғандығынан. Қисынға салсақ солай келеді. Ал, қисынсыз дүние жок.

Кейінгі кезде галымдар арасындағы қазақ тілінің төркінін іздеушілер сөзіне сенсек, ана сөз араптан кірген, мына сөз парсыдан келген дейді, тінті күні кеше гана ел болған орыстан да сөз алыптыз. Сонда қазақ өз алдына ел болмаган ба. Біздің бабаларымыз ерлігін тасқа қашап жазып, темірден үзенгі тагып, ауыздықтап ат мінін, қолына темір найза ұстап, темір қалқанмен құрсанып Римге кіргенде, гректер әлі мысты тұттынды емес пе. Күлтегін бабам мойыны барды игізіп, маңдайын жерге тигізін, тізесі барды бүккізіп табанынан сүйгізген уақытта орыстар әлі беліне не байларын білмей жүрген. Сөйткен бабаларым басқа елден сөз үйренген бе. Әлде олар бізден үйренген шыгар. Бірақ бірде біреуі айтпайды, біз қазақтан осыны үйрендік деп. Сірә, бұган галымдар кінәлі шыгар әлі күнге дейін құлдық қамыттан шыга алмай, өз тегін танып білмеген. Әр жагын алсақ қытай мен үндінің де санын көбейтін отырган біздің түрік бабалар емес пе. Барған жерін сіңін кеткен.

Ойдан-қырдан қосылғандар мен ел болып отырған орыста бізге үлғі ме. Әр кім өзіне тиесілісін алса, орыста тоқымдай да жер қалмас. Өткенге салсақ бүкіл Евразияны неше дүркін шауып алған да біздің бабалар емес пе. Атақты Құнан қыпшак, Еділ патша, Шыңғыстың немересі Бату хан бәрінің де барған жерінде ізі қалды емес пе. Өмірі жылқы көрмеғен Еуропа халқы ат үстіндегі Еділ бабамызды Аттылы деп атаған. Ал, негізгі халық төрт аяқты адам кеуделіні көрін тұрмыз деп қорқыныштан Кентавр атаған. Өзеннің бір қабағын Буддалықтар, екінші қабағын Пейіштік түріктер мекендереп кейіннен Будапешт аталған қала бар. Тінті, Бату ханның қаласы Ватикан болып отырғанына не айтасыз. Жаулап алып жайлады, кейіннен сол елдерғе сіңі қетті. Қан аңсаған Кир патшаның басын қанға тұншықтырған Тұмар ханшайым ше. Құлдар көтерілісін басқарған ержүрек Спартактың да шыққан жері түрік даласы екен. Мысырды билеген Байбарыс

бабамды қайда қоясың. Алла тағаламның « мен өзіме бағынғысы келмеген пенделеріме, түрік атты әскерім бар, соларды жіберіл-жіберін алам » деғен сөзі бар. Пайғамбарымыз « түріктерге өздері тиіспесе соктықпандар, олар Алланың әскери » - деп айтқаны бар. Бабалар қалдыրған қашама жерден айырылсақ та, құдайға тәуба әлі де дархан жеріміз бар, аз болсақ та кең қолтық еліміз бар. Замана көшие қарасақ біздің де етек-жеңімізді жинақтап, барымызды сыртқа тонатып бейқам жата бермей, ширығатын кезіміз келді.

Заманында абақтысы болмаған бірден-бір ел осы қазақ болар. Телі-мен тентеғін, озыры мен сотқарын өз ішінде талқыға салып түзеп отырған. Ертеде қалай болғанын бір Алла білер кейінде Қасымның Қасқа жолы, Есімнің Ескі жолы, Тәуке хан заманында Жеті Жарғы деғен салт-дәстүр мен шариғатқа негізделген зандары болған. Жеті жарғыны шығаруда Төле, Қазбек, Әйтеке би бабаларымыз ат салысқан.

Жеті жарғының аса маңызды деғен жеті тармағын айта кетсек.

1. Көтерліс жасап, бұлік шығарған кіслерге өлім жазасы бұйырылсын.
2. Түркі халқының мұддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына бұйырылсын.
3. Мемлекет ішінде жазықсыз кісі өлтірғендер өлім жазасына бұйырылсын.
4. Өзге біреудің әйелімен зинақорлық жасап, ак некені бұзушыларға өлім жазасы бұйырылсын.
5. Өреде тұрған, тұсаулы жүрген сәйғұлік атты ұрлағанға өлім жазасы бұйырылсын.
6. Төбелесте мертігудің түріне қарай, мұліктей құн төлесін.
 1. Біреудің көзін шығарған кісі айыпқа қызын берсін.
 2. Қызы болмаса қалың малын төлесін.
 3. Төрт мүшенің бірін мертіктірғен кісі айыпқа атын берсін.
7. Ұрланған жылқы, өзге де құнды мұлік үшін он есе артық айып төлесін.

Бұл айтып отырғанымыз сол кезде, ел ішінде аса маңызды болып табылған заң бұзушыларға арналған заң тармақтары. Қазак арасында жиі болатын барымта-төбелестегі ұсак-түйекке « Бас жарылса-бөрік ішінде, қол сынса-жең ішінде »-деп аса мән бермеғен. Ал, әйелдің күрек тісін сындырғанға жүз қой айып салған. Себебі, тіс әйелдің көркі, әрі жін қияр қаруы деғен. Себепсіз айып салынбаған, айыпты деғен кісі әуелі билер алдында болып, оның ақ-қарасы тексерілғен. Салт-дәстүрден, әдептен аспаған жанға қашанда арашашы табылған.

Қазіргі кезде мән-мағынысы кете бастаған кезінде қазак арасында мәні зор болған, түрлі әдет-ғұрыптар бар.

Мысалы, жасы жеткен жігіттің үйлену мақсатымен қыз қарау салттының әдебін алыш қаралық.

Алдымен қыз қарайтын жігіт көршілес бойжеткен қызы бар ауылды жағалайды. Қыз бен жігіт арасында жүрер таныс жеңгетайы жок

жігіт, қызды ауылга келгенде кездескен қызға сөз сала бермеген. Басы байлаулы қызға сөз айту біріншіден әдепсіздік, мұндай жігіттерді ауыл жігіттері әдепсіздігі үшін ауылдан қуып тастаган. Сонда басы бос қызды қалай таныган. Қыз қарай келген жігіт бейтаныс ауылга келгенде, әуелі қыздардың бұрымына көз салған. Егер бойжеткеннің бұрымы тоқ бұрым болып арқасында жатса, бұл қыздың атастырылған жері бар, басы бос емес. Егер, екі өрім болып арқасында жатса басы бос, әлі құда түспеген еркін қыз деп жеңгесі арқылы сөз салған. Мұндайды қымызды кім ішпейді, қызға кім сөз салmas деп ешкім ерсі көрмеген. Егер, қыз бұрымы екі өрім болып кеудеде жатса, күйеуінен ажырасқан, басы бос келіншек, егер бұрымы екі өрім болып бір иығынан құласа күйеуі өлген, әменгері жоқ басы бос келіншек, егер тоқ бұрым болып, бір жақ иықта болса әменгері бар басы бос емес деген белгі. Осындай белгіленген әдепті бұзбаган адамга ешкім айып сала алмаган.

Қаралы әйелдер бұрымын тарқатып, шәшін жайып жіберін жоқтау айтқан. Әйел адам қайтқанда бұрымын тарқатып жерлеғен. Шәшті кесу, өз бақытыңды, жолыңды кесу деп, шәшті қиоға тиым салған. Қазіргі кезде бұрымы қырқылған шорт желкелер көбейіп кетті. Қызы қайсы , келіні қайсы еkenі белгісіз. Қазақ қыздарының бұрымына таққан шолпының да өз мәні бар. Ол тек қана сәндік бұйым ғана емес, шолпы тағу қыз баланың басын, кеудесін тік ұстап жүруіне дағдыландырып, шәшінің ұзын болып өсуіне көмектескен. Сонымен бірғе шолпының дыбысына қарап, қыз баланың жүрісін реттеғен. Ертедегі қазақ ауылында ер балаға кекіл, айдар кою деғен салт болған. Ерекше бір жағдайда тұлым жіберғен. Тұлым ел қорғаған батырдың, ел бастаған көсемнің артында қалған ұланына, немесе ерекше туған ұлға қойылған. Қазақ тарихында Кенесары ханың ержүрек бауыры қас батыр Наурызбайдың ұзын тұлымы болғаны айтылады.

Балаға тұлым қою үшін тұлымды не үшін қоятының біліп барып қойса дұрыс болар еді. Қазіргі кезде де, немерелеріне тұлым қойып, сұндет тойынан кейін тұлым кесу рәсімін жасап жатқандар бар. Тұлымды жөн-жосықты білетін, ауызының дуасы бар ер адам кесуі керек. Ол үшін арнайы тілек-бата берілін, кездікпен тұлымды кесін алады. Тұлымды ақ матаға орап, аяқ баспайтын, су бармайтын жерге жасырған. Қалалы жерде көп қабатты үй тұрғыны қабырғаны ашып, сылап жіберсе дұрыс болар. Себебі, бұғін сенікі, ертең басқаға сатылар үйдің еденіне сенім жоқ. Жә, заманына қарай амалы болған, салттың жақсысы кетін жаманы қалған, адамы азып, кедейі кесірленген бір заман болып тұр ғой. Ертедегі қазақ ауылында қыз балалар бүрмелі көйлек, камзол киіп бастарына сәнді бөрік немесе тақия киғен. Қыз дәуренінің соны деп алдын ала дайындалған сәукелені ұзатылып барғанша ғана тұтынған. Келін болып түскен күні-ак басына орамал тартқан. Қазіргі заманда

лайықты байлам байласа да болар. Келіннің өзі немерे сүйгенде алғаш рет кимешек киғен. Одан әрі жасына сай кимешек тұрлері де өзғерін отырған. Кимешек тұрінің өзғеруі бәйібшенің жасы мен дәрежесіне лайық болған. Бәйібше деғен атаудың өзі тоқал алған адамға жарасқан. Тоқалы жокқа әйелі нақсұйер болған.

-Тіл-көз, дуа деғенге қалай қарайсыз.

-Өкінішке қарай бұл бар нәрсе. Тіл-көз деғеніміз адам баласының сұқтануынан болады. Және бұл жерде жақсы немесе жаман көруден емес, адамның өз сұғының өзіне де тиүі мүмкін. Дуа деғен өзінен басқаның жақсы болғанын қаламаған қара ниет пенделердің басқаның жолын байладап, немесе өзіне қаратып алуы үшін жасалады. Пенденің екінші бір пендеғе жасаған зұлымдығы, Алла алдында кешірілмес зор күнә. Әрбір жасаған дуаның өз мерзімі бар, уақыты жеткенде иесіне қайтарын ұмытпаған жөн. Бабалардан қалған салт-дәстүрді ұстана білсеңіз дуадан сак боларсыз. Ғылым бойынша әйел

адамдар энергияны жерден алады. Аяқтан жоғары өрлеғен энергия адам бойымен кедерғісіз бойға тарауы керек. Сол себепті де ,көйлек киү және кең киү керек дейді. Ертеде жауғершілікте атқа қонған апаларымыз кең балақты шалбар киғен. Ал, еркек адамның алар энергиясы көктен келеді. Сол келген күштің артық зияны болмасын деп қазақтар басына топы киғен. Және, шеш энергияның зияндисын тартар деп тақырлап алдырып отырған. Жалпы, ер адамның бойында көз-тіл өтіп кетер осал жер алдыңғы қабырғаның түйіскен жері мен жауырын орта. Жас бала жеті жасқа дейін Алланың қарауында, яғни періштелердің қорғауында болар. Әйел адамда осы екеуіне қосымша бастағы еңбек тұсы, осал жері болып есептеледі. Сол себепті де басқа орамал, байлам байлап сақтанған дұрыс. Және қазақ ауылында орамал-жаулықты қарадан байлауға рұқсат етпеғен. Қара орамалды басы қаралы әйел ғана тартқан. Орамал ұшын мандай тұсынан түю де адамның бағын байлар деп ырым

еткен. Жаратылыстың өзі сыйлаған энергиясын бойымызға бөгетсіз өткізіп, тазасын денемізге сіңіріп, ласынан сақтана білсек анау-мынау ауырудан сақ болар едік. Кейінгі кезде дуа жасау, дуакештік деғен көбейіп кетті. Алла тағалам тарапынан бұл өте тиым салынған нәрсе. Кезінде жөйттер пайғамбарымыздың өзіне дуа жасап, қатты ауыртқан. Тағы бірде қарсыластары су ішетіп құдығына түйіншекке дуа жасап салған. Сол кезде Алла тағаламнан әл-Нас, әл-Фалах сүрелері түсіп, түйін өз-өзінен шешілғен. Дуадан , тіл-көзден сақтанудың ең оңай жолы, қашан да болмасын толық дәретпен жүріп, жеңі үзын кім киіп, жалаңбас жүрмеу. Жас балалардың маңдайына күйе жағып, небір көз тартар жылтырауық монщактар тағып жатады. Және тіл-көз тиді деп өзіңіз күдікке алсаңыз дереу суға түсіңіз. Дер уағында қолдансаныз, судың алмас қамалы жок. Әрқашанда дуакештерден сақтанып жүрейік. Ұлы

пайғамбарды аямағандар кімді де болмасын аяmas.

-Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым -тиым деғенді қалай тұсінесіз?

-Әуелі осы аталғандардың басын ашып алайық. Дәстүр деғеніміз белгілі бір ұлттың нағым-сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, әр ұлттың ерекшелігіне қарай ғасырлар бойы жинақталған, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы, қоғамда қалыптасқан мінез-құлық ұлғісі. Дәстүр белгілі бір дәрежеде бұзылmas заң. Оны орындаған, құрметтемеген адамды сол заңмен жазалаған. Яғни, дәстүр деғеніміз атабабамыздың өзге жүрттан кем қалмасын, ірғелі ел болсын деп бізге қалдырған асыл мұрасы. Әуелден қанымызға сіңғен, оны орында масақ елдікten қалатын, атадан балаға мирас болған, келешек ұрпаққа қалар тәлім-тәрбие.

Салт жеке бір ортасың тұрмыс тіршілігіне қарай қалыптасқан әдет-ғұрпы. Әр елдің салты басқа, иттері кара касқа демекші әр өулеттің өзі ғана

ұстанатын салты болуы мүмкін. Әдет-ғұрып - деғеніміз ылғи қайталанып, қанға сіңғен, дағдыға айналған әрекет. Үрим – деғеніміз белғілі бір жақсылыққа бастаған істі жұғысты болсын, маған да сондай жақсылық болсын деғен ойарманнан туған, әрекет. Тиым деғеніміз белғілі бір әрекетке олай істесең обал болады, жаман болады деғен сақтандыру. Жалпы ырым-тиым, обал-сауапқа негізделғен тәрбиелік мәні зор нәрсе. Жолымды қара мысық кесін кетті, енді жолым болмас, деп болмашыны ырымдауға болмайды. Нендей жағдай болса да, соны жақсылыққа жорып, ырым ету керек. Жаман тұс көрсөнде ойнап-қалжындар адамға айтпай тұс жори білетін адамға жорыт. Ондай адам болмаса тек жақсылыққа жорып, жеті күлше таратып, үйде немесе мешітке барып өткендерғе дұға бағыштат. Тұс деғен балқыған корғасын, қалай жорысаң солай болар. Тұс тұлкінің тезегі деғен. Егер, көрген тұсің анық, аян болса оны қалайда орындауға тырыс. Мынадай бір азыз айтылады.

Атақты Абылайханның заманында ертең шайқасқа түсеміз деғен күні, Қаракерей Қабанбай батыр бабамыз тұс көреді. Тұсіпде екі бөлтірік екі емшеғіп жұлмалап жатса керек. Өмірі жаудан беті қайтып көрмеген батырдың көңіліне секем кіріп, ертесіп жекпе-жектен бастартады. Оның мәнісіп сұрап білғен Абылай: сенің түсінде екі емшеғінді екі бөлтірік жұлмаласа, өзіңден туған ұлдарыңың екеуі өзіңе тартып батыр болар. Тұс тұлқінің тезегі деғен шық жекпе-жекке,- деп намысын қоздырып қамшымен осып жіберіпті. Міне, сенің жолыңа атаған садақам деп астындағы арғымағын бауыздатып, таратып жібереді. Қабекең бара айқасқа түсіп қалмақ батырын аттан түсіреді. Аттан жығылған қалмақтың басын алмақ болып, қылышын ыңғайлағанда астында жатқан қалмақ батыры дәт батырым сен көрғен түсті мен де көріп едім, әттең жоруышым теріс болжаған еken депті. Содан Қабанбай батыр жауына кеңшілік беріп, екеуі анда

болыпты дейді. Бұл екеуіне де көрніін жүрғен түркі әлемінің соғыс тәнірі Сұлде болар дейді айтушылар. Қазақ ырым етеді, ырымы қырын кетеді деғен сөз бар. Өмір болған соң жақсы мен жаманы қатар жүреді. Не болса соны жамандыққа жорымай, әрқашанда жақсылық ойлаңыз. Жақсылық іздесеңіз қашанда жақсылық болар, жамандық ойласаң соған апарар. Аллатагалам да мен пендеме тек ниетін қалдырдым, басқасы менен болар деғен.

Осы салт-дәстүр, әдет-ғурып, ырым+тиым, тіл, дін деғеннің бәрі бір ауыз сөзben діл деп аталады. Діл деғеніміз алып бәйтеректің тамыры секілді. Егер тамыры солып тартылса, алыш ағаштың да жапырақтары желге үшіп, тек кураған діні қалар. Сол сияқты ділінен яғни, салт-дәстүрінен айырылған халық болсын, мейлі мемлекет болсын, бір күні құлары анық. Басқа бір ұлттың тілін меңгеруғе болар, ал ділін қаныңа сіңіре алмассың, өйткені ол адам бойына тек ана сүтімен дарыр.

-Баланы жас кезінен неғе бейімдеу керек? Кей жастар орта буынға жеткенде де, орынын таппай жатады.

-Бесікте жатқан бал бөбек тербеткенғе, сылдырмакқа алданады. Аяққа тұра ойын ойнағанға, асық атқанға мәз болар. Қазіргі балалардың мултфильм көрғені секілді. Осы кезде олар үшін осыдан артық өз әлемінде еш қызық жоқ. Кей бала ерте пысық болып, үй, көлік жайын ойладап өмірдің мәні байлықта деп өзгеше тірлік қылады. Жиырмадан асып отызға дейін ақылы кірмесе қыз-қырқын мен ойнап, қыдырғанға мәз болар. Әсіресе әке-шешесі тірі баланың жастық дәурені ұзаққа созылады. Кейін бірақ күнде не істерін білмей тығырыққа тіреледі. Бозбала шакта әлі бар өмірім алда деп тірлік кешкен адам, қырықтан аса уақыттың тапшылығын, өзінің қартая бастағанын сезінген де, не істерің, кімнен жөн сұрарын білмей сасады. Адам баласының туа сала қартая бастарын сезінбеғен жан, алда әлі талай

қызықты ғұмыр барына сенбей өмірден тұңған
бастайды. Бұл уақытты рухани тоқырау десек те,
болар. Бесікте жатқан да сылдырмаққа уанған,
одан кейін үтқан асығына, қорғасынды
қонқарына алданған бала, бозбала болып қыз-
қырқынға барып, қыдырудың да уақыты өте
өзіне алданыш іздең таппайды. Негізінен алғанда
Алла тағалам әр пендесіне жан берің, жер бетіне
жіберер алдында, оған тапсырма береді. Ол
тапсырма ата-бабаның ісін жалғастыру, немесе
бұрынғы жан иесінің орындай алмаған уәдесі
булуы да мүмкін. Жеті жасына дейін бәрін білғен
бала, денесіне аура пайда болысымен барлығын
ұмытады. Тек санада қалған тапсырма әрдайым
белгі берін тұрар. Ол тапсырма әркімнің де
бойында бар бейімі. Бейім- деғеніміз адамның
құнделікті өмірде өзі қалап, істеген ісі яғни
жанының қалауы. Бұл жұмысты істегенде ол
үйқы-кулқи деғенді ұмытып, шаршап-
шалдықпайды. Яғни, оның жаны қалаған ісі,
Алладан алған тапсырмасы да сол болар. Әр

адам өзінің бейімі бар, жаны қалаған ісін істеп, жаны рахат таппаса, тез шаршап, ерте қартаяр. Бойында атадан қалған сынықшылық, емшілік қасиеті бар баланың, дәрігер болмай токарь болғанынан, темірден түйме түйіп, станокта тұрар баланың сот болғанынан келер пайда барма. Кімде болса баласының сот, прокурор болғанын жақсы көрер. Эрине, жас кезде бәрі білінбейді, өсе келе өмірден өз орынын таппаған адам опық жер. Солай деғенмен де, басты мамандығы болмаса да, қол боста өзінің жаны қалаған іспен айналысса, Алланың тапсырмасын орындалған өмірғе деғен құлшынысы артары қақ. Ата-ананың басты міндеті өсін келе жатқан ұл-қызының ыңғайын ерте анықтап, соған қарай бейімдеп жолға салу. Шыңғыс хан батыр адамды әскерге басшы сайладап, икемді, шапшаң адамды жылқы баққызып, шабандау адамды қойға салған деседі. Өзінің мына дүниеге не үшін келгенін ерте түсінген үрпағының, бақытты, бакуатты дәурен кешер. Солай болар деп сенейік. Әуелде

айтқанымдай әр жан иесінде Алланың тапсырмасы, әруақтың тапсырмасы және жанның тапсырмасы болады. Алланың тапсырмасы өзіне құлшылық қылу, әруақтың тапсырмасы жолын куу, жанның тапсырмасы бұрынғы орындалмағанды аяқтау. Сол сияқты Алланың деғенімен жүру, адамның деғенімен жүру немесе өз қалауынша өмір сұру керек пе деғен де сұрақ бар. Алланың қалауымен өмір бойына құлшылық қылу тақуаға ғана жарасар, біреудің айтуымен, деғенімен жүру тағы қын. Өз деғеніңмен ғана жүру ағайыннан алыстаташ әкетеді. Сонда амал бар ма. Меніңше Алланың бірлігіне, барлығына сенін, құлшылық қыла отырып, ағайыннан алыстамай ақылдаса отырып өз жүреғіңнің қалауын аткарғанға не жетсін.

Қырықтан аса берғенде,
Ақылым қылды шерменде.
Дінім қалай, жаным не,
Жоғалам ба өлғенде.
Әлемді кім жаратқан,

Осынша түрлеп таратқан.

Көрінген сонау планет,

Бірінен-бірін бөлгенбе.

Ахирет деген немене,

Шықкан жан қайтып келеме.

Кіреме осы денеге,

Дәлелі қайсы сенгенде.

Шәкәрім атамыздың Үш анық кітабынан.

Адам баласы жасы қырыққа келгенше артына бір қарамай, ілгері ұмтыла өмір сүреді. Қырық жасқа келген соң, жан-жагына қарап осы мен мына дүниеге не үшін келдім, не үшін өмір сүрем деген сұрақтар мазалап, не жогалтқанын білмей, әйтеуір бір жоқты іздей бастайды. Өмірге неге келгенін түсіну әр адамның қолынан келе бермес. Алланды тану үшін әуелі өзінді таны деген. Адам өзінің бар болмыс бітімін таныса, сұрақтың жауабы өздігінен түсінікті болар еді. Аяқ-қол өздігінен қалай жұмыс істейді, қуаныш-қорыққанда неге жүрек жиі қагады, ренжігенде неге көзден жас шыгады. Осының бәрін

басқарып отырған біреу барма, болса ол кім. Жауабын өзіңнен басқа жан білмес сұрақтар көбейеді. Жас кездегі тұла бойға симай қайнаған қанның қызыы басылып, есіл-дерті арбаған қызық дәурен сарқылып тұла бойын ауырлық басып дел-сал күй кешеді. Осы жасқа дейін қуған дүние байлық енді жерде керегі жоқтай енжар тартып, өз сөзі өзіне үнамас күй кешеді. Эрине, бұл арғы жағында тектілік бар ұл-қызыға таныс жайт. Ал шөлмеғін құшактап, бір күнгі бас жазумен өмір сүрғен, сорлы тұңғиыққа құлаған беті кете бермек. Сол сияқты байлықтың сонына түсін, бір тыыннан үш тыын тудырам деп құлқынның құлы болғандар жемсауын қашан толады деп, күні біткенше жүре бермек. Осы заманда жемқор, паракор деғендер пайда болды. Бал үстаған бармағын жалар демекші, бұл бұрында болған құбылыс. Әйтпесе « Майламасаң арба да жүрмес », « Құрғак қасық ауыз жыртар » « Құр қолға бата жүрмес » деғен мақал-мәтелдер қалmas еді. Ол заманда сирек

құбылыс болса осы күні ушығып тұр. Ертеңгі күнін ойламас сабаздар өз үрпағының несібे-ырзығын жеп жатқанынан әрине хабарсыз. Әр пендесіне өлшеулі ғұмыр берген Алла, әр әuletке де өлшеулі ырзық берген. Қазақ атам бір тоқты қоздаса, көденің басы айыр бітер деғен. Яғни, болмасты болдырып, тумасты тудырған құдай оның несібесін де бірғе тудырар. Әuletке берілғен несібені бүгін жеп, тауысып аласың ба, жоқ үнемдеп үрпағыңа қалдырасың ба ол өз еркің де. Алдыңа келғен параны, қолыңа алмай, қалтаңа салмай тұрып осыны ойлан. Тамағына тартпас макұлық болмас десе де, қазақ баласы тек өз үрпағы үшін өмір сүрғен. Жартқан ием де тек бақылаушы қойып, басқасын өз еркімізғе қалдырған.

Хаким Абай өзінің 41-ші қара сөзінде,
« Бұл қазақты екі жолмен түзеуғе болар. Бірі қорқыту, екіншісі пара беру. Пара берсең тоғышарды, жатып ішер арамтамақты көбейтесің. Ал қорқыту үшін бек зор үкімет,

қолында жарлығы бар кісі керек. Бұдан басқа жол көре алмадым » деғен.

Ал қазақ қанына сіңғен әдеті, әруағын силасағана Алладан қорқар.

Діни аныз.

Қазіреті Омар халиф болып тұрған кезінде кешкілік бір танысы келеді. Жұмыс уақытын аяқтаған халиф жаңып тұрған шырақты өшіріп, басқа шырақты жағады. Қонағы мұныңыз қалай, екі шырақтың қандай айырмашылығы бар?- деп сұраса керек. Сонда қазіреті Омар ол шырақты маған қазынадан берғен. Мемлекеттің шырағын өз жұмысына пайдаландым. Сенімен әңгімелесу менің жеке шаруам. Өз шаруама өз ақшама сатып алған шырақты пайдалануым керек деп жауап берғен екен. Қасиетті пайғамбарымыздың қай серігінің болмасын өмір жолы кімдерге болмасын ұлғі-өнеге. Қазіреті Омар халифтың мемлекет мұлкіне деғен көзқарасы біздің билік басындағыларда болса, еліміздің болашағы мұнан да зор болар еді.

Жә, бәрін айт та бірін айт сұрақтың жауабын іздең көрелік. Бұл азаматтарға жетпей жатқан нәрсе не, ол Жаратушысын тану. Ол үшін не істеу керек. Бес уақыт намазға жығылуға істеп отырған жұмысын бөгет. Сен намазын оқып алсын деп станок қарап тұрмас. Әрине қазіргі заманда біраз күн жұмыс іstemесең да старқаның жүқарып жағдайың кете бастайды. Оның үстіне ай сайын келер жылу-жарыққа төлер жарнаң бар. Онда не істеуғе болады? Тек таң намазын оқыса ше. Онда ерте тұрып үйқың қанбайды. Үйқысы қанбаған адамнан қандай жұмысшы шықпақ. Амалы бар ма. Бар, Жаратушы Иеміз өзіне құлшылық қылар пендесіне бұл жағдайға да мүмкіндік берғен. Ол жылына бір келер ораза айындағы Қадір тұні. Таң атқанша көз ілмей құлшылық жасап шықсаныз, сексен үш жыл намаз оқып, ораза тұтқан мүмінді бір-ақ тұнде қуып жетесіз. Жатсаңыз да, тұрсаңыз да тіліндіде кәлима болып, шын ниетінізben жылына бір келер осы Қадір тұнін құлшылықпен өткізер

болсаңыз, мейірімді Алланың сізге деген жақсылығы мол болар. Осылайша біртінде Аллага бет бұра бастасаңыз сұрагыңыздың жауабы шешімін тауып, бәрі өз орынына келер. Алланың барлығын бірлігін танып білу арқылы өзінді танып білесің. Өзінді тану арқылы мынау дүниенің бостан—босқа жаралмаганын, әр нәрсенің өз орыны барлығына көзің жетеді. Бұл дүниеде жасаган әрбір сауапты істің ертеңгі қайтарымын ойлады, өмір сұруге деген құлшының оянып, бойың сергек тартады. Бойың сергек тартса жан-жагыңа басқаша көзқараспен қарап өмір сұру жеңілдей бастайды. Іске сәт болсын бауырым, Жаратқанга деген сенімің ныгайып жарқын өмір сұруіңе тілекtesiіn.

-Бейітті жаңартпа деген не сөз? Құлаган бейітті қайта көтеруге болмай ма?

- Неге болмасын. Егер ол сіздің ата—бабаңыздың бейіті болса, оның құлап жатқаны кімге сын болмақ. Тек қана сізге. Қайта көтеріш, зәулім мазар тұргызу керек емес, тек аяқты мал

таптамасын деп, жатқан орыны жоғалмау үшін құлаған жерін тұзеп, шарбақпен қоршап да қойса болар. Жаңадан көктас қойып, бұрын тас қойылмаған адамдардың атын жазып қойса сауап ұстіне сауап болар. Егер, ел есінде қалар ерлік істеғен адам болса ұстіне мазар тұрғызып келешек ұрпакқа ұлгі қылған дұрыс. Жалпы қазақ салтында бейітті атақты адамдарға болмаса, зәулім етін көтермеғен. Биіктігі кіндіктен жоғары болып, мал таптамаса болар деғен. Әрине мәңғілік ештеңе жок, бірақ келер ұрпак үшін ештеменің жоғалмағаны дұрыс. Әсіреле, ауыл қазағының қалаға көшкен әлі тұрақты ұлты жок кезеңде. Сіздің әуелгі сұрамағыңыз бейітті жаңартпа деғен сөз ғой. Шын мәнінде ондай сөз жок. Ескіні жаңғыртпа деғен бар. Ескіні жаңғыртпа деп ағайын арасындағы ескіден келе жатқан есесі кеткен ески дауды қума, араздықты қайта өршітпе деғен. Күні кеше Сталин заманында бірге туған бауырлардың да, бір-бірін ұстап берғені болған.

Осындай өшкен отты қайта қоздатпа деғен сөз.

Сондай-ақ ескі жаңғырықты шаппа, отырма деп ескертеді. Мұнда ескілікті дүниені қадірле деп, оның бір кезде пайдасы тиғенін айтып, жас ұрпакты өткенді құрметтеуғе тәрбиелеген. Кейде дастархан басында ерлі-зайыптының ортасына отырма,- деп қалжындал жатады. Бұл да мәтіні өзгерғен сөз. Негізгі айтылуда ерлі-зайыптының арасына есі кеткен кіреді яғни, ұрысып қалған ерлі- зайыптының арасына тұсіп біреуін жақтама, күн өтпей-ақ олар татуласып ұятқа сен қаларсың деғен мағынада айтылған. Мұндай негізгі сөздің мағынасы бұрмаланған мақал-мәтелдер жеткілікті.

- Кейінгі кезде халал деғен ұғым пайда болды, оған сіздің айтарыңы?

- Бұрында ата-бабаларымыз арам деп- доңыздың етіп, кейінде колбасасын тұтынбаған.

Бауыздалмай арам өлғен мал етіп, тұлқі, қарсак, қасқыр сияқты андарды жемеген. Ал, қазіргі кездегі халал тұрғысынан қарасақ халал яки,

адал деп жейтін ас қалмаған. Тек өз қолыңмен бауыздаған мал етін, немесе өзің сауған сүт болмаса. Себебі жарты сағатқа жетпей ірін кетер сүт тағамдары айлап сөреде тұрса да бұзылмайды. Өйткені, оған әлдебір жәндіктің терісінен алынған зат қосылса керек. Атамыз казақ нанды пышақпен турамай, қолымен бөлін жеген. Ғылым бойынша нан таза –ак энергия, пышақ сүйк энергия. Ақ адаптацияның дәмінді суыттайтын деғені болар. Ал дүкендерде сатылып жаткан халал колбасаға келсек, ол да сондай. Доңыз майын қоспаса тартылған еттің басы бірікпейді. Өзіңіз үйде дайындаған шұжықтың турауға келмей бөлшектенін кететінін байқаған боларсыз. Доңыздың адамнан азғанын дәлелдейтін бірнеше аяттар бар. Тінті, оның ағзасы адам ағзасымен бірдей екендігіне не айтасыз. Заманың үрдісі солай демек кісінің дастарханына билік айтпай, алдыңызға келғен дәмнің өзіңіз адаптацияның ауыз тиіп жүре беріңіз. Тек доңыз етін жемесеніз болыпты.

Таяуда теледидардан бір қызық жайтты хабарлады. Қазірде медицинаның дамығаны сонша адам ағзаларын біртіндеп ауыстыруға қол жеткізді. Сондай күрделі оталардың бірі адам жұлынын алмастыру. Әлемдегі барша халықтың жұлыны бір-біріне ауыстыруға келсе, қазақ баласына бұлай болмайды. Себебі, қазакқа өзімен бірғе туған бауыры болмаса басқанікі келмеғен. Әрі қуанасыз, әрі өкінесіз. Куанатының жеті атадан қыз алыспаған қанымыздың тазалығы. Өкініші, егер ол адам бір ата-анадан, кіндіктен жалғыз болса ше. Сол қанның тазалығының тағы бір «зияны» бар. Күнделікті доңыз етінен жасалған колбасаның қазақ асқазанына тұскенінің бәрі бірдей қорытыла бермейтіні анықталған. Күндердің күні осы қалдық ұлғая келе жазылmas ауыруға шалдықтыруы мүмкін. Қазіretі Әубәкірдің кісі ақысына алған тамақты, Омар халифтың зекетке жиналған сүттен ішін қойып, білғен уақыттарында қаныма тарамасын деп, өздерін

зорлап құсып тастағаны жөнінде аңыз әңгімелер бар. Адамның мінез—құлқы ішкен ас-суына тікелей байланысты дейді. Атам заманнан бері жылқының қазы-қартасын көртін жеп, салқын қымызды сіміре үрттап, кең жайлауда көсіліп жатқан ел едік. Салтымыз-салт, дәстүріміз-дәстүр болып, бірлі жарым шет жайылған телі мен тентекті тезге салып, келеғе қайырып, ел мен жұрттың амандығын ойлап бейкам жатқан ел едік. Ортаға орыс кірін ойран болдық. Кешегі зұлмат жылдары қазақ баласы қолдан жасалған ашаршылықтың зардабын тартты. Кейінде саптаяқтың сабына қарауыл қойып ас ішкен уақыт болды. Одан өте сөл болса да ес жиып, қой етін жедік, қойдан қоңыр болдық, сен тимесең мен тимен деп момын болдық. Одан кейін орыс не жесе соны жеймін деп доңызды тамақ қылдық. Ауызымызға не түссе соны жеп, не жесек соны құсып, болмасты сөз қылдық. Уақыт өте сиырды азық қылдық айналага сүзе қарап, алақтап, су көрсек ауыз тимей өтпейтін болдық.

Міне, енді заманымыз түзеліп қазақ аузы
қайтадан жылқыға жетті. Құдайым ұзағынан
сүйіндірғей. Лас ыдыстан су ішпей, тамақты
талғап жеп, қымыз ішін, қанымыз тазарып
тектілігіміз қайта оралды. Ішкен ас-суымыздға
абай болып, ата-бабадан қалған кәусәрдің
бұлағындай таза, біреулер үшін Әбілхаяттың
суындей болған қан тазалығын бұзбайық ағайын.
Қазақ асказанына жақпас тағы бір тағам ол арак.
Барша адам баласына келер жамандықтың,
зұлымдықтың басында осы құтыға құйылған
пәле тұр.

Бір мысал.

Пайғамбарымыздың заманында бір сақаба
жолдан адасып шөлден қысылып келе жатып,
айдалада тұрған лашықты көреді. Лашыққа кірсе
бір әйел отыр екен, мұның қатты шөлдеп
келғенін көріп, үш шартым бар, соның біреуін
орындасаң шөлінді қандырарсың дейді. Үш
шартының біріншісі- сол әйелмен жанасу,
екіншісі- бесіктегі баланы өлтіру, үшіншісі - арак

ішу. Мұсылман баласына некесі қылмаған бөтен әйелмен жату күнә, ал жас баланы өлтіру одан өткен қылмыс. Сақаба ойланған келе ең күнәсізі осы болар деп арақ ішүге келісіміп береді. Аракқа тойған соң мас болып әйелмен де жатып, баланы да өлтіреді. Міне, бар күнәнің басы арақ екені осы оқиғадан да көріпіп тұр.

Байқотан би айтқан.

Өткен ғасырда Семей өңірінде өмір сүріп артында өлмес сөз қалдырған бабалардың бірі-керей Байқотан би бірде патша үкіметінде өкілі губернатормен табактас болады. Өзінің өктемдігін көрсеткен патша өкілі кесеғе арақ құйып бидің алдына қойып, алып қой дейді. Биекең арақ құйылған кесені бір көтерін орынына қояды. Тағы бір бос ыдыс алдырып арақты қотарып соған құйыпты. Және, бір тостақпен қатық алдырып оны да бос ыдысқа қотарып, ішіп қояды. Мұны көріп, бақылап отырған губернатор «Мен ұсынған арақты неғе ішпедің, әлде менің асынан жиіркеніп отырсың

ба » - деп зекиді. Сонда Байқотан би сабырмен « Тақсыр айып етпеніз, сіз біріншіден алып қой дедіңіз оны орындарадам, сіз ішін қой деғеніңізде ішер едім. Және, өзі сүйық мөлдіреп тұрған соң ішінде бүккен сыры барма деп басқа ыдысқа қотарып құйдым, ізіде қалған жоқ. Ал мына ыдыстағы қатықты қотарғанда, ішінде жұғыны қалды. Мен ішегіме жүқпас тағамды ішпейтін едім » деп уәж айтады. Сөзден ұтылған губернатор үндемей отырып қалса керек. Сол бабамыз айтпақшы, ішегіне жүқпас тамақты қазақ баласы да ішпесе керек. Және бір бабамыз Кеңгіrbай би бір кесе шәй ішкен адамға он бес қамшы дүре салғызған. Ұрпағымды аздырар сусынды іштің деп. Айтқаны айдай келін, ағарған ішпеген қазактың бүғінгі түрі мынау.

Бір әумесер, арақ бидайдан жасалған ол да дәмнің бір түрі емес пе деп сұрақ қойыпты. Сонда оған егер мына суды бетіңе шашсам не болар деғен. Әрине ештеңе болмайды. Егер бетіңе топырак шашсам не болар. Әрине одан да

бұлінер дүние жоқ. Егер топырақты суға илеп , кесек жасап кептіріп қойсам. Кепкен кесек пен басыңа үрсам қалай болар деғен. Бас жарылар. Бидайды шірітіп, су қосып жасаған арақ басың түғіл, тасты жаарар. Құдайға шүкір қазіргі жастар осы бір арам судан бойларын аулак салып, үрпағымыз тазара бастады. Көнбей жүрғен кешегі Кеңес заманында ауыздары былғанып, жаман үйренін қалған аға буын апалар мен ағалар. Ұлық Пайғамбарымыздан қалған сөздердің бірі былай дейді. Бұл дүниеде ең тәтті тағамның бірі - қант. Оны көп жесең құсасың, нені құссаң сол арам депті. Ауруы қалса да әдеті қалмас қылышқа бұдан артық айтып болмас.

- Адам бойында кездесетін оғаш, жат қылыштарға айтарыныз.
- Жалғандықтан, өтірік айтудан бойды аулак ұстаған дұрыс.. Қазіргі заманда үрлықты не адамның қоры, не қолынан түк келмес, кер жалқау жасар. Үрлық түбі қорлық болар. Бір рет қолға түссеніз, маңайыныздағы адамдар тағы

бірдемемізді алып кетер деп құдіктенін, жан-жағын жиыстыра бастайды. Сөйтін, бір сәттік осалдығының сізге өмір бойына қүйе болар.

Мынау жалған дүниеде егер ұрлық пен өтіріктің арасын салмақтаса, ұрлықтан ғөрі өтірікшінің кінәсі ауыр болар. Себебі, ұрлық жасаған адам белғілі бір адамды зиянға қалдырса, өтірік айтқан адамның жалған хабарына сенін зардабын көпшілік тартуы мүмкін. Құрдасыма ойнап өтірік айтуға болар деп ойлап қалмаңыз өйткені оның зияны өзінізге тиеді, яғни ырзық - несібеңіз кемиді. Ал, шындықтың жолы қашанда ауыр.

Аңы шындықты есту кімғе де болмасын оңай тимес. Солай бола тұрсада, шындықты бетке басып айтудан бас тартатын жағдайда болады.

Егер, сіздің айтар шындығыныздан елғе, көпшілікке зияны тиер болса, немесе ерлі-зайыпты адамдардың арасы ашылар болса, мұндай жағдайда шындықтан өтіріктің өзі артық.

Ал жалғандық немесе өтірік куа болу барып тұрған оңбағандық. Мұндай адамнан бірге тусада

араны алшақ ұстаған дұрыс болар. Бүгін басқаны сатса, ертең сені де сатар. Ал, сатқындық жасаған Қарашиң мен наймандарды Шыңғыс ханның қалай жазалағанын талайға сабак болар. Қазіргі заманда белең алып түрған жатқылыштардың бірі немқұрайдылық. Басы ауырмағанның құдаймен ісі жок, демекші біреуғе біреудің жаны ашымас заман. Құлап жатқанды көрсе жүрегі қысылдыма, жок әлде тайып құлады ма, онда шаруасы жок, ішін алып жатыр гой, сауап деп өте береді. Ұлық пайғамбарымыз дүниeden өтерде жанына жиналған серіктері: Сіз мына дүниені тастап кетін баrasыз, енді заманақыр қашан болады?- деп сұрак қояды. Сонда сөзғе тілі келмеғен Пайғамбарымыз ымдал екі саусағын көрсетсе керек. Сақабалары екі күн, екі ай, екі жыл деп күтседе ақырзаман келмеғен. Содан да халық арасында екі мыңыншы жылды ақырзаман болады мыс деғен лақап тарады. Құдайға шүкір одан да өттік. Пайғамбарымыз көзі тірі күнінде жер бетінде

азан шақырылып жатқанда бұл заманың ақыры болмас дейді екен. Екі саусақтың ишарасы Алла және Мен деғені, яғни Жаратушыға құлшылық жасаушы барда тіршілік таусылmas деғені болар. Шариғатта ақырзаман боларда көктен Ғайса (Иса) пайғамбар түседі, жерден Мәді (ғазірет Әлінің Дариғадан туған баласы) шығады. Жалғыз көзді Тажал пайда болып, жанарына әлемді сидырар дейді. Басқаны қайдам ал, Тажалдың жалғыз көзіне телмірғендерді күнде көрін жүрміз. Ол күнделікті өмірде кездесетін телевизордың, компьютердің, телефонның экраны. Үлкен де, кіші де, бала-шаға да үйқыға кеткенше соған телміреді. Жан-жағында не болып жатқанын, тінті өзінің шүлғауы өртенін жатсада, экраннан көзін алмайтын немқұрайды тіршілік. Адам баласы өмірғе келе салысымен қартаюға бет алады. Сол сияқты дүние де жаралғаннан ақырына келе жатыр. Алладан басқа мына дүниеде жаралғанның бәрінің ақыры бар. Жаралу барда, жоғалу бар. Заманы алға,

адамы артқа шегінген құбылмалы кезеңде, немкүрайдылықтан тезірек арылып бір-бірімізге бауырмал болайық агайын.

Адамдар арасында кездесер тагы бір қылыш болмас іске уәде беру. Осы күнгі құрдастар арасында егер сенің әйелің ұл туса, мені әйелім қыз туса - деп әлі дүниеге келмеген балаларын атастыратындар бар. Жақсы лепес жарым ырыс демекші мұндай жақсы ниет көкке көтеріліп қабыл болады. Ал, қазіргі балалар кімді тындар, егер екі жастың басы қосылмаса екеуі деп бақытсыз болар. Уәдесін орындаған Қарабай мен Сарыбайдың балалары Қозы мен Баян сияқты. Әрбір жақсы ниет әуелі көкке шығып өзінің орындалар уагын тосады. Сол сияқты жаман ниетте әуелі көкке көтерілер. Қазақ қарғыс екі үшты деген. Сіздің қарғаган адамыңыз егер таза ниетте болса , қарғысыңыз құндердің-құнінде өзіңізге қайта оралар. Сол үшінде өзіңізге не тілесеніз өзгеге де соны

тілеңіз. Алдыңа келсе атаңың құнын кеш деғен. Кешірім сұрап басын иғенге:

« Алла разы болсын, болар » деп рақымшылық жасаңыз. Кешірдім деғен сөзді айтқанша, сіздің кешірмеғеңінің білінін тұrap. Кешірімді болыңыз, Алла тағалам сізді де кешірер. Шалқайғанға шалқай ол пайғамбардың ұлы емес, еңкейгенге еңкей ол әкеңнің құлы емес деғен.

Жауғершілік заманда елі-жері үшін, үрпак үшін жанын қиған ата-бабаларымыз, аға-апаларымыз аз емес. Ері соғыстан қайтпай өмір бойы соны күтумен өткен апаларымыз да болған. Патша заманында Ибір-Сібірге жер аударылған күйеуінің соңынан кетін сол жақта күткен аналарымыз да болған. Бейбіт заманда да Алланың өзіне берғен өмір жасын басқаға арнаған апаларымыз ауырған шешесін күтін, тұрмыс құрмаған. Қисынсыз болсада түсінуғе болар, түсіне келе алдына басынды игізер қылыш.

Ал, бір адам үшін, бір сөз үшін Алланың өзіне берғен өмірін қию барып тұрган ақымақтық.

Кейінгі кезде қоғамда жиі кездесе бастаған оғаш қылыштардың бірі осы, өз-өзіне қол салу болып түр. Біреу аурудан, біреу арактан, енді біреу мазақтан өз-өзіне қол салуда. Ауруды түсінуғе болар, арактікі азғандық. Бәрінен қының жасөспірімдер арасында жиіленін тұрған бір күндік мазаққа, қындыққа төзе алмау. Мүмкін молдалар айтқандай мына дүниеден ана дүние жақсы шығар. Бірақ адам баласын Алла тағалам жер бетіне сынаққа жіберді емес пе. Осынау қамшының сабындағанда қысқа өлшеулі өмірде бір сәттік сынаққа шыдай алмасаң, Жаратушының алдына не деп бармақсын.. Бұл деғеиңіз, біріншіден өзінді өзғеден артық көру. Мазақ болдың ба . Мұндай қындық тек сенің ғана басында ма, өзғелерде де болса сен солардан артықсың ба. Жарайды солай-ақ болсын, артындағы ата-ананды, бауырларынды ойладың ба?0 Бір сәтке бола сағың сынып, жұнің жығылмасын. Қазір тұн болса, таң ата күнде шығар. Қасиетті кітапта сендерге күн мен тұннің

аудиосында да түсінген пендеме мағына бар деғен. Ұлы уақыт өзі емші бар қындық артта қалар. Қандай да бір қындық болса оны уайымдай бермей күресу керек.

Шығар есігін таба алмай, уайым-қайғының ішіне кірін алып, қамалып қалмақ... ол өзі де бір антүрғандық - деғен Абай атаң өзінің 4-ші қара—сөзінде..

Қызың тастап кетті ме, жолы болсын. Қайдағы бір қыз үшін өмірінді қып, тінті басы алтын, арты күміс болса да. Сені сүймесе сен оған емес, ол саған лайық болмағаны. Мүмкін Жаратушың оны саған лайық көрмеген болар. Арада біраз күн өткенде Алланың өзіңе арнаған ак мандайлы аруын іздеп табарсың. Өмір деғен өзі сондай бір күн куаныш , бір күн реніші кезегімен келін сонысымен қызықты болар. Тақтайдай тегіс бәрі жақсы бола берсе, өмірдің де қызығы қалmas.

Діни аңыз.

Ертеде бір сақаба жолаушылап ,арып -аршып енді өлдім деғенде бір бұлаққа кез болады. Әуелі

шөлін қандырып жан-жағына қараса, бір қасқыр тартқан қой шалажансар жатыр екен. Және ,бір жабайы шошқа жайрап жатса керек. Сақаба әуелі суға шәйінін, дәретін алып, қаза болған намаздарының парызын өтепті. Қарыны әбден ашып тұрса да, сабырға келін ойланып барып, арам өлғен шошқаның етінен кесін алып, отка қактап, жүреғін жалғайды. Кейінде мұны естіген сақабалар арасында, әлі жаны шықпаған қой тұрғанда, мынау Алла тағалам тиым салған шошқаның етін жеп, діннен шықты деп даурығады. Ақыры дауласа келе бір ғалымның уәжіне тоқтайды. Сонда ғалым, бұл ашыққанда шошқаның етін жеп дұрыс істеғен. Егер қойды жесе оның ақы иесі бар оның рұқсатынсыз жеғені үшін айып тартар еді. Және шошқа етін жемес бұрын дәретін алып намаз оқыды. Ал, шошқаның етін жемесе аштан өлер еді. Kisi ақысын жеғенше, арам болса да иесі жоқ шошқа етін жеп, аман қалғаны дұрыс депті.

Әнғам сүресі-145 аят. Кім аштықтан шарасыз қалса шектен шықпай (жеуғе болады) Алла тағалам кісі ақысын, жетім ақысын жеуғе тиым салған.

- 40 жас, 50 жас, 60 жас деп туған күнді тойлап жатады, оған не айтасыз?

-Жалпы қазақ баласы үшін екі үлкен той бар. Оның бірі ұлын үйлендіру немесе қызын үзатқанда, екіншісі атақты бабасына ас берғенде. Қалғанының бәрі « бесікке салар, тоқым қағар, сұндет, тілашар, омыртқаға шақыру » көрші-қолаң мен ағайын арасындағы бас қосу ретінде өткен. Нәресте дүниеге келгенде құлағына азан шақырып ат қойып, шілдеханасын атап өткен. Азан шақыру үшін көбіне ауызы дуалы сыйлы адам нәрестенің он құлағына «әшхаду ән лә иллаха иллоаллах»- деп азан шақырып, сол жағынан камат айтып, сенің атың пәлен деп үш қайтара дауыстаған. Қазақ баласы негізінен туған күнді тойламаған, ол мезғілсіз қуаныш деп. Жасаған жасыңың

дөңгеленғеніне емес, өміріңің босқа өтпеуін ойлаған дұрыс болар. Топастың ойынан той кетпес демекші оны-мұныны мерекелеу батыстан келғен қазақ қанына жат қылыштардың бірі. Дүниеге келғен жас нәрестеғе ат қоюда ұлкен мән бар. Ерте кезде қазақ арасында өлім-жітім көп болуына байланысты көз-тіл тимесіп, жаманшылық менің баламнан аулақ болсын деп небір айтуға ыңғайсыз аттарды қойған. Қазіргі кезде телесериалдан көрғен өздеріне ұнаған кейіпкердің атын немересіне қоятын, алды-артын ойламас ата-аналар көбейіп барады. Ал сол өздері ұнатқан кейіпкердің атымен бірғе тағдыры да келіп, өз ұрпағының қиналары ойына кіріп те шықпайды. Сол сияқты әруақты бабалардың да атын қоярда абай болған дұрыс. Атын атап, айта жүрғен дұрыс та шығар, егер сол бала атты алыш жүре алса. Ерке шалдуар болып өскен баланы әлдекім балағаттап жатса, ол бабаңа тимес пе. Құдайға шұқір қазіргі заманға лайық қазакта да небір әдемі есімдер бар. Немесе, Құран көтеріп

жақсы бір ат қойылса сауап болар еді. Қандай есім қойсаңыз да кейін балаңыз сол аттан ұялмайтын болсын. Ағайын нәрестеғе ат қоюда абай болайық.

Атам қазакта мүшел жас деғен бар. Әуелгі мүшел жас бір жас деп алғынып, оған он екінші қосып отырған. Яғни 12-13 жас арасы, 24-25 арасы, 36-37 арасы, 48-49 арасы, 60-61 арасы, 72-73 арасы, 84-85 арасы 96-97 арасы болып есептелғен. Мүшелді жасқа толғанда салт бойынша ырымдап, әуелі адамның бойына өлшеп мата, және өзінің киіп жүрген жақсы көретіп киімін жақын адамына, құрдасына және тастамай киер деғен адамына беріп, дастархан жайып, өткендерге дүға бағыштатып, осы жасқа жеткізғен Жаратушысына шүкіршілік қылып алғысын айтқан.

Қайтқан адамға пайғамбар жасынан асуына қарай жасы алпыстан асқанға бір жас, жетініс екіден асқанға екі жас, сексен төрттен асқанға үш жас, тоқсан алтыдан асқанға төрт жас қосып

жаназа намазын шығарған. Қай уақытта болмасын, кез келғен жағдайда салт-дәстүрімізге сай әрекет жасап әдептен аспайық. Әдеп демекші кейінгі кезде көзге оғаш көрінін жүрғен той әдебін айта кетсек.

Той десе қу бас домалар, тойға барсаң тойып бар деғен, қазақ қашанда тойға тамақ үшін емес күнделікті күйбен тіршілікten бойын жазып, бір мезғіл серғін қалуға, ағайын-туғанға жолығып ақар-шакар болып амандық сұрасуға барады. Алыстан келғен құдалармен танысып, ел тіршілігінен хабар алысады. Бұл енді үйден шыққандағы ой. Үйдегі ойды базардағы нарық бұзар демекші, той басталысы мен қайдан келін, қайда тұрғанынды үқпай қаласын. Даңғаза әуен естілісі мен көршіңің құлағына айғайлап, тас кереңнің күйін кешесің. Тойдың қызықты өтуіне, көңілді болуына жалданған асаба өзінің бұралқы сөзіне, анайы әзіліне елдің күлмеғеніне, шапалак үрмағанына ренжін жатады. Күлмеске күлетін кеңкелес, беталды мәз болып шапалак үрап

жынды емеспіз ғой. Той басқарап асаба білімді болып, әр сөзінде мағынасы бар бабалар нақылын айтып, пайғамбар қадисінен сөз қозғап тойда отырған жастарға ұлғі-өнеге көрсетсе, нұр ұстіне нұр емес пе. Және әр жерде айтылып әбден жауыр болған қалжынды айтып, уақыт созғанша, өнгө кезек берғені дұрыс. Ән демекші алдын ала жазылып қойған нәрсемен елдің құлағын алдағанша тойшылар арасында отырған қонақтарға ән салғызыса, бәрі сәнімен болар еді. Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді деп-Затаевич айтпақшы әр ролғе отырған қазактың өз ыңылы бар. Әнші болмаса да шын ниетімен салған ыңылдың өзі анау мынау әншінің алдын-ала жазып қойған әнінен артық болар. Асаба бір тойда айтқан қалжының, екінші тойда айтса қызығы қалmas. Әр бірден соң алған ақысын ақтап, сол тойға лайықтап әзіл-қалжының топтап алып, келсе ол асабаның бағасы болмас еді. Кім болса да, өз тойының қызықты, көңілді у да шусыз өткенін қалар.

Қаншама қаражат шашып өткізғен той, ел есінде қалмаса оның несі той болмақ. Жас жұбайлар ортаға келғен де, сексенғе келғен шал-кемпірдің тік тұрып қарсы алуы тінті ерсі көрініс. Үлкеннің алдында кішінің бас иіп сәлем салып, тізе бүккенінің өзі ғибрат емес пе. Тойда ата-енесіне торт жегізу деғен рәсім пайда болыпты. Қай атамыздан қалған салт екенін. Сол торттың орнына ата—енесіне қымыз ұсынса салтымыз жаңғырап еді—ау. Қыз ұзату тойында келғен құдалар жағы ымырт үйіріле келінімізді күн батпай әкетеміз деп әбігерге салады. Сонымен болашақ келін өз босағасынан емес әлдекімнің мейрамханасының босағасынан жаңа өмірғе аттанады. Сол кеште тоса тұрып, ертеңіне үлкеннің батасын алып, жас женғелері өзінің алтын босағасынан шығарып салса, немесе тойға келерде үйінен ырымдап шығарса, салтымызға сай әдеп болар еді. Даңғаза әуеннің дауысынан басың мең-зен болып, аса бір жақын туысыңың тойы болмаса, бірінші отырыстан кейін жоқты-

барды сылтау қылышп, кетудің қамына кірісесің.

Бұрында бір күн тойға барған, қырық күн әндегін жүрер деуші еді. Ендігі тойда қырық күн болмаса да екі-үш күн басың дыңылдалап жүрер.

Қысқасын айтқанда тойға

барсаң демалудың орынына ауырып қайтасың.

-Өз замандастарыңызға, ағайынға айтарыңыз бар ма.?

- Қазақ қашандың ағайынымен бірге өмір сүрген. Ұлы бабамыз Оразғұл он сегіз мың жылқы біткен бай, жоқ-жітікке қарасқан мырза, атасызға – ата болған, батасызға – бата болған, қорғансызға пана болған, ағайынға мейірімді дана болған. Халық силап, Ожаң деп атап кеткен. Сол Ожаң бабам « Ортама келғен көше алмас, ортамнан кеткен оналмас » деп отырады екен. Бабамыздан қалған осы бір асыл сөз үрпактары арасында әлі маңызын жойған жоқ. Алдымда ағаларым, соңымда інілерім бар силасымды өмір. Үлкеннің алдынан шықпа көрінбей қаларсың, кішінің алдынан шықпа көмусіз қаларсың деғен.

Тек құдай осыны ұзағынан сүйіндірсін. Ауылдан алшак кетін ұлкен шаһарда тұрсаң да әлі ағайын ортасында өмірім жалғасуда. Өз басым ағайын - тұмасыз өмір бар деп ойламаппын да. Ал, енді осы татулықтың ұйытқысы болуы керек қой. Әрбір бір туғанның қасында бір-бір тумаған бар. Атамыз казакта « Ер егіз болар » деғен сөз бар. Алған жарыңыз өзіңізге сай болса, кеткеиіңіз келін, кемтігіңіз толып, жалғанның рахатын бірге қызықтарсыз. Келғен жерлеріне тастай батып судай сіңғен жеңгелерім мен келіндердің арасындағы тұмаса да туғандай татулық арқасында ағайындылардың ынтымағы мен бірлігі нығаяр. Ұлы анамыз Қарқабат, бабамыз Мейрамның табанынан сыз өтпесін деп құрғақ көде төсеп, дәрет алар күмғанын қойынына алыш жылтып қояды екен. Сол анамыздың сүтімен келғен тәрбиесін әлі ұстанып отырған осы айналайындар, жеңгелерім мен келіндерім.

« Абысын тату болса ас көп, ағайын тату болса ат көп » деғен.

Аталарымыз « байлықты әйел үстаса желге үшады, еркек бақса нәресте жер күшады » - деген. Біздің балаларымыздың қандай адам болары олардың аналарына байланысты. « Адамга бақта катын, сорда катын, жақсы катын шыгарар ердің даңқын » деген. Жақсы әйел еркектің басын төрге шыгарар. Ұлың жақсы болса Ұрымга баарсың, қызың жақсы болса Қырымга баарсың, алганың жақсы болса Айдагыны аларсың. Ел болам десен бесігінді түзе деген. Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер. « Қыз ақылды ескермес, ана үлгісін көрмесе, ұл жарытып ас бермес әке үлгісін көрмесе » деген Қорқыт бабам. Әкесіне қарап қызынды бер, шешесіне қарап қызын ал деген. Ұл әкесіне қарап өсер, қыз шешесіне қарап бой түзер. Ақыл айта алмасанда жақсы үлгінді көрсет үрпагың сagan қарап өсер. Әке тәрбиесін көрмеген ұл әйелжанды болып өсер. Әкесіз өскен қыз күллі еркекті жау көрер. Қазіргі қогамда әкесіз бала тәрбиелеу әдетке айналып барады. Ол

бала жас кезінде ештемеден кемшіндік көрмес. Өсе келе өзі де ата-ана болғанда сол толық тәрбиенің жетпеуінен қиналар. Үрпақ келешеғін ойлаған адам баласының толық қанды отбасында өмір сүргенін қалар. Әкенің қадірін балалы болғанда білерсің, ағайынның қадірін жалалы болғанда білерсің. Әкең қартаймай құлға жарымассың, шешен қартаймай құңғе жарымассың деген. Құндының құнсыздануы қазаққаabyрой әкелмес. Қазак ауылында әке отбасы болғандықтан үлкен құрметке ие болған. Эйелі немесе балалары әке үстінен шағым айтуға тиым салынған.

Қазіргі қоғамда ұлдың үйленбеуі, қыздың түрмис құрмауы жиі естіле бастады. Эр жаратылған жанды-жансыз жұбымен жаратылған. Жалғыздық Аллаға ғана жарасар. Мынау жарық дүниеге келген әр пендे өзінің теңін тауып, тіршілік кешін үрпақ өсіруғе тиіс. « Бір баласы бардың шығар-шықпас жаны бар, екі баласы бардың болар болмас халі бар, үш баласы

бардың ұш рулы елде малы бар, төрт баласы бардың төрт құбыласы тең болар, бес баласы бардың дес бермейтін жөні бар » деғен екен Досай би. Жаратқан жарылқаса ұрпағыңың көп болғанына жетер не бар.

Жаманнан жақсы туса-теңі болmas, жақсыдан жаман туса-емі болmas деп бала тәрбиесіне ерте көңіл бөлғен. « Әдепсіз ауылға әйелінді апар ма » деп әйелдеріне жаман жерді басқызбай « ақыл ауыс, ырыс жүғыс болар »-деп киелі жерлерге жіберіп отырған. Қызың бойжется қашан орынын тапқанша мазаң болmas. Барған жері қандай болар, бағы ашыла ма деғен сұрақ маза бермес. Теңін тапса, қүйеуде өз балаң болар. Ұлың ержется үйқыдан қаларсың. Өйткені келер келін сенің отынды жалғастырар келешек ұрпағыңың анасы. Келғен келін кеткенінді келтірін, үйіңнің берекесін кіргізсе, бұдан артық бақыттың керегі не. Ағайынға, көрші-қолаң, құда-жеғжат, дос-жаран ұшін есігің ашық, дастарханың жаюлы болса, берекен кірді дей

бер. Бұғінгі келін ертеңгі үрпағыңың анасы. Өйткені, үрпак тәрбиесі осы келіннің қолында. Тілімізде ана тілі деғен тіркес бар. Үрпағыңың тілінің қалай жетілуіне оның анасы яғни келін жауапты. Одан кейін өскен ортасы. Өкінішке қарай ғазет, теледидар бетіндегі журналшы бауырлар тілімізді шүбарлауда. Жер бетіне ұлық Наурыз келісімен көктем келді, наурыз келді деп жар салады. Ал ана тілімізе көктем келмейді туады. Мұқағали ақын жырлағандай наурыз айы туғанда той болушы еді бұл манда. Яғни жер жаһан жаңарған мезғіл көктем, наурыз туады. Жаз шығады, күз түседі, қыс кіреді. Келінің білімді болса, үрпағың білікті болар. Ұлды тұтінғе, қызды күтімғе деғен. Қайсысының ықыласы ауарын Аллам білер. Бұрында құдағиға күмістен сақина салу деғен салт болып еді. Бұл сақина жай ғана жалпақ күміс сақина болғанымен тәрбиелік мәні зор еді. Той өткен соң, арада жыл толғанда егер келін түскен ортасында жақсы келін атанса, шешесінің

қолына күмістен сақина салған. Қандай да бір ерке өскен қыз болса да, шешемнің қолына құдағи сақина салғызам деп жыл бойына артық мінез көрсетпей тәрбиелі келін болуға тырысқан. Бір жылғы әдет босқа кетпей дағдыға айналар. Бұл ретте қызын үзатар құдағида ағайын арасында ұятқа қалмас үшін, қызына өмірде керекті бар өнегесін үйретуғе барын салған. Қазірде осы салтты дәстүрғе айналдырса дұрыс болар еді. Торқалы тойда, алқалы топта қолыңызда алтын, ғауһар жүзіктің орнында құдағи сақинаңыз болса абыройыңыз арта түсер. Себебі, сіз жақсы қыз тәрбиелеген анасыз. Егер келінің кесір болса неше жерден дұлділ болсанда, жақсының арты жын болар. Ер адам қашанда өзіне біреудің қамқор болғанын, күткенін қалайды. Әсіресе, шешесі ғана асыраған бала шешенің алақанын аңсайды. Әйел адам жаратылыс бойынша ана. Ол өзінің күйеуін тұңғыш баласындей көреді. Қашан да болмасын оған ескертпесе, айтып отырмаса бірденеғе

ұрынар деп аландал отырады. Осы жаратылысты түсінбекен еркек басындырмаймын деп, әйел басымнан сөз асырмаймын деп, аяғы ажырасумен тынар. Қашанда болмасын қыз бала өз әкесіне үқсайтын жігітті қалайды. Жігіт шешесіне үқсасын қалайды. Келін мінезінің енесіне тартатыны соншалық қайын ененің топырағынан деғен сөз қалған. Жалпы шектен шыққан біреу болмаса жаман ене, жаман келін болмайды. Тек өзара түсіністік керек. Келін келе-келе түскен ортасына сіңісін, тінті төркінін ұмытып кететіндері де бар. Күйеудің қайын жұртына сіңуі қын. Күшік күйеу, жаман күйеу қайынсақ деғен сөзден қашып, өз-өзінен бөлектенін тұрап. Күйеудің бір үрты май, бір үрты қан деғен. Жақсы жігіт үш жұртына да жағымды болар. Құдай қосқан құда болар, періште қосқан дос болар, бір-біріне ес болар деғен. Құдан жақсы болса туғанындаі болар. Бай мен бай құда болса арасында арба жүрер, кедей мен кедей құда болса дорба жүрер, бірі

бай, бірі кедей болса зорға жүрер деғен. Арбаның да, дорбаның да жөні болар, бәрінен де бір күнгі силастыққа, амандыққа жетер не бар. Құда-құдағимен сынаспай, мінеспей емен-жарқын араласып бір шыны шәйді бөлісін, бірғе отырып сырласып, балалардың болашағын ойласқанғанға жетер не бар дейсіз. Құда мен құда арасы ағайыннан да жақын болуға тиіс. Өйткені ортада біріне жиен, біріне немере болар жұрағат-ұрпак бар.

Қазақ арасында басқа діннен қыз алуға рұқсат етілғен. Қазаққа келін болып, ислам дінін қабылдап бақытты өмір кешкен отбасылар бар. Деғен мен ақыл таразысына салып өмір сабактарына көз жүгіртсеңіз бәрі бірдей олай болmas. Басқа ұлттан қыз алған қазақ баласы орта жастан асқан соң жалғызырай бастайды. Балалығынды сағынсан қағашыңа бар, жастығынды сағынсан қайыныңа бар деғен. Оған сырын айтар, ой бөлісер бажа керек, қалжындал ойнауға балдыз керек. Осы кезде арқа сүйер үш

жүрттың бірінің кемдігі көрінін өз ортасын ағайын-тумасын іздей бастайды. Жорға мінғен жолдасынан, көп жасаған құрдасынан айырылар демекші, ағайынсыз өмір, өмір болмас.

Қазақ баласының ағайыны.

- | | | |
|------------|-------------|-------------|
| 1. Ата. | 5. Шөбшік. | 9. Жұрағат. |
| 2. Бала. | 6. Немене. | 10. Аталас. |
| 3. Немере. | 7. Жүрежат. | 11. Ағайын. |
| 4. Шөбере. | 8. Туажат. | 12. Рулас. |

Әр адамның үш жүрт - өз жүрті, нағашы жүрті, қайын жүрті болып ата-енесі, қайын ағасы, қайын апасы, балдызы қосылып бір қауым ел болады. Шөпшегінің алақанының аясынанан су ішкен адам жұмаққа барап деғен.

Қазақ отбасында үлкен балалары отау тігіп, бөлек шыққанда ең кенже ұл әкесінің үйінде қарашаңыракта қалады. Әке - шешені асырау осы баланың міндеті. Енші бөлғенде бар малдың үштен екісі осы қарашаңыракта қалған балаға тиесілі. Әкесі бар кезде де, немесе әкесі

қайтыс болғаннан кейін де осы шаңырақ « қарашаңырақ » яғни үлкен үй атанған. Егер қарашаңырақ батырға, биғе, әулие адамға немесе сыйлы адамға тиесілі болса, сол ауылдың адамдары алыс сапарға шығарда, немесе сырттан сыйлы қонақ келгенде сол шаңырақтан ырым қылышп, дәм татырған. Бұл салт қаймағы бұзылмаған қазақ ортасында ежелгі дәстүр бойынша іске асырылған. Егер, кенже ұл үлкен шаңыракқа ие бола алmas бос болса, орнына басқа бала ие болған. Яғни, әuletтің абыройын үстайтын, намысты ұлға жол берілғен. Және, қарашаңыраққа ие болу деғен ол сол үйге ие болып отыру емес, қайда жүрсендег сол киелі қарашаңырактың иесі болуда. Әuletтің иғі салтын, жақсы ырымын, ата-бабадан қалған салт-дәстүрді үстанып, келешек үрпакқа жеткізін, қарашаңырақ иесі деғен атқа лайық болуда.. Отау тігіп, бөлек шыққан басқа балалары қарашаңыракқа арнайы сыбаға тартқан. Алыстағы келіндер

нәрестелі болғанда, осы шаңырақ иелеріпе сәбнін әкеліп көрсетіп, босағаға арнайы ілу ілғен. Үлкен үй иелері болса, бөбекке көйлек кигізіп, бәсіре атаған. Жас отау тіккенде ырымдап шаңыракты кәрі күйеуғе көтергізғен. Өйткені, кәрі күйеу осы елге ең жақын сенімді адам саналады. Сонымен бірғе қазакта ата жолы деғен де салт бар. Әulet басынан санағанда үлкен ұлдың балалары ерте үйленіп, одан туған бала кенже баламен тұстас немесе үлкен болуы мүмкіп. Бұндай жағдайда жасына қарамастан, кенже ұл ата жолымен үлкен болып саналады. Яғни, әкесімен бірғе туған адам жасы кішіліғіне қарамастан әке орынына саналады. Мұндай атаның шаңырағында отырған адамдар үлкен үй, әрі әулеттің қарашаңырағы атанған.

Әrbіr әулеттің бас көтер үлкені болып, барлығы ата жолының үлкеніне бағынған. Алыс сапарға жол жүрер алдында үлкен-кіші демей, әулеттің

ата жолы жағынан үлкенінің үйінен, яғни, қарашаңырақтан дәм татқан.

Тұбі бірғе тұтпейді, айғыры бір кетпейді деғен. Қол бастаған ағаң болса қолғанат бол, шоқпарын көтер, сөз бастаған ағаң болса сөзін сөйле сойылын соқ, ел бастаған ағаң болса ерін жүр, елеусіз қалмассың, іс бастаған ағаң болса көмек бер септігің тисін. Кісі елінде ұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол деғен. Жат елде болған әл - Фараби бабамыз ғылымның шыңына шығып, екінші ұстаз аталса да, Байбарыс бабамыз бүкіл Мысыр еліне билігін жүргізін, қанша мешіт салса да, ол елдерде қазір ұмыт болуға айналған. Бізге жеткені тек аты мен атағы. Ал, өз елінде ағайын ортасында жасаған ісің атадан балаға аныз болып, пәленнің істеғені деғен ат ғасырдан ғасырға айтылар. Мәшһүр атамыздың да өуелі өз ауылыңа, ағайыныңа таныл деғені де осыған саяды.

« Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін, батыр болсаң жауға найзаң тисін »- деғен Эйтеке би

бабамыз. Сонымен айтарым, өзінмен бірге ала келмеген, өзінмен алып кете алмайтын, ертең артында босқа қалар дүние боқты жинай бергенше халқыңа пайдалы іс қыл. Тамагына тартпас макұлық болмас дегендей, тек тамақ ішу үшін өмір сұру хайуанга лайық іс болар. Ясин сүресі-11 аят. Расында біз өліктерді тірілтеміз. Сондай-ақ олардың ілгері жіберілген, кейін қалдырылған нәрселерін жазамыз. Әр нәрсені анық бір Кітапта түгендеп қойдық-деген. Ягни, адам баласының істеген қайырлы ісі, үйреткен гылымы, салған құрылсының сауабы, немесе қалдырган жаман өнегелерінің күнәсі өлгеннен кейінде амал дәптеріне жазылыштырады.

Мына дүниеге адам болып келген соң, адам атына лайық артында айта жүрер іс қалсын. Қолынан түк келмесе атынды шыгарар ұл тәрбиеле. Артында бала қалса көзі қалар, артында сөзің қалса өзі қалар. Өз заманында жақсы өмір сүрін жатсан, ол саган бір жақтан келген жок, кешегі өткен ата-анаңың артына

қалдырған жақсылығы. Өздері көрмесе де өмір занұлығымен үрпағына оралған. Ал, сен келер үрпакқа не қалдырдың. Осыны бір сәтке ойға алып көрдің бе, көрмесен, әліде кеш емес, ойлан бауырым. Мына дүниеде де із-түzsіz ештеңе кетпейді. Атаңа не қылсан, балаңнан соны күт демекші, не ексең соны орарсың.

Қайырлы болсын десен артың кейін,

Әділ бол, қарғамасын халқың кейін.

Жарылқа жүртты жақсы пейілменен,

Қолыңды соза алмассың кебініңнен.

Қарынбай, қазаныңа мұлде сен бе,

Көк тиын әкетпейсің көрғе мұлде...

Адам баласы қашанда басқалар үшін өмір сүретіндей жүреді. Жақсы көйлек кисе, қымбат көлік мінсе де соны басқаларға көрсету үшін алады. Солардың алдында ұят болмасын, ешкімнен кем қалмайын деп тырысады. Сонда мына жалған дүниеде өзіміз үшін істер іс бар ма. Бар екен, ол мына өткінші дүниеде мәңгі өмір үшін сауапты істер жасау. Барыңды бөлісін

жоққа көмек, жұқанаға жәрдем бер. Әрине малы барға мал бермедің деп ешкім өкпелемес, ол үшін ешкім мал асырап отырған жоқ қой. Қасиетті кітәптардың бірі Інжілде « не делай добро, не получишь зло » деген сөз бар. Тура мағынасына салсақ қазақ ұғымына келмес. Бұл сөздің негізгі айтары, егер біреудің мұқтаждығын көрсөң қайыр жасама ол ертең ұмытып кетер, егер алдыңа келіп сұраса жағдайын шығар, ол алғанын ұмытпас деғен мағынада. Ал, қазақ қашанды жақсылықты құдайдан қайтар деп жасаған. Өйткені, адамға жасаған қайыр, саудағердің берғен қарызы емес, сол адамнан қайтарам дейтін. Берғен жомарт емес, алған жомарт деғен. Қайыр қылсаң қайтымын емес, сауабын ойла, сұрак қойса қайтарар жауабынды ойла.

Тірлікте абырай-атақ неғе керек,
Бірінші міндетің ғой мұны білмек.
Сен өлсенде артқылар ауызға алып,
Мынадай елғе еңбегі сінді демек.

Сұлтанмахмұт. Т.

Және, өмір сұру үшін азықтану керек. Ұлық пайғамбарымыз тамақты тінті аз ішкен. Егер, дастархан басынан тұрған да қарының ашып тұрса сенің тойғаның, егер дастарханнан тойып тұрсан үланып қалғаның дейді екен. Соған қарағанда тамақты аздап ішудің біздің ағзамызға берері көп болуы керек. Пайғамбарымыз тағы бір сөзінде-адамның жүргегі егістегі еғін сияқты, ал тамақ жаңбыр. Артық су еғінді қалай шірітсе, артық тамақ жүректі солай өлтірер. Көп жеп, тоя ішкенді Алла да үнатпас -деғен. Және жақсылықтың басы-аштық, Жамандықтың басы-тоқшылық дейді. Тамақтың дәмі ашыққан сайын арта түсер. Тоқшылық адамды үмытшақ етін қанды бұзар. Аштық ақылды тазалап, жүректі нұрландыраң. Ауру астан, дау қарындастан деғен.

Алланың пайғамбарларының бірі Иса F.C. өлғен кісіні тірілтуғе баарда қырық күн тамақ ішпеген деседі.

Бұрынғы үлкендер күніміз өтін барады деп уайым қылады еken. Сонда күннің өткеніне емес, сол күннің босқа өткенін айтқан болар. Адам баласына мәңгі өмір силаса да, қатары кеткен соң бұл дүниенің қызығы қалmas. Ұлықпан хакім бабамыз мың жасаған деседі. Сөйтсе, ол кісі өзінің жақсы адамдармен бас қосқан әр күнін бір жылға баласа керек.

Қазіргі кезде әрбір адам жұмыс уақытының тезірек өткенін, ертерек сенбі болғанын, жалақыны да ертерек алышп, одан әрі ертерек зейнетке шыққанын жақсы көрер. Бір қарағанда жақсы тілек. Бірақ сол тілекпен Алла тағаламнан өзіңдің өміріндегі ерте өткенін де тілейсің ғой. Мына дүниедегі барша құндылық өзінің қадірін жойып, тек ақшаға ғана тәуелді болған бір заман болды ғой.

Әр адам баласы өз маңдайына жазылған тағдыр тауқыметін тартары қак. Мынау дүниеде бәрі өз кезегімен орналасқан. Бір куаныш болса, оның артында реінші тұрар. Егер бәрі де тактайдай

тұзу болса дүниенің қызығы да болмас еді. Атамыз қазак қуанышты жағдай болған да сүйінші сұраған. Куаныш иесі қуантқан адамның қалағанын берін риза қылған. Мынау дүниеде адамның қайғысына ортак болу үшін адам болсаң да жеткілікті, ал қуанышқа ортақтасу үшін періште болудың өзі аздық етер деғен екен бабаларымыз. Өкінішке қарай өзғенің қуаныш, қайғысына ортақтасар адамдар азайып бара жатыр. Өзінен өзғеге жаны ашымас немкүрайды тіршілік кешкен тас жүрек жандар. Қатты қуанған адам Жаратқанға шүкіршілік қылып ақсарбас айтар. Ақсарбас деғен қуаныштың салмағына қарай, үшке бөлінеді боз қасқаға-қой, қызыл қасқаға-сиыр, көк қасқаға-жылқы сойылып өлғенге дүға, тіріге ас беріледі. Атамыз қазақ әр қуаныштың өзін сабырмен шүкіршілік қылып осылай қарсы алған. Себебі оның артында иығын тіреп реиіш түр. Егер қуанышты аспай-саспай сабырмен шығарып салсаң келесі кезектегі ренішің кішірейіп, оның артындағы

куанышың зор болар. Қазіргі кезде есік алдынан бір мың теңге тауып алсаң қатты қуанасың, сәл өтпей немерене сағыз ал деп ұсынып, оны саған бүйіртқан Иенді ұмытып кетесің. Ал, сол күні бір жұз теңгені жоғалтсан оны жоқ деғен де бір апта ойлайсың. Біреу алып қойды ма, әлде түсіп қалды ма деп. Сол сияқты Алладан қуаныш келсе, ол өзінен -өзі болғандай, ал бір ренішті жағдай болса Ей, Алла менің не жазығым бар осылай істердей- деп жатып кеп құдайды қарғаймыз.

Қазақ бақ пен сордың арасы бір ақ елі деғен. Бақыт пен бақытсыздың арасы да сондай болар. Кейдейсок он мың теңге тауып алсан, сенен бақытты адам жоқ, ал сондай ақшаны жоғалтып алсан, сенен бақытсыз жоқ. Құннің жаманы кетер, адамның жаманын қайтерсің деғен. Ол құннен де өтерсің, жамандықтың бәрі артта қалып, қуанышты құндер де жетер. Ұлы емші уақыт бірін өз орынына қояр. Ойланып көрші

шын мәніндегі бақыт қайда, бақыт байлықта емес, артында қалар ізде.

Адам бақытты болуға тністі, бақытты болмаса оған адам өзі кінелі деғен - Л. Толстой.

Битке өкпелеп, тонынды отқа жақпа деғен. Бір күнгі ренішке бола, алдындағы қуанышты кетірме.

Біздің қазақ қашанда өкпешіл халық. Тойыма шақырған да келмедің деп, балама қайырлы болсын айтпадың деп те өкпелей береді. Осының бәрі өз ағайынына, өкпесі жүрер адамға айтқан назы. Өкпем жоқ, кеудемдегі бәрі бауыр деу тек Мәдиғе жарасқан. Кей адамдар қырық жылғы өкпесін айтып, болары болған, тозары тозған нәрсені сөз етін, уақыты өтін, бояуы сіңін, сырды көшкен әңгімені айтар. Кімғе өкпелесеніз де оны тезірек айтып, тарқатуға тырысыңыз. Кеудеғе жиналған өкпе өзінізді сырқатқа ұрындырыры кәдік.

Адам баласы бойындағы жаман мінездердің бірі көре алмаушылық. Көре алмайтын адам, өмір

бойы мазасыз тірлік кешеді. Қызғанып жүрғен адамының жетістігін көрген сайын, тұңғліп, тіпті үйқысы қашады. Мұндай адамдар өзінен төменге тінті қарамайды, ұнемі өзінен жоғары, дәuletті адамның істерін көрін іші қүйеді. Алла тағаламның біреуғе берғен жақсылығын, байлығының одан кетуін, онда болмауын тілеу, ол адамға жамандық, пәле келсе қуану барып тұрған онбағандық. Қадисте « Бір мұсылман өзіне келуін қалаған жақсылықты, басқа мұсылман үшін қаламаса және өзіне қаламаған жамандықты басқа мұсылманға келуін қаласа оның иманы толық болмак емес » деген. Осындай жат қылыштар от басында да болып тұрады. Үйленін үй болғанша өзін ғана жақсы көрген баласының, келінін жақсы көргенін қаламаған ене, тұрлі амалды ойлап тауып баласын ұрыстырады. Әпкелері, бауырларын келінінен, тінті өз анасынан да қызғанып, өтірік жала жауып екі жастың ортасына от салады. Сол сияқты өмірғе жаңа келген нәрестені де қызғану

жақсылыққа апармас. Қызғана білғенше, қуана біліп әркім өз отбасының бақытты болғанын ойласа екен. Өзғенің киғен киімін, мінғен көлігін, еңбекқорлығын, әдеміліғін, көре алмай қызғанғанша сондай болуға тырысқан дұрыс болар. Мұның қасында, бәсекелес болу, біреуден қалмауға тырысу жақсы әдет. Жақсыны көрсөң болмасаң да үқсап бақ деғен Абай атамыз. Қызғаныш арты жөнсіз өсекке ұласып өз-өзінізді іштей мұжін ерте қартайып, тінті ауруға ұшырауыңыз кәдік. Пайғамбарымыз бір күні сахабаларына « Кісіні ғайбаттап, жамандаудан сақ болындар. Өйткені ғайбат-зина жасаудан да ауыр күнә » дейді. Зина жасаушы неше жерден күнәһәр болса да, өз қателігін түсініп, тәубәға келсе, оны Алла тағалам кешірер. Ал, өсек айтқан, жала жапқан адамның күнәсін, егер ол адам кінәсіз болса, сол адамның өзі кешірмеййінше Алла тағалам кешірмейді. Қателеспес пенде болmas, абзалы соны ертерек түсінін тәубаға келуде.

Бірде мынадай уақиға болыпты. Еш пендеғе зияны жок, керісінше елді үнемі жақсылыққа шақырған тақуа кісіні бір адам көрінғенге жамандайды екен. Бірде осыны естіғен, біреу тақуаға болған жайтты жеткізеді. Тақуа еш ашуланбай әлгі адамның тұрағын сұрап алыш іздеп барыпты.

« Бауырым саған мен рақмет айта келдім. Саған Алла разы болсын » дейді. Сонда ол « мұның қалай, мен сені сыртыңнан жамандаған едім ғой, не үшін маған рақмет айтасың » деп таң қалады. Тақуа « Иә, солай, сол үшінде саған рақмет айтамын. Мені жамандау арқылы сен өзіңнің жинаған сауаптарынды маған бересің, Ал, қиямет күні ондай жақсылықты маған әкем де, шешем де, тіпті балаларым да бере алмайды ғой » депті. Себебі адамдар арасында өз ара кешірім сұрау арқылы ғана кешірілер осы қарыздар, бұл дүниеде кешірілмесе ана дүниеде оның орынына өзінің жиган сауабын берер, сауабы жок болса, сол адамның күнәсін арқалар. Егер ауыл

басшысы халыққа тиесілі қаржыны жымқырса , барша ауыл тұрғынанан жеке кешірім сұрап, әркімнің өзіне тиесілісін қайтарар, болмаса ахиретте жолығып, бар жиғанынан айырылар. О дүниеге сауапсыз, құр алақан барған қалай болар. Көре алмаушылықтан, көрсе қызарлықтан, қызғаныштан, өсек-аяңдан бойыңызды аулақ ұстап, серғек өмір салтын ұстаныңыз.

Пайғамбарымыз ашуың қатты келғен де түреғеп тұрсаң отыра қал, отырсаң жата қал деғен. Сұлейменнің жүзігі деғенді естуіңіз бар ма? Пайғамбар, әрі патша болған Сұлеймен Алланың әмірімен осы жүзіктің арқасында үшқан құс, жүгірғен аңың тілін біліп өз әмірін жүргізғен. Ашу қысканды жүзіктегі « Бәрі де өтер » деғен жазуға қарап ашуын басады екен. Бір күні қатты ашуланып, қолындағы жүзікті лақтырып тастайды. Аударылып түскен жүзіктің іш жағындағы « Бұл да өтер » деғен жазуға көзі түсін, Сұлеймен пайғамбар да райынан қайтып

сабасына түсінті. Ал, сіз ашуыңызды қалай басасыз?

Әлмағида сүресі-7 аят. «Қашан біз адамдарға рахметімізді тарттырып, жақсылық берсек мактанып қуанады. Егер, бұрынғы қылмысы үшін бір қайғы көрсе, берғен нығметімізді ұмытып, шүкір қылмайды » Құрандағы аяттында айтары осы.

Бәрі өз ниет, пығылымыздан боларын ұмытамыз. Мынау жалған дүниеде өздігінен ештеме болмайды. Жақсылық та жамандық та егіз жаратылғандай бірге жүреді. Куаныш барда-реиіш бар, бал бар жерде ара бар, қазына бар да жылан бар. Куанып кетсең жылау бар, биіктеп кетсең құлау бар. Тағдыр - деғен саған ылғи барабан соға бермес.... Бақытсыз күндер де өтер жақсылық та жетер, әр аштықтың бір тоқтығы бар демекші, пендешілікке салынып, бір күнгі байлыққа мастанбай қанағатпен өмір сүр. Қанағат қарын тойғызар, қанағатсыздық жарлының жалғыз атын сойдырап. Тартып жесең

тай қалар, қойып жесең қой қалар деғен. Біртіндеп келсе өмірдеғінің бәрі қуаныш. Адам баласын кедейліктен алып шығуға болар, ал адамнан кедейлікті алып шығу қынның қыны болар. « Бардың қадірін білу үшін жоғалу керек, тоқтың қадірін білу үшін ашығу керек » - деғен Оралхан Бекей. Ешкім де аяғы салбырап көктен тұсken жок, бүгін биікте болсан, кешегі төменнен жоғары қараған кезінді есіне тұсір, бүгін тоқ болсан, кешегі аш күнінді ойладап, тәубәна кел. Биіктің басына шықпа, аяғың талар, жақсының алдына бар ма, көңілің қалар деғен. Ерте ме, кеш пе, күндіз бе тұс пе бәрі де орынына келері қак. Алла тағалам пен десіне ырыс-дәулетті үш рет берін сынайды екен. Берғенге ие болмасаң өз обалың өзіңе. Біреудің байлығына қызықпай, өз қолыңдағыны қанағат тұт. Адамға қарағаның екі көзі шығар, Алладан сұрағаның екі бүйірі шығар деғен. Аллам келер жерін кең қылсын де.

Біреудің мінін көрғенше,

Жамандығын терғенше.

Өз ойынды мазалап,

Өз бойынды тазалап,

Өзінмен алыс өлғенше.

Сұлеймен патша мен құмырсқа туралы аңыз.

Сұлеймен патша бір күні құмырсқаның тынымсыз тіршілігіне қарап тұрып, өзінің түрі мұнау, жіңішке белі анау. Осынша күш бұған қайдан келеді деп өтін бара жатқан құмырсқаны үстап алып сұрапты. Саған осынша күш-қуат алу үшін бір жылда қанша азық керек деп. Құмырсқа жылына бір дәнді қорек етем дейді. Сонда Сұлеймен құмырсқаны сынау үшін «Олай болса сенің бір жылғы азығың менен болсын» - деп шыны ыдысқа салып, қореғіне бір дән берін, ауа кірер жер қалдырып, ауызын бекітіп тастайды. Арада бір жыл өткен де, ашып қараса құмырсқа дәннің тек жартысын ғана жепті. Бұған таң қалған Сұлейменге құмырсқа: «өзіңе жолықпас бұрын менің ризығымды

Жаратушым беретін, алаңсыз өмір сұрдім. Кейін ол міндетті сен алған соң, пенделігіне салып, ұмытып кетер деп, тағы бір жылға жартысын қалдырдым » депті.

Тағы бір аңыз.

Сұлеймен пайғамбар Алланың өзіне берген кеңшілігімен жүгірген аң, ұшқан құстың тілін білғен. Бірде бір құмырсқа байқамай пайғамбардың ұстіне шығып кетіні. Бұған ашууланған Сұлеймен құмырсқаны лақтырып жібереді. Сонда құмырсқа « Ей, Алланың пайғамбary, сен мені аяушылық етпестен неғе лақтырасың. Қиямет күні Жер мен Көктің Иесі жәбірленушінің ақысын зұлымдық қылушыдан алып берерін ұмыттың ба » деғенде Сұлеймен пайғамбар талып қалыпты. Есін жиып құмырсқадан кешірім сұраса, « Үш шартым бар соны орындасаң кешірем дейді. Бірінші шартым алдыңа қайыр сұрап келғен адамды бос қайтарма. Өйткең, ол шын мәнінде сенен Алланың саған берген кеңшіліғін сұрап келді.

Алланың кеңшіліғін қалай тиярсың. екінші шартым, бұл дүниеде Алланың өзіңе берген артықшылығына алданып, дандайсайма, жүреғің қатаяр; үшінші шартым көмек сұраған адамға, қолыңдан келғенінді аяма» депті. Сұлеймен пайғамбар « Алла қаласа үш шартыңды да орындармын » деп құмырскаға уәдесіп беріпті.

Атамыз қазақта бейуақта жатпа деғен тиым бар. Бейуақыт деп күннің батып бара жатқан уағын айтады. Яғни, қаранды мен жарықтың, түн мен күннің. ак пен қараның, жамандық пен жақсылықтың, өлі мен тірінің айқасқан уағы деп, денің сау адамды төсекке жатқызбаған. Үйінен алысқа кетсе де, есігін ала жіппен байлай салған. Елден шыққан есер біреу болмаса, ешкім ала жіпті аттап үйге кірмеген. Себебі, ала жіп аттау яғни, жақсылық пен жамандықтың шекарасын аттау деғен сез. Сол сияқты балам адал болсын деп, тұсауын ала жіппен кескен. Қазақ ауылсында өскен бала обал мен сауапты, жақсы мен

жаманды бесігінен біліп өскен. Ұяда нені көрсөң,
ұшқан да соны ілерсің.

Төле би бабаның мына сөзін әрдайым есінде
сақта «Адамның басшысы-ақыл, шолушысы-ой,
жетекшісі-талап, қорғаушысы-сабыр,
сынаушысы-халық, таусылмасы-арман, ең
қымбаттысы-ар сақтау, бәрінен қымбаттысы-
өмір сұру, оның ішінде ең тәттісі-силастық ».
Силаса білсең сисыз қалмассың.

- Кейінгі кезде ауру-сырқаулы жастар көбейіп
кетті соған айтарыңыз.
- Бірінші байлық-денсаулық, екінші байлық-он
саулық, үшінші байлық-ак жаулық деғен. Әуелі
әркім өз денінің саулығын ойлағаны дұрыс.
Сенің саулығың саған ғана керек. Аяғың тоңса,
көшедегі аяғы жоқты ойла. Оның тоңар аяғы да
жоқ қой. Қолың ауырса қолсызды ойыңа тұсір.
Бардың қадірін біл. Адам баласына ауру аяқтан,
бастан өткен сұықтан пайда болар.
Денсаулықтың қадірін ертеден ойладап, аяқты
жылы ұстаяға тырыс. Атам қазақ басты сұық,

аяқты жылы үста деғен. Ғазіреті Әлінің қырық ұлтарағы болған деседі. Қырқы артық болар, сонда да өз бабаларымыздың саптама етік киғені де өнеге болар.

Қазіргі заманда бәрі ақшага тірелін, адам баласына қиындық үстіне қиындық жамалуда. Жұмысы жоқтық, ақшаның жетіспеуі, қолдың қысқалығы, бала-шағаны қалай жеткізем деғен уайым адам баласын тығырыққа тіреп, ауруға ұрындыра. Жетім өссен бір жөн, ал ағайының бар бола тұрып одан көмек ала алмау, бір кездегі өзің көмек көрсеткен, немесе әкеңден көмек алған ағайының қазірде саған қарайласпауынан туындаған ашу—ыза, өкпеін сыртқа шығара алмай жоқ жерден ауру боласыз. Бір кездегі сізде болып, онда жоқ болғанын ұмытқан адамға не айтарсыз. Ағайын бар болсаң күндейді, жоқ болсаң үйіңе де кірмейді. Өзі болған қыз төркінін танымас деғен. Біреуғе жасаған жақсылық саудағердің несиғе берғен қарызы емес екенін, ойыңызға алып, есесін Алладан күтіңіз. Адам

баласын жоқшылықтан шығаруға болар, ал жоқшылықты адамнан шығару қын болар. Көн тартса қалыбына барап деғен. Сол себепті сізден көмек алған ағайынның кінасын өзінің арұжданына қалдырып емделуғе кірісініз. Өйткені, сіздің деніңіздің саулығы өзіңізге, отбасы, бала—шағаңызыға керек екенін есінізден шығармаңыз.

Таңертең ерте төсектен тұра күніңізді алғыс айтудан бастаңыз. Әуелі Жаратушы Аллаға шүкіршілік қылып, үйқынызды күзеткен қорғаушыларыңызыға бас ніңіз. Ішіңізден өзіңізге жайлы болған жастыққа, төсенішке, жамылғыға ризалық білдіріңіз. Жуынып болып шайынған суға, бет сұрткен орамалға алғыс айтыңыз. Ішкен шәйға, оны құйып берғен адамға да дұрыс қараңыз. Күні бойы киғен кнім, ішкен ас-суға, кездескен адамдарға, естіген жаман-жақсы хабарға да алғыс айтудан танбаңыз. Егер, ойыңызыға сізді ренжіткен адам оралса оғанда алғыс айтыңыз. Ішкен суға «ей, суық су бойыма

шипа болып, денемді сергітіп, шөлімді қандыра гөр » деп. Киген кнімге « бойыма жылулық бер, тондырма » - деп сенім артсаңыз бәрі дұрыс болар. Егер дәрі ішсеңіз « ей, дәрі дертіме шипа бол, зияндық тигізбе, сауығуыма көмек бер » - деп ниет қылышыз. Ішкен сұыңызга, татқан дәмінде өзіңіз білетін дүгаңызды ниетпен оқып үрлеп ішсеңіз екі есе әсер етеді. Сонымен, таң атқаннан көзіңіз үйқыга кеткенше ішіндең алғыс айтудан танбасаңыз, сіздің басқа нәрсені ойлауга уақытыңыз да қалмас. Қарап отырсаңыз, біраз күн өткенде, бойыңыздан өзгеге деген өкпе, реніш, ашу—ыза, деген сіздің ауыруыңызга себеп болған адам баласына жат қылыштар өз--өзінен аласталып, бойыңыз тазарып, бар ауруыңыдан жазыла бастайсыз. Басқаның болғанын көре алмаудың, қызганыштың бауыр ауруына, жок нәрсеге ашуланып, оны сыртқа шыгармаудың—асқазан, зоб ауруына, не нәрсені жүрекке салып, ойга бату, күйгелектік жүрек-қан тамыры ауруына,

ішке жиылған өкпе-назды сыртқа шығармау—
сал ауруына шалдықтырар. Бір қарағанда оп-
оңай көрінғен мен бұл айтылғанды іске асыру
қыынның қыны. Егер орынданай алсаңыз
жазылуыңыз анық. Мысалға, бөлмеғе су келін
турған шүмек ашық қалып, еденғе су жайыла
бастады делік. Сіздің суды құрғатуға алған
үлкен-кіші шүберегіңіз ішкен дәріңіз сияқты.
Күшті дәрі қолдансаныз ауыруыңыз біршама
басылады. Яғни, үлкен шүберекпен жылдам
құрғаған сияқты. Бірақ акқан судың шүмегі
жабылмай еден құрғамас. Ол шүмек сіздің
әлғіндегі жат қылықтардан тесілген дene
қорғанышыңыз яғни, басқаша айтқанда аура.
Сіздің ертелі-кеш ойыңызға ештеңе алмай, әр
нәрсеге білдірғен алғысыңыз арқылы денедегі
тесілген аураңыз бүтінделеді. Яғни, бөлмеғе
келін турған судың шүмегі жабылып, дene
қорғанысыңыз күшейіп тәніңіз сауығады.
Мысалға, ауырған адам денесін кір суға толған
шелекпен салыстыруға болар. Егер, осы шелекке

күнде бір кесе таза су қосып отырсаңыз шелегініздегі лас суды ығыстырып, асып төғіліп күндердің күні тек қана таза су қалар. Сол сияқты сіздің күнделікті жақсы ойларыңыз денедегі жаман ойларды-ауруды ығыстырып шығарар.

Сонымен бірғе ата-бабадан қалған салт-дәстүр, ырым-жырымды үстансаңыз, қорғанышыңыз күшейіп, деніңіз сау болар. Атамыз қазақ қандай да бір істі бастар алдында, оңынан бере көр деп оң аяқпен, немесе оң қолмен бастаған. Аяқ киімді оң аяқтан, күшімді оң жеңінен бастап киішіп, сол жағынан шешінғен. Сыртқа шығарда жақсылығым босағамда қалсын деп, сол аяқпен аттап шығып, үйге кірерде табалдырықтан оң аяқпен аттаған. Қарап отырсаңыз осы қазаки жақсылыққа негізделғен ырымның өзі, сізді жат қылықтардан сақтандырып, әрқашанда ата-бабаңыздың қолдауында боларсыз. Жалпы, біздің ана дүниеге кеткен ата-бабаларымыз өздері қадір тұтып үстанған сара жолын, яғни

жақсы-жаман, обал-сауапты ойлаған ұрпағына қолдауын аяmas. Қай кезде болмасын, Алланың қалауында, әруақтың қолдауында болғанға жетер не бар дейсіз. Айтылған сөз, ұсынған әдісім көңілінізге қонса, әрекет қылып көрініз, менікі біреуғе болмаса біреуғе көмегі тиер деп, естіген-білғенімді көңілғе тұйғенімді ортаға салу.

Егер алтының болса- қажетіңе жарат, ал кигізғе орап тығып қоюға қара таста жарап. Бойындағы барынды, нәрінді ел иғілігіне жұмса. Ғылымның ең абзалы басқаға өнер үйреткен деғен.

- Өмірдегі ұстанымыңыз қандай?
- Атамыз қазақ өлмestен бұрын өл деғен. Яғни, тіршілікте бойындағы бар білімінді, өнерінді жақсылыққа адам баласының иғілігіне жұмса. Мынау бес құндік, қамшының сабындей қыска, жалған дүниеде асылынды жасыққа айырбастамай тұпкілікті барап жерінді осы бастан ойлан деғен. Алла тағалам « Менен иман сұрасаң дүниеден тиям, дүние сұрасаң иманнан тиям » деғен. « Менен дәулет, байлық сұрасаң

беремін, сосын өзім білгіштігімнен таптым дейсің. Сосын саған сынақ берем » дейді. Және дінде аса тереңге барма, адасасың деп ескерту жасаған. Мынау алмағайып заманда мал-мұлкің болмаса, адамның ең қоры боларсын. Осы екеуінің ортасында болып, екі дүниенің де қызығын көрғенге не жетсін. Қазак баласының алдында үш жол бар. Ол Алланың деғенімен жүру, ағайынның деғенімен жүру және өз деғенімен жүру. Алланың деғенімен жүрсөң мынау қызылды-жасылды дүниенің қызығынан безін тақуа болу керек. Адамның деғенімен жүрсөң яғни, ағайынға жақсы атанам десең өзіндік ой-пікірің қалмас. Тек, өз деғеніңмен жүрсөң Аллаға да, ағайынға да жақпайсың. Меніңше осы үшеуінің ортасын алып Аллаға да, ағайынға да, жағып, негізінен өз деғеніммен жүрген шығармын. Жүреғің қаламаса, істеген ісіңе сүйсінбесең, жаныңың қалауын таппасаң өмірдің өзі бос әуре. Арттағылар есіне алар ісің, сөзің болмаса жұз жасағанның не керегі бар.

Қашанда болмасын Алланың қалауымен,
әруақтың қолдауымен халқың сүйсіне есіне алар
іс қылсаң қырық жасың жүздей болар.

Байыдым деме, кедейлік сініріңе жетер,
жетістім деме, қара жер түбіңе жетер. Байлық
сынақ. Өзіңмен ала келмеген, өзіңмен бірге ала
кетпейтін байлыққа мастанба. Рахат іздесе,
бейнетінен қорық па, қуаныш іздесең ренішінен
қорық па деген.

Тасыма тасысан төгілерсің, төгілсең азаярсың,
азайсаң суаларсың, суалсаң құргарсың, құргасаң
тақырга айналарсың, ал тақырга шөpte шықпас,
шөп шықпаса түкте шықпас. Тікенектей тікірейіп
тұрсаң маңыңа адам жуымас. Атамыз түсі игіден
түңілме деген, ягни жүрегінде иманы бардың
жүзі де нұрлы болар. Кімнің ұяты жок болса,
сонда иман жок деген пайғамбарымыз.

Ұлы Абай 36 шы қара сөзінде.

« Осы күнде менің көрген кісілерім ұялмақ түгілі
қызармайды да. Ол істен мен ұятты болдым
дедім гой енді нең бар дейді. Я болмаса жә, жә

оған мен-ақ ұяты болайын, сен өзінде сөйтпеп пе едің дейді. Немесе пәленше де, түғенше де тірі жүр ғой, пәлен қылған, түғлен қылған, менікі оның қасында несі сөз, пәлендей, түлендей мәнісі бар емес пе еді деп ұялтам десен, жап-жай отырып дауын сабап отырады. Осыны ұялған кісі дейміз бе. Ұялған десек хадис анау, жақсылардан қалған сөз анау. Осындай адамның иманы бар дейміз бе, жоқ дейміз бе »

Шешен халқында « Ұят тек тауықта болmas, өйткені онда ұят тұrap бет жоқ » деғен сөз бар. Ұят жүректе ме, бетте ме тек ұятымыз бар болып, құдай имандылығымыздан айырмасын.

Біздің міндет.

Кешегі өткен бабалар алдындағы міндет өз заманында үрпағына қалдырар байтак даланы сырттан келер жаудан қорғау болды. Бізге қалғаны өз заманымызда сол сайын даланы билеғен бабалардың бізге қалдырған аманатын орындау. Қанын-терін төғін қорғаған жерін жатка таптатпай, ғасырлар бойы қалыптастырыған

салт-дәстүрін, үстанған дінін, сөйлеп кетсе тасты ерітер тілін бұзбай келер үрпаққа жеткізу. Жетніс жыл Кеңес Одағының тар шенберінде орысқа айнала жаздал аман қалдық. Алдымызды аранын ашып араб түр. Ендігі жерде сырт дүниеден келін жатқан жастардың, жастардың ғана емес-ау үлкендердің де санасын улап жатқан, қазақ халқының қанына жат әдеттер мен сырты жылтырақ дүниelerден сақтану. Рухани ашыққан бауырларымызды өз діндеріне тартып жүрғен адасушилар мен ислам дінінің атын жамылушы топтармен арадағы майдандасу. Майдан болғанда да, мылтықсыз майдан. Көзге көрінбейтін, іштен жеғідей жейтін, абыламасаң апанға құлатар, бауыр мен бауыр арасын ашар алапат майдан. Санасы уланған сенімі жоқ, ойарманы басқа өз бауырынмен құресуден ауыр не бар. Тілі мақау, құлағы бітеу, ақшадан басқа арманы жоқ, ойсыз үрпаққа қатты айтып өткізе алмай, жәй айтып жеткізе алмай бармақ тістеғен заман. Тоғыз қабат торқадан, тоқтышақтың терісі

артық деғен. Қағынан жеріген құлан оңбас. Батыстың жылтырағынан, қытайдың сүлдірмәғынан бойымызды аулак үстамасақ бір күні өкінетініміз қақ. Өз қолынды өзің кесе алмассың. Деғенмен бұзылған соқыр шекті, шіріген дene мүшесін кесін құтылмасқа шара барма. Қасқыр қасқырлығын терісі керілмей қоймас деғен.

- Жастарға, келер үрпаққа айтар тілеғініз.
- Мынау жер-жаһанда болып жатқан табиғат апаттары қазақ жерінде болмаса еken. Әрине, бұл Алла тағаламның өзін тыңдамаған пенделеріне ниетіне қарай берген нәубеті шығар. Атамыз қазақ онсызда аз зұлматты көрғен жоқ. Екі жұмылға созылған қалмақ пен арадағы соғыс, әпербакан орыстың қарамағында болған екі жұмыл, қолдан жасалған ашаршылық бәріде қазақ санасында өз ізін қалдырған. Содан сабак алсақ болар еді-ау. Кейінгі бес жұмылда ата-бабамыз аңсап кеткен тәуелсіздікке біздің қолымыз жетті. Ол өздігінен келғен жоқ. Құрбандыққа адам

шалынды, Қайрат пен Ләззәттің, Сәбира мен Спатаидың қаны, тағы басқа қашама боздақтар жанын қиды. Кім үшін. Өз бастарына бірдеме жетпеді ме. Жоқ, бауырым мына сен үшін, мен үшін, келер ұрпақ үшін. Олардың есімі қазақ тарихында қанмен жазылған. Кешегі Абылайдың ерлері Қабанбай мен Бөгөнбайдың, Малайсары мен Саурықтың есімдері мен қатар олар да қазақ жадында мәңгі сақталуға тиіс. Қасиетті қазақ жерінің әр сүйемі әлемнің бар алтынынан артық екенін ұмытпа. Ел мен жердің бостандығы үшін төғілғен қан зая кетпесін. Мен саған сенемін келер ұрпақ. Бауыржан атамыз бақаның бағынан, сұңқардың соры артық деғен. Байлық бақ емес, бақ азаттықта.

Кейінгі кезде жастар әдеби кітап оқымайтын болды. Бұрыннан атадан-балаға ауызша айтылған тәрбиенің бәрі атаның ақылы, әженің әлдің қазір кітап бетіне көшкен. Өз халқының сөз мәйеғін, уызында ішпеғен ұрпақ қазақ бола алmas. Көкте ілім, жерде ғылым, ортасында білім

деғен. Көктегі ілімді, жердегі ғылымды менғермесең де ата-анаңнан көрғен тәрбиенді, обал-сауапты, яғни білімінді жоғалтпауға тырыс. Қазакта қарғыстың ең жаманы « Көрғенсіз » деғен сөз. Яғни, көрғені, білімі жоқ деп дұрыс тәрбие бермеғен ата-ананы кінәлағаны. Θз қылышың мен кінәсіз ата-ананды сөзге қалдырма. Атаңнан қарғыс алма , алғыс ал деғен. Билік айту оңай, білін айту қын. Ақылын айтар ата-әженің де қалмағаны рас. Θзінде жоқты, өзгеғе қалай айтсын. Жасында көрғені жоқтың, өскенде айтары жоқ деғен. Сол үшін кітапты көп оку керек. Білекті бірді жығар, білімді мынды жығар деғен. Адам баласы көп білғен сайын өзінің түк білмейтінін сезінер. Білімді елді қорғап, білекті жерді қорғап біріксе, алынбас қамал болмас, табылмас амал болмас. Пайғамбарымыз бір сағат ілім үйрену бір кеш бойы құлшылық қылғаннан жақсы, бір кеш бойы дәріс алу үш ай ораза тұтқаннан жақсы. Ғылымды Қытайда болса да үйрен деғен. Қайда

жүрсөнде өз ұлтыңың мерейін үстем етін жоғары көтеруғе тырыс. Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дер, болмас елдің баласы бірін-бірі қатын дер деғендей өзінді қалай сыйласаң, басқаны да солай сыйла. Қазакты қазақ көтермесе қытай келін көтермес. Өзінді өзің жаттай сыйла жат жанынан тұңғылсін. Өзі өлтірмес жат жарылқамас деғен. Ұлы атамыз Абай « Бірінді қазақ бірің дос, көрмесен істің бәрі бос » дейді. Көпшілік көлікке мінғенде, қақырып, тұқірмей беталды күлмеуғе тырыс. Қандай да бір ұлттың үлкен адамына орын бер. Шіркін-ай, мына қазақ баласының тәрбиелісін-ай дейтін болсын. Сол қылышынмен өз ұлтыңды жоғары көтересің. Әдепті бол. Ұлықпан хакім бабамыздан осынша әдептілікті кімнен үйрендіңіз десе, әдепсіздерден деп жауап берінті. Біреудің қылышынан жиренсең , өзің қайталама. Өзінді өзғеден жоғары үстама, ол да сендей адам баласы. Арактан азған шығар, киімі тозған шығар. Ұлық пайғамбарымыз « Бір адамды

жаман деп жек көрме, жақсылығын көрсөң ұяларың, бір адамды шексіз жақсы көрме, жамандығын көрсөң көңілің қалар » деген. Өзіңнен кішіге үлгі бол. Жақсы өнерінді, өнегенді көрсет. Өзіңнің текті атаның баласы екенінді түсінсең, тектілік мінезінді көрсете біл.

Мысал.

Қожанасыр бабамыздың жайып қойган жалғыз көйлегін жемір бұзау жеп қойыпты. Қожекең көзіне бұзау көрінбеген соң, жайбыракат күйсеп жаткан өгізді таяқтың астына алады. Сен болмасаң, бұзау бұзықтықты кімнен үйренді деп. Кім де болмасын, отбасынан, мектебінен, үстаздарынан үлгі алары қақ. Және бұган қоса жүрген ортанның да әсері мол болар. Жындының өзінен, жанына ергені жаман. Кім екенінді айтайын, жолдасынды көрсет деген. Айналаңа, жанындағы жолдасыңа, өзіңнен жасы кіші бауырларыңа әрқашан да жақсы өнегенмен үлгі бола біл. Басқаның адасқанын көрсөң өзің кателеспеуге тырыс. Қате баспас адам болмас.

Әркім өзі жасаған қателігінен сабак алу керек.

Басыңа таяқ тимей ісің түзелмес. Л. Толстой айтады екен—еғер бір адам өзін менің еш күнәм жоқ, тазамын деп айта бастаса сен сол адамнан қорық. Өйткені ол өзінің актығын дәлелдеу үшін әулие—әмбиelerді кінәлап, тінті құдайды да каралаудан тайынбас. Күнәсіз пенде болmas, тек соны түсінгеннен бастап қайталамауға тырыс.

Сабакты жақсы оқып, жоғары білім алуға тырыс. Өйткені қазак еліне сендей ауылдың тәрбиесінде өскен жақсы-жаманды , обалсауапты бесігінен білетін, қазак тәрбиесінде өскен маман керек. Сен оқымасаң ертең сенің орынына бір тоғышардың баласы отырар. Ол ағылшынша білер, орысша сөйлер, тек қазақша емес. Сонда мынау елдің болашағы сол қағынан безғендер ме. Сен болмасаң кім болар. Эрине, бәрің бірдей бастық болу мүмкін емес. Біреу тойшы болған да, біреу қойшы болу керек. Астанаға бармай-ақ ауылда жүрін те ел қажетіне жарап, күрметке бөленуғе болады. Қай салада

еңбек қылсаң да елің ұшін қызмет қылсаң еленбей қалмассың. Біреуғе қол жайғанша, жұмыстың қандай түрі болмасын арланбай еңбек қыл. Мәндайы терлемегеннің қазаны қайнамас. Тауып алған нанның дәмі болмас. Еңбек қылсаң, қолыңа ештеңесі жұғып қалмас. Есектің артын жусанды мал тап деғен Абай атаң. Аспандағы айға емес, қолындағы барыңа сен. Еғер, Аллаң сәтін салып, мемлекеттік қызметке орналассаң отырған орынынды біл. Мемлекеттік қызмет саған атадан мұраға қалған жок, ол халыққа қызмет көрсетер орын. Қол астындағы адамдар саған әкеңнен қалған құл емес. Алдыңа келғен адамға шамаң келғенше қолыңдан келғен көмегінді аяма. Көпке ұнасаң Аллаға да ұнарсың. Көптің карғысына ұшырасаң онбай кетерсің. Келешек ұрпағынды бір сәтке де есіңнен шығарма. Сен басқаға не көрсетсең, ұрпағың соны көрер. Бастығың жаман адам болсада да сен оған Алладан жақсылық тіле, ол жақсы болса сенде құр алакан қалмассың.

Бір мысал.

Бір сауда қуған сарт қазактардың отқа жаққан қарағанының дүрілдеғенін көрін, еліне қайтарда есегіне мол қылышп қараған тенден алса керек. Өз еліне жақындағанда қалың жауынның астында қалышп, от жағып жылынбақ болады. Су қараған жана ма бықсып, тұтіндеп сарттың берекесі кетеді. Сонда сарт « Атаңа нәлет, қараған да өз жерінде дүрілдейді екен ғой » депті. Сол айтпақшы, біз өз елімізде ғана қазақша сөйлеп, қазақ бола аламыз. Басқа елде жүрін Фараби мен Байбарыс та қазақ бола алмаған. Ортаңда жүрғен орыс, бүгін барда ертең жоқ. Қазақтың жоғын тек, қазақ қана жоқтар. Өзі бар болғаны он екі миллион қазақтың тең жартысы орысқа бұрса, оның жартысы басқа дінге тартса сонда не болармыз. Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін деғен Ғабит атаң. Атамекенім деп келғен қазақты оралман деп бөғде санап, қала берді ру-руға бөліну қазаққа опа бермес. Анау оралман, анау уақап, анау орыс, анау онтүстіктікі, анау

солтүстіктікі деп, бөлғенде қазаққа бауырды кім берер. Ортадағы орыс пен ірғедегі қытай қазаққа ешқашанда бауыр болмас. Ұлты басқаның ұлуы басқа. Ол саған сыртын берседе ішін бермес. Алпыс екі тамырымызды қуалай ақкан Көк бөрінің текті қаны. Бабалардың асыл рухы барда басымыз бір бірігер. Шежіре таратқан адам елді бөлуші емес, бәрінің түбі бір екенін дәлелдеуші. Қайдан шыққаныңды, жеті атаңды біл күрметте. Соларға үқсауға тырыс, тек бөлінбе бауырым. Темірді тек тат шірітеді, сол тат темірдің өзінен шығады. Біз бір ғана атаның Қазақтың баласымыз. Осыны ұмытпа, бөлінбе бауырым.

« Қараңғы қазақ көғіне, өрмелеп шығып күн болам, күн болмағандай кім болам » - деп Сұлтанмахмұт жырлағандай сен болмасаң, мен болмасам, қазақтың жәйін кім ойлар.

Ендігі жерде еліміз өркендер, өсін өнін, алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосылып, бәрінен де бұрын әлемде бейбітшілік орнап, әділдік үстемдік алса. Ел мен ел арасында тек

өнер түрлерінен бәсеке болып қазақ өрендері қазақ атын көкке шығарып, көк туымыз жоғары да желбіресе екен.. Өсін келе жатқан жас үрпак елі мен жерінің өткенін біліп, әр тауы мен тасын қадірлесе, ата-бабаларымыздың бізге қалдырған салт-дәстүрін, мақал-мәтелмен өрнектелғен мол мұрасын әспеттеп, келер үрпаққа жеткізсе. Сол бабаларына тартып елін-жерін, ділін, тілін сүйсө деғен тілек бар. Еліміздің іргесі бүтін, керегесі сау, өзғе елдермен терезесі тең болып, алдыңғы қатардан орын алса. Халқымыздың деңі сау болып, салауатты өмір салтын кешсе. Ақ сақалды аталарымыз, сыры кетсе де сыны кетпеғен әжелеріміз аман болып, үлкеніміз ұлағатты, ұлдарымыз әдепті, қыздарымыз қылықты болып, байырғы қазақ ауылдының балаларындай әлем халқына үлгі болса деғен тілек. Аллам қалап, ата—бабамың әруагы қолдаса солай боларына мен сенемін. Болат пышық қап түбінде жатпас болар. Біз, сол асыл пышақтың сынығы , атам қазактың үрпағымыз.

Болат қылыштың сыйығын темірдің қалдығы деуғе болар, тек ағаштың жаңқасы емес. Біз, казақ түрік мұхитының суының тұнығымыз, түбіндегі маржанымыз. Асуының биіғіміз, аскарының шыңымыз. Қандай да бір адамның мұсылман болуы оңай, ал қазақ болуы қынның қыны болар, тінті мүмкін де емес. Қазақ болу үшін қазақи ауылда дүниеге келін, ана тілін узында қанып ішиб, обал-сауапты, жақсы-жаманды жөрғегінде айырмаса, оқып-білумен қазақ бола алмас. Себебі, қазақи болмыс, таным, наным-сенім, тек ананың сүтімен қазақи қанмен келер. Әрине ахиқат-шындық тек, Тәңір тауының басында, оған өрмелей жылжып жылан да, қиялай ұшып қыран да шығар. Мәселе, кімнің қалай шыққанын да емес, сол бікке жеткенін де. Адам керуен, өмір жол, ешкімге жат із емес. Жолмен көшкен керуеннің алды-арты біз емес. Біреулер келер, біреулер кетер бәріде баяғыдай болар. Өмір деген осы.

Бұл толғау 2009 жылы 11 қыркүйек айының жұма күні Биатамның туғанына 300 жыл толуына орай берілғен аста, бабамның үрпағыма жеткіз деғен сөзі. Асқа жиылған көпшілік алдында сөз алып бұл аманатын да орындағым.

Оңдашы деп сұрасаң тілек Алладан
Тәуекел деп жолыма тұс жан балам
Қорықпағын қын мына күндерден
Нар жолында ауыр жүктөр қалмаған

Қарының ток, болса кин м киетін
Жүрек таза, болса тұзу ниетің
Бір Алладан тілек тіле қарағым
Нәсібің бар ақ жолымнан тиетін.

Басыма кел, ақтық жауып, тілеғінді тілеғін
Сырынды ақтар, тазалансын жүреғің
Шын жыласа соқыр көзден жас шығар
Қаласа Алла қабыл болар тілеғің

Басыма кел, арнап оқы құранды
Бағыштағын атымды атап дүғанды
Жаратқаннан тілеуінді тілермін
Риза қылсан, әруақты бабанды

Басыма кел, сұйма тұс жан балам
Бұл дүниеде арманы жоқ барма адам
Жеткізермін созған қолды биікке
Қапы қалмас уағында қарманған

Еркек тоқты құрбандық шал басыма
Ағыз қанын тауым менен тасыма
Қанмен бірғе кетер ағып ауырлық
Жан дүниен қалады бір жаңарып

Кешпейтуғын күнәсі жоқ Алланың
Орындалсын тілеғің мен арманың
Тәубәңә кел, қайталама күнәлі іс
Дұрыс өткіз өміріңің қалғанын.

Әулие Мәшһүр Жұсін атамыз --Алласы пендесіне ой салады, пендесі айтып қалады. Мен айттым деп ойлайды ---деп айтады екен. Шын мәнінде ниет пенден басқасы Алладан. Істе деғенін істейміз, айт деғенін айтамыз да, өзім деп кеуде соғамыз. Мен не істесемде, не айтсамда бабамың айтуымен әрекет қылдым. Л. Толстой - --Егер адам өзін—өзі күнәдан пәкпін, тазамын деп айта бастаса сен одан қорық. Өйткені ол өзінің кінәсіздігін дәлелдеу үшін әулие—әмбиelerді қаралап, тінті Құдайды да кінәлі қылыш шығарады—деғен. Мен өзімді судан таза, сүттен ақпын деп айта алмаймын. Жасым қырық беске келғенше ішпесті ішін, жеместі жеп, ауызға келғенді айыттым. Қазірде кінәларым бар шығар. Тек Жаратушы Ием сауапты істерімді көп қылыш, біліп—білмей істеғен кіналарымды кешірсін.

2016 жылы Арқа жерінде жатқан бабаларымыздың ең үлкені Бекбасұлы Оразғұл бабаға мазар көтердім. Бабамызға он сегіз мың жылқы біткен. Артында үш әйелден он үш ұлы

қалыпты. Осы он үш ұлдың үлкені әулие Сенкібай би. Енді бір баласы Найза үрпағынан атақты Әлімхан Ермеков пен С.П. Королевпен бірғе Гагарин үшқан ракетаны жасасқан физик, Қорқытabyздың басындағы үн шығып тұратын аспапты жасаған Исатаев Совет туса, тағы бір баласы Ақжолдан дауылпаз ақын ағамыз Қасым Аманжолов туады. Бір өзінен қазақ халқына әйгілі төрт ұл тараған Оразұл бабамызға қандай күрмет көрсетсекте артық емес. Мазар құрылышының алғашқы тасы 2016 жылдың алтыншы айы----маусымның 16 күні басталды.Айтпақшы Биатамның саны жеті болса, Ожаң бабамызда алты саны. Биатам мазарының алғашқы кірпішін бұзып алған күнім 2006 жылдың 11 шілдесі күн жұма болатын. Сол жылы мазардың салынып бітуіне арнап ас берғен күн 11 қараша күн жұма болатын. 2009 жылы бабамыздың туғанына 300 жыл толуына орай 10—11—12 қыркүйек күндері ас берілғен. 11 қыркүйек тағы да күн жұма болатын. Биатамның

77 жас жасағанын, 1993 жылы ас берғенде 77 үй тігіліп, 77 ат бәйгеге қатысқан. Аста Әйтімбет Бористің аты бәйгеден келген.

Оразғұл бабам 1672 жылы Сыр бойында дүниеге келіп, 1750 жылы 78 жасында Қарашор балалары Арқаға келген кезде қайтқан. Түпкілікті қоныс белгісіз болған соң аманат деп жерлесе керек. Кейіннен балалары әкесіпің жатқан жерін айнала қоныс қылады. Әу баста мазарын тастан қаласа керек. Шамамен 1960 жылдары жалдамалы құрылышсылар, жеті армиян баба басындағы құлаған тасынан алған, екі—үш шақырым жердегі Сарышоқы қыстағына апарады. Арада бір жеті өткенде, осы жетеуі де белгісіз себеппен қайтыс болған.

Алғашқы тасын Шандыатырдан теру 2016 жылдың алтыншы айының 16 күні болатын. Тауға апарып бір қойды бауыздап ісіміздің сәтті болуын тілеп дүға бағыштадық. Тасты таудан етекке одан көлікке тиеп, Ожаң басына жеткіздік. Мен құрдасым Сайран екеуміз ірғе

тастың аумағын шығармақ болып өлшеғенде, жап—жаңа өлшегішіміз алты метрден әрі шықпай қойды. Әрі тарт, бері тартпен дауласып, ақыры мұнда бір сыр бар ғой деп шештік. Байқастап қарасақ бұрынғы ірғе тастың сорабы байқалады. Өлшеп көрсек алты метр. Табан тасы алты метр болды. Және өзі түсімде жанымдағы алты серігімді ұмытпа деғен. Көрінер-көрінбес жаткан қабір орындарын тауып үстеріне тас үйдік. Бабамыз ораза айында дүниеге келғен соң атын Оразғұл деп қойған деп шілденің алтысы ораза айты күні баба басына он үш ұлдан тараған үрпактарын жиып кіші ас бердік. Қойшыбай ағам өзі бас болып, жылқы сойып, нағыз баба үрпағы екенін тағы да дәлелдеді. Уәде бойынша үй тікпек болған тоғыз адамның үшеуі келмей қалып, алты үй тігілді. Қарап отырсаңыз бәрі алты. Сондықтан биіктігін де алты метр көтердік. Басында айтқанымдай бабамызға он сегіз мың жылқы біткен. Сол себепті де мазары жылқы малының құты қымыз құяр күбі бейнесінде

қаланды. Маңындағы алты серігінің де жатқан орындары белгіленіп аттың тағасы тәрізді айнала қоршалды. Ішіне тегістеп тас жайылды. Баба топырағынан ұстағысы келген ұрпақтарына арнап, алдын ала баба топырағынан ыдыска салып алынып қойылды. Бабаның жатқан жеріне тастан белгі қойылып оған мынадай сөздер жазылды.

Он сегіз мың жылқы біткен Ожаңа.

Биатамдай ұлды берғен Қараға
Әлімхандай дана берін халқына
Өр Қасымдай ақын берғен далаға
Он үш ұлдың ұрпақтары жиылып
Ұй көтерді әруақты бабаға
Іші—сырты нұрға толып тас ұйің
Ұқсап тұр ғой қымыз құйған сабаға.

Шежіре бойынша, ауыз екі әңгімеде де Оразғұл бабамның ұлкені Биатам яғни Сеңкібай би деп айтылады. 2014 жылы Биатам маған берғен аянында мененде ұлкені бар соны ізде деді. Шамамен 1703 жылдары бабам Оразғұл

Нұрбүбі атты қызбен сөз байласады. А纳мыз Шырын Дулат қызы болса, ол а纳мыз Албан—Суанның бірі болар. Аумалы---төкпелі заманда тағдыр қоспай бөлек кеткен екен. Нұрбүбі а纳мыздың ішінде бір ұл кетсе керек. Аты Ақырап. Бұл атамыздан тараған үрпак бұрынғы Шелек ауданы өнірінде ескіше Талдыбекет деғен мекенде өмір сүруде. А纳мызға бабам Оразғұл сиға тартқан танакөз осы үрпактарында сақталған. Оңтүстік өнірде осы аңызды білетіндер бар болуы керек. Аллатағалам қалап, бабалар әруағы қолдаса елге—ел қосылып арада үш ғасыр өткенде табысып жатсақ ак түйенің карыны жарылар еді—ау. Ұлық пайғамбарымыз менен кейін пайғамбар болмас, үмбетімнің бар қасиеті түсінде қалар деғен. Түсімнің көруі Жүсінтікі, жоруы Жақыптікі болсын. Түбінде бас қосуымыз анық, өйткені Биатам текке ештеме айтпайды.

Осы мазар құрылышына басты қолдаушы болған
Төлеутай ағам бастаған ақсақалдар Қабден,
Қойшыбай, Шекәрім, Жақсыбай, Жәнібек,
Қапият, Сапар, Розак, Орал, Төлеухан, Қайырбек,
Жанұзак, Әбілқас, Қабылқас, Сүйін, ағаларым
бастаған Руслан, Серікбол, Жасұлан, Ержан,---
т.б жасы кіші бауырларымның барлығына алғыс
айтам. Айтпакшы ең алғашқы көмек қолын
созған Бикен апам. Әуелгі тасынан бастап
көмекке келғен Тұяқхан, Аманғелді, Ардак,
Берікбол, Болат, Бауыржан, Оралбек, Аскар,
Айдос, Жандос

Басынан аяғына дейін әр тасын өз қолымен
қойған құрдастарым Мақан мен Сайран бауырым
Мереке. Жұмаш, Алташ, Ойрат, Мейрам, Марат,
Ернар, Бауыржан, Тұтар, інім Жарас тағы басқа
бауырлар.

Аппаздан келген Мейрам, Жанұзак бастаған
бауырлар

Қасым ағам ауылынан келғен Дидар мен Медет бауырларым бастаған Санат, Темірлан, Бағлан т.б.

2006 жыл 11 шілдеде Биатам мазарының құрылышы басталды. 11 қарашада ас берілді. 27 қараша. Биатамның мазары толық салынып бітті.

Басты

демеуші болған Әліпбергенов Махмұт. Бабаның әруағын силаған барша халық ат салысты.

2007 жыл Биатам басына үй салу Шатырын қиуластырған Қанат Шөменов. Бейсеков Нұрлан.

2011 жыл Аққорадағы ескерткіш белгіні көтеру. Демеуші Ысқақов Аманғелді. Ауыл азаматтары Қанат. Мақан, Жұмаш, Марат, Ернар, Бағдат, Берік, Серікбол, Науан мен Азамат т.б. көмектесті.

2015 жыл Биатам басына Иғіліков Руслан, Сәдуов Саят бауырларым қаладағыдай төрт бөлмелі бар жағдайы жасалған үй тұрғызып

берді. Әрбір осы үйге түскен, қонған адамдардың
рахмет сауабы осы бауырларыма тисін.

2016 Ожаң басын көтеруғе үрпактары ат
салысты.

2015—16 жылдары балаларым Науан мен
Олжастың жолдастары Биатам басына ас үй
түрғызды. Аллатағалам осы аттары аталған
аталмай қалған қос бабамның басына жасалған
иғі шараларға ат салысқан барша бауырларыма
бастарына амандық, дендеріне саулық,
үрпактарына бақытты ғұмыр силасын.
Бабалардың әруағы қолдап әрқашанда жақсы
істің ортасында жүрсін. Бұл кітапта аттары
аталмай қалған бауырлар болса мың қайтара
кешірім сұраймын.

Алдағы жоспар бойынша, құдай жеткізсе, Ожаң
басына кісі түсетін жай салу, исі Қарашор болып
үлкен ас беру, ұлы анамыз Шырынға мазар
көтеру, Биатама ат үстінде түрған бейнеде
ескерткіш орнату т.б. ойлар бар. Одан кейінде
бабаларға иғі шаралар болып жатар. Бір өзінен

қаншама қазаққа белгілі азаматтар туған Оразғұл
бабам ұрпақтары бұл шаруадан да қалыс қалмас.
Есінде ұста.

Ей, қандас бауырларым мынау жалған дүниеде
әр нәрсенің уақыты, әр шаруаның сәті барын, әр
нәрсенің сұрауы барын, әр істің сауабы барын,
алмақтың салмағы, бермектің қайтпағы барын
ешқашан да ұмытпа. Ешкімде, ештеңе де
ескерусіз қалмайды. Бәрінің қайтымын бір
АЛЛА береді. Жақсылық қылсаң сауабынды
аласың, жамандық қылсаң жазанды аласың.

Биатамның басыма мазар тұрғыз деғен
аманатын қалай орындаймын деп, ағайынның
басын қоса алмай жүрғен кез еді. Әрбір қарсы
пікірден соң таң бозынан жолға шығып,
Жидебай батырдан бастап, Шабанбай, Ердене,
Шортанбай әулиелердің басына соғып, қолдауын
сұрап, Қараменде бабаның басынан қайтып, тұс
қайта бабам басына келіп, мұнымды
шағатынмын. Сондай бір күні Биатам басына

келіп, күн батпай Алладан тілек тілеп,
бабалардан қолдау сұрап толғанған кезде
жүрекке келғен бір сөз еді. Соның есте қалған
жұрнағы.

Бұл 2005 жылдың 8 тамызы еді—ay. Олда өткен
күн.

Уа, Жаратқан Ием Құдірет !
Тілегімді өзің қабыл ет
Пайғамбарым Мұхаммед,
Арыстан бап бабаммен.
Түркістанда Қожахмет
Маңғыстауда пір Бекет
Айша бибі, Қарқабат.
Шақшакұлы Жәнібек,
Қаз Дауысты Қазыбек.
Қолдау салсын үрпакқа
Мейірімді Алла рақым ет
Әулие болған Сенкібай
Қараменде, Жидебай
Байғозы батыр, Жарылғап
Бабадан қалған аманат
Сарыарқаның төріпен
Тіледім тілек бейуақ
Әуелім Аллалам онғарған
Аманда қалған жоңғардан
Төғілғен қан мен теріңнің

Сарыарқа сайран елінің
Жесір де қалған жерінің
Құйқасы қалған айырылып
Шалғыны қалған қайырылып
Көкпарға түскен терідей
Додаға түскен түрі бар
Өз жерінде жат болып
Өгейсіген елің бар
Қазына менен байлығы
Жат қолына кеткені
Артылған мына шайлығы
Қалтасында ептінің
Елім дейтін ері жоқ
Қара қазақ баласы
Қайда барса күні жоқ
Жан – жағыңа қараса
Пара алмаған бірі жоқ
Басында жоқ баспана
Қызыға қарап басқаға
Әттеңмен күнін өткізғен
Әкеғе қарап жаутандар
Қызыл қарын жас бала
Келешек күні буылдыр
Өзегін өртеп ашы мұң
Кеудеғе толып запыран
Мұңдайды мына үрпағың
Еңсесін басқан езгіден.
Бойын бір жазған кезінде.
Құрсаулы мына дүниенің
Бұғауын үзғен кезінде
Елінді шарлап мәңғұрттік

Бойларын басты салғырттық
Шұбарланып тілдері
Алаланып діндері
Баарын қайда біле алмай
Ескексіз мінін қайыққа
Буылдыр тартып болашақ
Тұманды бір жүрғендей
Адасты мына үрпағың
Алға бастар үран жоқ
Жол бастаушы қыран жоқ
Артынан жұртты ертетін
Асып туған ұлан жоқ
Кеңсеге барса тілі жоқ
Мешітке барса діні жоқ
Момын менен пақырдың
Қайда барса күні жоқ
Есігін ашып кіре алмай
Есебін тауып бере алмай
Барар жер жоқ діттеғен
Екі ортада жем болған
Арам безді есерғе
Туралап айтар биі жоқ
Ұқтырып айтар тілі жоқ
Аталы сөзғе тоқтайтын
Сөз түсінер бірі жоқ
Әлхамды білсем болды деп
Жайындар кәне қолды деп
Молда болды бүғінде
Кешегі күнгі дінсізің
Алдау менен арбаудан
Парамен қол жалғаудан

Алдыға аттап баса алмай
Ертеңгі күнін тоса алмай
Салты қалған сандалып
Жері қалған айдалып
Өз жерінде өгей боп
Сең соққан лақа балықтай
Адасқан мынау халқынды
Тәңірден келғен ақ жолға
Басташы өзің жан бабам
Тылсымнан сонау үн қатып
Қыраның болып шаңқылдап
Тұманыңмен тұмшалап
Жаңбыр болып себелеп
Оятшы мына елінді
Санасы бір уланған
Айтқан сөзде тұрмаған
Жалғандық пен аярлық
Бірғе мына туғандай
Есебін тауып екі асап
Ертеңін бүғін ойламай
Бір күнгі тойған қарынға
Мәз болған мына үрпақты
Өзімде болса болды деп
Айтпаған ешқашан
Қазаным менің толды деп
Төркінін жүрғен танымай
Өзімнен өзім болдым деп
Дүниенің кеңдігін
Салыстырған қарнымен
Төңкерілғен шарадай
Уағы мына келғенде

Желі шыққан доптай боп
Қабысып бір қаларын
Ойламады - ау үрпагың
Бабаның сөзін ұмытты
Ортамнан кеткен оңалмас
Ортама келген көше алмас
Шашылып бір тарыдай
Бастары бір құралмай
Көш бастайтын серкелер
Өзінен - өзі аса алмай
Көлеңкесі жоқ дарақтай
Жарығы түспей маңына
Аузында тұзу сөзі жоқ
Анықтап қарар көзі жоқ
Менен кейін бәрібір
Топан суы алсын деп
Өлмestен бұрын өл деген
Бабаның сөзін білмеген
Артында қалар сөзі жоқ
Көз тоқтатар ісі жоқ
Жиган мына мал мұлқін
Әкетердей өзімен
Болған сайын болса деп
Сандыгым менің толса деп
Өз өзінен ісінген
Мұны істеген менмін деп
Жұрт алдында күпінген
Тәңірдің берген ырзығын
Даладан тауып алғандай
Әруақтың қолдауын
Тұсінбей жүрген үрпакты

Аян беріп жол сілтеп
Ақтыққа бір бастағын
Жаратқан Ием жар болып
Өзіңнен болмай бір медет
Ісіміз оңға басар ма
Ескіден қалған ескі сөз
Атадан қалған асыл сөз
Аяққа қалды тапталып
Өз - өзінен жат болып
Қазақтан безіп сарт болып
Ортаңнан безіп қазағым
Қайда кетіп баrasың
Жаратқан Ием жар болсын
Ағайыным бар болсын
Замана көші түзеліп
Ата менен бабаны
Еске алатын кез болсын
Әулие өткен Сенкібай
Бабамның барап басына
Шұбырынды із болсын
Алладан тілеп тілеғіп
Тазартып кір жүреғін
Бабамның алып батасын
Қайталамай қатасын
Ұрпағын ертіп соңынан
Иманды бір ел болсын
Уа, Жаратқан құдірет
Ақ ниетті пендеңнің
Тілегі осы қабыл ет.

2017 жылы тамызда Биатамның басында ағайыным ды жинап ас берғенімде, әuletіміздің үлкені Төлеутай ағамның маған берғен батасы.

Биатамның басында
Берғен асың мол болсын
Үлкеннен алған ақ батаң
Кейінгі мынау үрпакқа
Үлгі болар жол болсын
Ырысың артып күн сайын
Денсаулығың зор болсын
Шаңырағың толып шаттыққа
Бала—шаган мол болсын
Істеғен әрбір ісіңе
Оразғұлдай бабаңың
Әруағы жар болсын

Өрғе шықсаң өрең талмасын
Көкке шықсаң қанатың талмасын
Қай ортаға барсанда
Абыройың асқақтап
Төрғе тисін жамбасың
Қыдыр болып жолдасың
Жарқыраған жол болсын
Биатамның басында
Берғен батам қабыл боп
Қарқабаттай анаңың
Әруағы қолдасын.

БЕКБАС БАБА ҮРПАҚТАРЫНЫң ШЕЖИРЕСІ

БОЛАТҚОЖАДАН—АҚША, ТҮЙТЕ, ҮКЕЙ
деген ұш бала туады. Үкей бабадан үрпақ
калмаса керек.

ТҮЙТЕ ден - МАЙҚЫ, ТАНАС деген екі бала.
МАЙҚЫ дан – Айтуган, Сарым.

Айтуганнын - Әлтеке.

ТАНАСтан - ТЫМЫРСҚА, САРЫ. (ҚАРАШОР)
ТЫМЫРСҚА үрпагы ---ШОР.

САРЫ үрпагы---ҚАРА.

САРЫ дан - (ҚАРА дан)-ТҮМЕН, ҚОЖАС
батыр, АСАБАЙ деген ұш ұл.

ТҮМЕН нен - АСАН.

ТҮМЕН ертерек өліп Асан Қожас баласы
болып кеткен.

ҚОЖАС тан - АСАН, ЖАУМАН, БЕКБАС,
ҚҰЛБАС, ЖАНАЙ.

ӘНЕТ бабаның ТОҚТА деген кенже қызынан
Құлбас, Бекбас деген екі ұл туады.

ҚҰЛБАС тан – тұқым қалмаса керек.

БЕКБАС тан –МОЙНАҚ би, ТІЛЕУБЕРЛІ
(БӨРГӨЗ) ТІЛЕУІМБЕТ, БАПАН, СЫРЫМБЕТ,
ОРАЗҒҮЛ деген алты бала туады.

БЕКБАС бабаның үлкені МОЙНАҚ би.

МОЙНАҚ БИ үрпактары.

Мойнақ биден—Қарамырза, Сарымырза.
Қарамырзадан- Қырғызбай, Санияз, Кейкі, Әділ,
Өмір, Дәулен, Құттық.
ҚЫРҒЫЗБАЙДАН- Тойлыбай, Шегір, Қопан.
Тойлыбайдан- Айдабол, Жандархан.
Айдаболдан-Тұсіп.
Тұсіптен-Қобайылды, Абайділда.
Қобайылдыдан-Тұяқ.
Тұяқтан-Ұшқын, Айтбек, Сәтбек.
Жайдарханнан- Стамбек, Қауымбек.
Стамбектен- Тұрсынбек, Болсынбек.
Тұрсынбектен- Жәрдембек.
Болсынбектен- Серік.
Серіктен- Бауыржан, Аман, Сайран.
Шегірден- Телғазы, Көкен , Бозан, Құдыбай,
Асаубай, Шөдебай.
Бозаннан- Тәттімбет, Ахмет.
Ахметтен- Әлімбек, Қалыбек, Рымбек, Мәукіл.
Әлімбектен- Айтжан, Дүйсенбек.
Көкеннен- Кемелбай, Мырзакелді, Баймағанбет.
Кемелбайдан- Нұрмаған.
Мырзакелдіден- Төрекелді, Төребек.
Төрекелдіден- Сағатбек, Қайырбек, Қарсыбек,
Қасымбек, Кәрібек.
Төребектен-Тілеуқабыл, Тілеубала, Мәжкен,
Тілеутай.
Қарсыбектен-Мәулен.

Қасымбектен- Сайран, Дәурен, Нұрлан,
Бауыржан, Жұмажан.
Сайраннан- Ерсін, Нәби.
Дәуреннен- Нұрзат, Әнуар.
Нұрланан- Жасұлан, Мақсат.
Кәрібектен- Аманжол.
Тілеубектен- Ербол.
Құдыбайдан- Рахымбек, Несілбай, Рахымбай,
Қожабай, Бейсембай.
Топаннан- Сауқымбек, Жуакат.
Сауқымбектен- Садуақас, Әрімбек.
Садуақастан- Төлеу.
Төлеуден- Сайран.
Қопаннан- Жақсыбек, Көлбай, Айқынбек.
Жақсыбектен- Отарбек, Төлеу.
Көлбайдан- Аймағанбет, Тұғанбай, Тойғанбай,
Ақай.
Айтмағанбеттен- Төлеғен.
Төлеғеннен- Ерсайын.
Ерсайыннан- Серік, Ермек, Бауыржан.
Мәукілден- Мейірбек, Жоламан, Төлеғен..
Мейірбектен- Нұролла, Нұrbай, Нұрланат,
Аманай, Манат, Амантай, Таңай, Қуаныш.
САНИЯЗДАН- Бекболат, Қабан, Жаман, Атан,
Иғембай.
Қабаннан- Бура, Досымбек, Жылқышы.
Жаманнан- Оңғарбай, Омар, Қонқай.
Оңғарбайдардан- Ахметші.
Ахметшіден- Тынбай, Дәулетбай, Үбырай.
Тынбайдан- Сағынтай, Сағынбек, Райхан.
Сағынтайдан- Максұт, Дәulet.

Сағынбектен- Қазбек.
Райханнан- Дәрмен.
Омардан- Қами, Жұнісбай.
Жұнісбайдан- Анар.
Бурадан- Жаужан,
Жаужаннан- Садубай.
Садубайдан- Мұқажан, Ыбырайым.
Мұқажаннан- Мешітбай, Жұматай.
Мешітбайдан- Ербол, Серік.
Ыбырайымнан- Қайырберлі, Ғалы, Қосман.
Қайырберліден- Ойрат.
Ғалыдан- Мәди, Қайрат.
Қосманнан- Ерлан.
Жолдыбайдан- Жақсылық, Әбуғали.
Жақсылықтан- Нұрбек.
Әбуғалидан- Болат, Рымтай, Нұрбай.
Жылқышыдан- Райымбек, Бекентай, Әби, Хамит.
Райымбектен- Құдыш.
Құдыштан- Оңайбек.
Оңайбектен- Азамат.
Бекентайдан- Байболсын.
Байболсыннан- Шоқай, Дүйсетай.
Шоқайдан- Смағұл.
Смағұлдан- Ескендір, Аманжол, Аманбай,
Куаныш, Мәулен.
Аманжолдан- Куан, Саян, Баян, Ескен.
Аманбайдан- Алмас, Ардақ.
Куаныштан- Ибрағим.
Мәуленнен- Ғалым.
Дүйсетайдан- Смағанбет.

Смағанбеттен- Серік, Бейбіт, Саят, Берік, Руслан,
Рұстем.

Серіктен- Елдар, Айдар.

Бейбіттен- Дидар.

Саяттан- Бекдар.

Беріктен- Дархан, Әділ, Мансұр.

Русланнан- Рауан, Дамир.

Досымбектен- Әуелбек, Үбійжан, Хайролла,
Уәлиолла, Әбілпейіс.

Әуелбектен- Аманбек, Қуанышбек.

Аманбектен- Тәуекел, Төлеубек, Жұмабек.

Үбійжаннан- Мамыр.

Мамырдан- Тілеубек.

Хайролладан- Қасым, Мұтақар, Зейнел, Қабден.

Қасымнан- Мұрат, Серік.

Серіктен- Берік, Самат, Қайыржан, Ғалымжан,
Саят.

Мұтақардан- Қабыш, Қинаят.

Қинаяттан- Төлеш, Бауыржан.

Төлештен- Айдын.

Бауыржаннан- Сабыржан.

Әбілпейістен- Әбдірәсіл.

Әбдірәсілден- Сартай, Қадыр.

Сартайдан- Бауыржан.

Бауыржаннан- Әділ.

Қадырдан- Жасұлан, Нұрлан.

Жасұланнан- Данияр.

Нұрланнан- Сұлтан, Алан.

Уәлиолладан- Қали, Нұржәнібек, Мақсұт.

Мақсұттан- Сман, Жұман.

КЕЙКІДЕН- Домалак, Балпан, Тұяқ, Тойбике,
Байкенже.

Домалақтан- Көтбай.

Көтбайдан- Айтбай.

Айтбайдан- Мәден.

Балпаннын- Тілеуке.

Тілеукеден- Жидебай.

Жидебайдан- Нарманбет.

Нарманбеттен- Марат.

Тұяқтан- Саптаяқ, Базар, Қонай.

Саптаяқтан- Қазыбай, Бейсеке, Ақпанбек,
Қоңыrbай.

Бейсекеден- Қажыкәрім.

Қажыкәрімнен- Болат, Бисауыт, Сәумен, Марат.

Болаттан- Алдияр, Байсал.

Бисауыттан- Елбір, Мәди.

Сәуменнен- Шоқан, Сапар, Асыл.

Мараттан- Тайқоңыр.

Базардан- Дүйсеке, Шотан, Балтабай.

Шотаннан- Қами, Баймұқан.

Балтайдан- Тайжан, Сарқытбай, Сыздық,
Мұстәлін.

Қоңайдан- Бақылкәрім, Серғазы, Әбіш.

Қазыбайдан- Бәзілбек, Құлбай, Қожахмет, Жұніс,
Бейсембек

Ақпанбектен- Бәку, Мағауия, Қияш, Балташ.

Қоңыrbайдан- Топай, Нұрәлі, Жұмағұл.

Топайдан-Ахан, Жақан.

Аханнан- Өмен, Жасұлан, Қайрат.

Өменнен- Ойрат, Жанат, Талғат.

Жасұланнан- Орак, Мейрам.

Орақтан-Алдияр.
Қайраттан- Қуаныш, Абай.
Қуаныштан-Теміржан, Батыр.
Жақаннан- Қанат, Болат.
Қанаттан- Дидар, Азамат.
Болаттан-Дархан.
Тойбикеден-Нұрлан, Макан, Мама, Қоңыр.
Қоңырдан-Серік.
Серіктен-Жетпіс, Бауыржан, Қайыржан,
Әміржан, Ербол, Алтай.
Жетпістен-Азамат.
Қайыржаннан-Ертай.
Әміржаннан-Қайсар, Айбар.
Ерболдан-Абылай.
Байкенжеден-Мұқан, Әбдірахман (Шошай)
Әбдірахманнан- Рымқұл, Рымғали.
Рымқұлдан-Нұрбол, Ерлан, Нұрлан.
Рымғалидан-Ерболат, Айдос, Жандос.
Мұқаннан—Айдархан, Жанат, Бейсен.
Бейсеннен—Аскар, Асқат.
Айдарханнан—Амантай, Сейсен, Төлеғен.
Амантайдан—Алтай
Алтайдан—Алдияр.
Сейсеннен—Мақсат, Фархат.
Төлеғеннен---
ДӘУЛЕННЕН- Байқара, Көшкінбай.
Байқарадан-Исахан.
Исаханнан-Сүлеймен.
Сүлейменнен-Дауылбай.
Дауылбайдан-Бейсенбек, Мейрам, Кәкім,
Жанболат.

Бейсенбектен-Олжаш, Абылайхан, Ілияс.
Кәкімнен-Дәурен.
Көшкімбайдан-Момбай.
Момбайдан-Құлбек, Ахметбек, Ақылбек,
Кенжебек, Келдібек.
Құлбектен-Бек.
Ахметбектен-Нұрбек, Оразбек, Болат, Мұрат,
Сәбет.
Оразбектен-Жәнібек.
Жәнібектен—Дулат.
Нұрбектен—Мұрат.
Мұраттан-Қанат, Мейрам.
Ақылбектен—Сәбет.
Сәбеттен—Айтжамал (Анна)
Келдібектен-Орынбасар.
Орынбасардан-Тілек, Қабдысәмет, Азамат.
Тілектен-Алып.
ӘМІРДЕН- Темір, Тастемір, Байғазы.
Темірден-Ақанқожа.
Ақынқожадан-Мұқан, Дәми.
Дәмиден-Төлеутай.
Тастемірден- Айқожа, Сәтбай.
Айқожадан- Құрманбай, Жанат,
Малай, Туғанбай.
Құрманбайдан- Секербай, Нөгербек, Шынатай.
Жанаттан- Махмет.
Туғанбайдан-Садық, Бодық.
Шынатайдан- Құрал, Нұрғазы.
Құралдан-Ербол, Арғын.
Нұрғазыдан- Нұрбол, Беғзат, Нұрзат, Дәulet.
Махметтен-Елен.

Еленнен-Сағындық, Нұрлан.
Садықтан-Жақып.
Жақыптан-Әбдуақас.
Әбдуақастан-Айдос.
Айдостан-Әлибек.
Бодықтан-Дүйсенбек, Бейсенбек.
Дүйсенбектен-Әбду.
Әбдуден-Төленді, Тілеутай, Тілеужан.
Төлендіден-Данияр.
Даниярдан-Иманғали.
Тілеутайдан-Абай.
Тілеужаннан-Мадияр, Бақтияр.
Бейсенбектен-Тәутай, Әбдіуәли.
Тәутайдан-Ринат, Сәбит, Айдос.
Әбдіуәлиден-Рұстем, Расул.
Сатбайдан-Баймақан.
Баймақаннан-Нұрмаған, Алмаған.
Нұрмағаннан-Зәрубек.
Зәрубектен-Әсет, Талғат, Әлибек, Үәлибек.
Әсеттен-Абылай, Ержан.
Талғаттан-Бекзат.
Үәлибектен-Әлазиз.
Алмағаннан-Амантай, Сағдат.
Амантайдан-Әлхафіз.
Байғозыдан-Наушабай, Тушабай.
Наушабайдан-Жұніс.
Тушабайдан-Әбілдә, Әбдірахман.
Әбілдәдан-Камерлен, Тоқыш.
Кәмерленнен-Мәрлен.
Мәрленнен-Ербол, Берік.
Тоқыштан-Елеу, Серік, Рысбек.

Әбдірахманнан-Мұстапа.
Мұстападан-Төлеутай, Төлеубай.
Төлеутайдан-Сағат.
Сағаттан-Сағынған, Сағдат.
Төлеубайдан-Самат, Ринат, Азамат, Ришат.
ӘДІЛДЕН-Мейрамбай.
Мейрамбайдан-Нұрпейіс, Ахмет, Омар, Үбырай,
Әбікен.
Әбікеннен-Әбеу, Нығыман.
Әбеуден-Хамза.
Хамзадан-Асылбек, Айтбек, Қазбек, Қайырбек.
Ахметтен-Асқар, Фазыл, Жағыпар.
Асқардан-Аспандияр.
Аспандиярдан-Төлеғен, Аяған,
Фазылдан-Әбет.
Әбеттен-Төлеубек, Сансызбай.
Омардан-Тарыбай, Жұмағұл, Сапарбай,
Әbdіkеш.
Жұмағалидан-Сәдірбек, Темірбек.
Сәдірбектен-Ерлан.
Сапарғалиден-Саттар.
Саттардан-Серік.
Серіктен-Райымбек.
Әbdіkештен-Өмірбек, Өмірзак, Совет, Жұмабай.
Өмірбектен-Өміртай, Берік.
Өмірзактан-Әbdіkеш.
Жұмабайдан-Ержан.
Жанаттан-Самат, Ермек, Абзал.
Әбікеннен-Қабден, Қабдырахман.
Қабденнен-Әbdіraхман, Талғат.
Әbdіraхманнан-Дулат, Қазбек, Айбек.

Талғаттан-Данияр, Айдос.
ҚҰТЫҚТАН- Ес, Қойшыбай.
Қойшыбайдан- Малдыбек, Жолдыбек, Әділ, Әлі.
Әділден-Тұлкібай, Байрак.
Малдыбектен-Балдақ, Біләл, Құдайберген,
Жаңбыrbай.
Жаңбыrbайдан-Кенес.
Кенестен-Ерғанат.
Құдайбергеннен - Женіс, Куаныш.
Куаныштан – Арман.
Женістен – Қуандық, Берік.
Біләлдан-Сәбет, Аманбай.
Аманбайдан-Ғазиз, Нұркен.
Ғазизден- Нұрдуқан, Мәди.
Нұркеннен- Мадияр.
Мадиярдан--Елнар
Сәбеттен-Саят, Қайрат, Марат, Қазбек, Нұрлан,
Толқын.
Толқыннан-Жомарт, Мұқаммедәли, Диар.
Ерназар.
Мараттан-Әлия, Мәншүк, Мәдина.
Қазбектен—Асылбек
Асылбектен--Нұрасыл
Нұрланнан-Наурызбай, Мерей, Айдос.
Қайраттан-Абзal.
Саяттан-Абылай.
Балдақтан-Тілеш.
Тілештен-Бауыржан.
Бауыржаннан--Ансар
Әліден-Темірғали.

Темірғалыдан- Тәнірберген, Алдаберген,
Төлеубек, Бодаубек, Елеусіз, Кенжетай..
Төлеубектен-Арман, Қанат.
Тәнірбергеннен-Азамат.
Азаматтан--Нұртілек
Бодаубектен-Ерганат, Ерсайын,
Ерсайыннан--Ханзада
Елеусізден-Аслан.
САРЫМЫРЗАДАН-Байдалы.
Байдалыдан-Көтенбай.
Көтенбайдан-Қоспабай.
Қоспабайдан-Бауken, Шынарбек.

ТІЛЕУБЕРЛІ (БӨРГӨЗ) ҰРПАҚТАРЫ:
БЕКБАС бабаның екінші әйелінен-
ТІЛЕУБЕРЛІ, БАПАН, ТІЛЕУІМБЕТ,
СЫРЫМБЕТ.

ТІЛЕУБЕРЛІДЕН (БӨРГӨЗ)- Найманбай,
Жаналы, Тасыrbай, Дуалы, Құтан, Бабалы,
Байгон, Төлеген.
НАЙМАНБАЙДАН-Үрпен, Түркей, Тенізбай,
Нұрабай, Тезекбай, Көжекбай.
Үрпеннен- Өскенбай, Шалқарбай, Шахарбай,
Олжабай, Байкенже, Тоқсанбай, Жұзбай.
Шалқарбайдан –Тұсіп одан Сәрсенбай, Қаппас.
Сәрсенбайдан –Женіс, Саят, Елемес, Қалқаман,
Қанат.
Өскенбайдан- Бейсенбай, Өмірзак.
Бейсенбайдан-Иза, Есенбай, Бозан, Кенжебек,
Бекенбай, Әбіш.

Кенжебектен – Шаймұрат, Махмет, Мақсұт.
Шаймұраттан- Қажымұрат, Махмет, Серік.
Изадан –Дүйсеке, Қалиасқар, Қалиакпар, Әйтен.
Дүйсекекден-Сағындық, Қуан, Мұқан.
Қуаннан-Бекжан.
Сағындықтан –Ғалымжан, Жұзбек.
Мұқаннан- Асқар, Асқарбек, Асқатбек, Ахан,
Аслан, Асқат, Жасұлан, Арман.
Асқардан-Дулат.
Қалиакпардан-Төлеуқан.
Төлеуқаннан-Махмет.
Қалиасқардан-Мәйпіш .
Мәйпіштен-Серік (Бейсеков)
Әйтеннен-Сара (Изина)
Өмірзақтан-Жексенбек, Үйсінбай, Абрахман.
Абдырахманнан-Сұлтан, Ахан.
Олжабайдан-Дайыrbек.
Дайыrbектен-Сыздық, Әбкеш.
Жұзбайдан-Сұлеймен. 1932 жылы жоғалған.
Бозайдан –Жағыпар, Бөпешбай, Әбіш.
Жағыпардан-Серік, Серғазы, Төлеужан.
.Есенбайдан-Сұлеймен, Қабікеш.
Сұлейменнен-Ахметхан.
Ахметханнан-Ерғазы, Әбілғазы, Әнуар.
Қабікештен-Қасымхан, Әділхан.
Қасымханнан -Думан, Талғат, Бекзат.
Әділханнан-Ұлан, Нұрлан.
Теңізбайдан-Берлібай, Сарбас.
Сарбастан-Жұматай, Толықбай, Сыздықбай.
Тезекбайдан-Баймұрын, Байсалбай.
Байсалбайдан-Смақ.

Смақтан—Тұсіпбек.
Баймұрыннан-Әлі.
Әліден-Мұқан, Мақамбетше.
Мақанбетшеден-Өмірзак, Жанұзак, Темірбек.
Аманкелді.
Өмірзактан-Қуаныш, Мейрам, Дархан.
Қуаныштан--Нұрғасыр
Жанұзактан-Елдос.
Темірбектен-Мейірман.
Мұқаннан-Разак, Бағдат.
Разактан-Айдос, Жандос.
Түркейден-Есбай, Бесбай, Жылқыбай, Оразбай,
Байкерсе, Қыдырбек, Іргебай, Мұздыбай,
Әйғелбай, Токтыбай.
Жылқыбайдан-Ахмет, Оразбай.
Оразбайдан-Смағұл.
Қыдырбектен-Әлібай, Омар.
Байкерседен-Ыбырай, Дағырбек, Хасен.
Ыбырайдан-Кәріғұл, Төлеубек.
Кәріғұлдан-Ныған, Аман.
КӨЖЕКБАЙДАН -Оспан.
Оспаннан-Сәмтікбай, Кенжебай, Үңтиқбай,
Тиыштықбай.
Сәмтікбайдан-Тілеубек, Жұмабай, Жұмабек.
Тілеубектен-Аманжол одан Таңжарық.
Жұмабектен-Сейсен, Думан, Дулат.
Жұмабайдан-Ерсін (кикбоксер) Аскат,
Ерсіннен – Жеңіс, Асылхан
Аскаттан - Нұрдәulet
Үңтиқбайдан-Дүйсенқұл.
Тиыштықбайдан-Болат, Әбубекір, Серік.

Серіктен-Қанат, Ойрат.
Кенжебайдан-Рысбек.
Рысбектен-Әбірқай, Серік.

ТАСЫРБАЙДАН -Мырзабай.
Мырзабайдан-Байтұрсын, Байтұрым.
Байтұрсыннан-Жакан, Тілеуқабыл(Тілеш)
Тілештен-Тілектес.
Тілектестен-Хахназар.
Жақаннан-Аңсаған.
Аңсағаннан-Арман, Думан.
Байтұрымнан-Жобалай, Аманай.
Жобалайдан-Еркебұлан, Сұңғат.
БАБАЛЫІДАН—Жұман, Жұрымбай.
Жұманнан-Ізбасар, Әйткен, Қарымсақ, Қырбас,
Жанатай, Мананбай, Алдабай, Көбей.
Алдабайдан-Бекіш.
Бекіштен-Қуандық
Әйткеннен-Смағұл.
Жанатайдан-Тілеғен.
Тілеғеннен-Несіпбек, Әлекен.
Әлекеннен-Әлихан.
Әлиханнан-Азамат, Дулат, Дәулен.
Несіпбектен-Марат.
Мараттан-Санат, Саят, Ерлан.
Қырбастан-Омарәлі, Тәттібай, Мұқан, Сәттібай,
Шәріп, Қыдырбай.
Қыдырбайдан-Рымбек.
Рымбектен-Еркебұлан, Дастан.
Омарәліден-Карсон.
Карсоннан-Қыдырәлі.

